

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

**Қазақстан**  
**КОММУНИСТІ**

---

**6**

**И Ю Н Ъ**

**1960**

**А Л М А Т Ы**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХХХІХ ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 6

И Ю Н Ь

1960

## М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Социализмнің мақсаты — халық бақыты	3
Ә. КӘКІМЖАНОВ — Совет адамының игілігі үшін	10
С. БАҚБЕРГЕНОВ — Өмір өркені (Коммунистік еңбек бригадасында)	17
М. ҚАРАТАЕВ — Әдебиет пен көркемөнердің эстетикалық тәрбиедегі ролі	22

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ИЮЛЬ ПЛЕНУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

С. БАЯНОВ — Техника кең қолданылып, өнімді пайдаланылсын	20
И. ИВАНОВ — Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өркендеуі	34
Ш. ЕСМҰРЗАЕВ — Ертіс нұры	39
Ә. ЖАҚЫШЕВ, Х. ҚОЖАҚМЕТОВ — Түсті металл ысырабына жол берілмесін	44

## КОММУНИЗМ ТУРАЛЫ Әңгіме

Б. ОРДАБАЕВ — Коммунизмнің жеңетіні тарихи даусыз ақиқат	48
--	----

## ҒЫЛМИ-АТЕИЗМ ТАҚЫРЫБЫНА

М. МҮЛЮКОВ — Құран туралы	54
---------------------------	----

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Т. ҚАҒАЗОВ — X съезд шешімдерін жүзеге асыру күресінде	62
Е. АЙДАРҒАЛИЕВ — Міндеттемені абыроймен орындаймыз	66
Т. ИШМАҚОВ — Ауыл мәдениетін көркейту жолында	70

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Н. САҒЫНДЫҚОВ — Батыс герман жалақорларының Қазақстан, Орта Азия республикалары туралы өсегі	75
Партия тұрмысының хабарлары	80



## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Социализм, мир, благосостояние . . . . .	3
А. КАКИМЖАНОВ — Рост благосостояния трудящихся — экономический закон социализма . . . . .	10
С. БАКБЕРГЕНОВ — Трудиться и жить по-коммунистически . . . . .	17
М. КАРАТАЕВ — Роль литературы и искусства в эстетическом воспитании . . . . .	22

### НАВСТРЕЧУ ПЛЕНУМУ ЦК КПСС

С. БАЯНОВ — За широкое применение техники . . . . .	30
И. ИВАНОВ — Семилетка легкой и пищевой промышленности Казахстана . . . . .	34
Ш. ЕСМУРЗАЕВ — Покорители Иртыша . . . . .	39
А. ЖАКИШЕВ, Х. КОЖАХМЕТОВ — Не допускать потерь цветных металлов . . . . .	44

### БЕСЕДЫ О КОММУНИЗМЕ

Б. ОРДАБАЕВ — Победа коммунизма исторически неизбежна . . . . .	48
---	----

### НА НАУЧНО-АТЕИСТИЧЕСКУЮ ТЕМУ


М. МУЛЮКОВ — Коран и его научная критика . . . . .	54
--	----

### ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Т. КАГАЗОВ — Решения X съезда КП Казахстана в действии . . . . .	62
Е. АЙДАРГАЛИЕВ — Выполнение обязательства — боевая задача . . . . .	66
Т. ИШМАКОВ — В борьбе за благоустройство колхозного аула . . . . .	70

### КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Н. САГЫНДЫКОВ — Казахстан и республики Средней Азии в мышлениях западногерманских геополитиков . . . . .	75
Хроника партийной жизни . . . . .	80



# Социализмнің мақсаты—халық бақыты

Уақыт озған сайын социализмнің артықшылығы, өмірлік күші айқын көріне түсуде. Социализм экономиканың, ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне, әрбір адамның таланты жанжақты көрініп, бақыты ашылуына, өнерлі еңбегінің жануына даңғыл жол ашты. Социализм халық үшін материалдық және рухани игіліктерді барған сайын молайтып келеді.

Дүние жүзі еңбекшілерінің кемеңгер көсемі, тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін қалаушы ұлы Ленин: социалистік өндірістің мақсаты қоғамның барлық мүшелерінің тұрмысын жақсартып, олардың еркін, бақытты өмір сүруін, жанжақты өсіп, өркендеуін қамтамасыз ету деп көрсеткен еді. Социалистік қоғамның негізіне алынған осы терең адамгершілік принцип — халыққа деген қамқорлық біздің елде берік ұсталып келеді.

Жақында СССР Жоғарғы Советінің V сессиясы жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын салықты жою, биыл жұмысшылар мен қызметшілерді 6—7 сағаттық жұмыс күніне түгелдей көшіру, баға мөлшерін өзгерту және совет халқының әл-ауқат дәрежесін арттыруға бағытталған басқа да шаралар туралы заң қабылдады. Мұндай шаралар тек социалистік қоғамда ғана жүзеге асады. Бірде-бір капиталистік мемлекет халықтан алынатын салықты жоймақ түгіл азайтқан да емес, қайта оны жыл сайын көбейтіп келеді.

Капиталистік өндірістің негізгі мақсаты халықтың тұрмысына қамқорлық жасау емес, бір топ капиталистердің, монополистердің қалтасын қалыңдату, байлығын молайту.

Социалистік қоғамда жағдай мүлде басқаша. Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің жойылуы адамды адам қанау сияқты әлеуметтік теңсіздікті құртты. Қоғамдық өндіріс өскен сайын бізде адамдардың арасында еңбекте болсын, тұрмыста болсын жолдастық, коллективтік қарым-қатынас нығая түсіп, елдегі барлық игіліктер қоғам мүшелерінің мүддесі үшін неғұрлым тиімді пайдаланылатын болып отыр.

Еліміздегі социалистік өндірістің шапшаң қарқынмен өркендеуі халықтың әл-ауқат дәрежесін көтере берудің, еңбекшілердің шат-шадыман, бақытты бейбіт өмірінің негізгі тірегі. Сондықтан да Коммунистік партия мен Совет үкіметі өзінің түпкі мақсаты — еңбекшілердің бақытты тұрмыста болуын көздей отырып, халық шаруашылығын мейлінше күшті қарқынмен өркендете беруге ерекше көңіл бөледі. Осының нәтижесінде елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы жетіжылдық жоспар ойдағыдай жүзеге асып келеді.

Биыл — жетіжылдықтың екінші жылы да, өткен жыл сияқты, коммунизм құрып жатқан біздің ел үшін ерекше табысты болғалы отыр. Халық шаруашылығын өркендетудің жоспары айдан айға артығымен орындалып келеді. Өнеркәсіп өнімдерін шығару жөніндегі тапсырма бірінші тоқсанда 104 процент орындалды. Бүкіл еліміздегі сияқты біздің республикада да кәзір жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес қыза түсуде. Кәзіргі мәліметтерге қарағанда жарты жылдық жоспар республикамызда 5—6 күн бұрын, ал жеке ха-

лық шаруашылығы советтері бойынша 10—15 күн бұрын орындалады деп сеніммен айтуға болады.

Өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі жағынан кәзіргі Қазақстан көптеген бай капиталистік елдерді басып озды. Мысалы, Қазақстан болаты Түркиядан үш есе, электр қуатын төрт еседен астам көп шығарады. Республикамыз өнеркәсіп өнімдерінің кейбір түрлерін өндіру жөнінде Жапония, Италия сияқты елдерді артқа тастап кетті.

Кәзір Қазақстан еңбекшілері де КПСС Орталық Комитетінің 13-июльде болатын Пленумын лайықты табыстармен қарсы алу жолында қажырлы еңбек етуде. Бұл пленум партиямыздың ХХІ съезінің өнеркәсіп пен транспортты өркендету, ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін өндіріске енгізу туралы шешімдерінің орындалуы жағында мәселе талқылайды. Партияның Лениндік Орталық Комитеті әрдайым Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетудің барлық маңызды мәселесін осылайша күн ілгері жалпы халықтың талқысына ұсынады. Мұның өзі барлық коммунистің, барлық совет адамының өз ұсыныстарын енгізуіне, жұмыстағы кемшіліктерді ашып, оны түзету туралы пікірлерін айтуына мүмкіндік береді. Пленум қабылдаған шешімдер сөз жоқ өндірістің, ғылым мен техниканың өсу қарқынын мұнан да шапшаңдата түседі.

Совет халқының коммунизм орнату жолындағы табыстары әрбір күн сайын көбеюде. Спутник, космос ракетасы, планетааралық станция деген сияқты сөздер мен ұғымдар жақында ғана туса да күнделікті тұрмысқа мыңдап сінді. Бұл сөздердің әрқайсысы советтік экономиканың, ғылым мен техниканың әрбір асқар бел асуларының айғағы сияқты. Соңғы күндері совет ғалымдары мен техниктері, конструкторлары мен жұмысшылары бүкіл адамзаттың бақыты мен игілігіне қызмет ететін жаңа бір табысқа жетті. Салмағы 4,5 тоннадан асатын корабль-спутникті ұшырды. Корабль-спутник арқылы алынған ғылыми мәліметтер келешекте космоста басқарылатын корабль арқылы адамның ұшуын қамтамасыз етеді. Сөйтіп адамның космосты толық меңгеріп, планетааралық қатынастар жасауына алғашқы адым жасалды.

Біздің елде ғылым мен техниканың жетістіктері бүтіндей бейбіт мақсатқа, халықтың игілігіне қызмет етеді. Ал американ империалистері ғылым жетістіктерін соғыс мақсатына, халықаралық қатынастарды шиеленістіру мақсатына, басқа елдердің жерін барлау, шпиондық мәліметтер жинау сияқты қаракшылық әрекеттерге пайдаланып отыр. Жақында біздің елге шпиондық мақсатпен ұшырылған американ соғыс самолеті атып түсірілді. Дүние жүзінің ізгі ниетті адамдары советтік корабль-спутниктің ұшырылуын социалистік дүниенің ізгі адамгершілік, бейбіт мақсаты деп бағаласа, американ билеуші топтарының бізге шпион самолетін ұшыруын империалистік топтардың адамзатқа жасаған қастандығы, соғыс өртін тұтандыруға тырысқан әрекеті деп бағалап, агрессорларды қатты ашу-ызамен айыптауда.

Соңғы жылдары Совет Одағының, бүкіл социалистік лагерь елдерінің баянды бейбітшілік орнату жолында белсене күрес жүргізуі нәтижесінде дүниеде едәуір жылы леп пайда болды. Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущев жолдастың Америка Құрама Штаттарына, Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне және Францияға барып қайтқан тарихи сапарының нәтижесінде халықаралық шиеленіс едәуір бәсеңси бастаған еді. Міне осы жағдайда дүние жүзінің халықтары 16-майда Парижде өтуге тиісті 4 ел үкімет басшыларының кеңесінен үлкен нәтиже күткен болатын. Бірақ АҚШ-тың билеуші топтары арандату, халықаралық праволар мен адамгершілік нормаларды бұзу әрекеттері арқылы үкімет басшылары кеңесінің өтуіне кедергі жасады, олар Совет Одағына күш көрсету, қысым жасау мақсатын көздеді. Мұндай жағдайда Париж кеңесінің ешқандай нәтиже бермейтінін біле оты-

рып, оған қатынасу тек халықтарды алдау болатын еді. Сондықтан Совет үкіметі бұл кеңеске қатынаспады. Совет Одағының айқын, табанды сыртқы саясатын агрессорларды әшкерелеуін дүние жүзінің халықтары дұрыс түсініп, қызу мақұлдап отыр.

Совет үкіметі бейбітшілік жолындағы күресін қажырлылықпен өрістеті береді. Н. С. Хрущев жолдас Берлинде болған митингіде сөйлеген сөзінде былай деді: «Біз социалистік және капиталистік мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруін көздейтін лениндік бағыттан келешекте де айнымай, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, қарусыздануға, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге күш саламыз».

Американың империалист топтарының жоғарғы дәрежелі кеңесті сәтсіздікке ұшыратқанына қарамастан, бейбітшіл күштердің келіссөздер жүргізу жолымен халықаралық даулы мәселелерді реттеу жолындағы күресі барған сайын кең өрістей түсуде. Бейбітшілік ісінің жеңіске жететінінде күмән жоқ. Совет үкіметі осыған сүйеніп енді 6—8 айдан кейін жоғарғы дәрежеде кеңес өткізуге, сөйтіп халықаралық жағдайдағы даулы мәселелерді баянды бейбітшілікті нығайту талабына сай шешуге қолайлы жағдай туатынына берік сеніп отыр.

СССР Жоғарғы Советі бүкіл совет халқының атынан Совет үкіметінің ішкі саясат саласындағы да, сондай-ақ сыртқы саясат саласындағы да жұмысын мақұлдап, қаулы алды. Мұның өзі партияның, үкіметтің және халықтың мызғымас берік бірлігін көрсетеді. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бейбітшілік саясатын жүргізе отырып, социалистік экономиканы өркендете, халықтың әл-ауқат дәрежесін көтере, Совет Одағының қорғаныс қуатын нығайта беруден ардақты міндеті, қасиетті борышы жоқ.

Совет халқының әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін арттыру жөніндегі партияның XX және XXI съездерінің шешімдерінде белгіленген шаралар қалтқысыз жүзеге асырылуда. Халықтың тұрмысын жақсарту берудің негізгі қоры ұлттық табыстың өсуі болып табылады. Елімізде ұлттық табыс кәзір 1913 жылғыдан 25 еседей артты. Ол өткен жылдың өзінде ғана 100 миллиард сомға көбейді. Елімізде халық дәулетінің — ұлттық табыстың қандай шапшаң қарқынмен өсіп келе жатқанын біздің республиканың мысалынан да айқын көруге болады. Қазақстанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының шапшаң қарқынмен өркендеуі, сондай-ақ еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде соңғы төрт жылдың ішінде ұлттық табыс 40 процент өсті, мемлекеттік бюджеттің кірісі 2,3 есе артып, 25 миллиард сомға жетті.

Бізде ұлттық табыс — бүкіл халықтың дәулеті. Мұның өзі социалистік қоғамның капиталистік қоғамнан аса үздік артықшылықтарының бірі. Капиталистік елдерде ұлттық табыстың тең жартысынан көбін бір топ шонжарлар пайдаланады. Ал біздің елде ұлттық табыстың төрттен үш бөлігі халықтың материалдық және мәдени қажеттеріне, қалған бөлігі қоғамдық өндірісті ұлғайтуға жұмсалады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі ұлттық табыстың молаюына сүйене отырып, еңбекшілердің тұрмысын жақсарту берудің бір жолы ретінде халықтан алынатын салықты мұнан бұрын да үнемі азайтып келген болатын. Соңғы жылдары бірсыпыра жұмысшылар мен қызметшілерден табыс салығы алынбайтын болды, еңбекшілердің едәуір бөлегі бойдақтардан, жалғыз басты және жаны аз азаматтардан алынатын салықтан босатылды. Осы шаралардың нәтижесінде халықтан алынатын салықтар бір жылға есептегенде 13 миллиард сом кеміді.

1953 жылдан бастап СССР Жоғарғы Советінің арнаулы Указы бойынша колхозшылардан алынатын ауылшаруашылық салығының мөлшері 2,5 есе азайтылды. Кәзір мұндай салықтың мөлшері бүкіл Совет Одағы бойынша 4 миллиард сом ғана. Үкімет пен партия соңғы

жылдары ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырып, колхозшылардың әл-ауқатын арттыруды көздеген күрделі шараларды жүзеге асырды. Бұл шаралар бүкіл жұртшылыққа мәлім. Осының нәтижесінде колхоздардың ақшалай табысы 1953 жылғыдан 3,5 есе, колхозшылардың еңбеккүніне берілетін ақша үш еседен аса өсті. Колхозшылардың колхоздан алатын табысынан салық мүлдем алынбайды.

Биылғы жылдан бастап жұмысшылар мен қызметшілерден салық алу бірте-бірте тоқтатыла бастайды да, ол 1965 жылы — жетіжылдықтың соңғы жылы аяқталады. Үкімет пен партия бұл істе ең алдымен жалақысы біршама аз жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын салықты жойып, олардың жалақысын көтеруді, ал одан кейін барлық жұмысшылар мен қызметшілерден салық алуды тоқтатуды көздеп отыр. Мұның өзі КПСС XXI съезінің жалақының аз мөлшерін көбейту жөніндегі шешімдеріне сай келеді.

Салық төлеуден құтылу еңбекшілердің ежелгі арманы болатын. Олардың осы арманы тарихта тұңғыш рет біздің елде ғана орындалып отыр. Салықтарды толық жоюдың нәтижесінде еліміздің жұмысшылары мен қызметшілерінің табысы бір жылда 74 миллиард сом артады. Биылғы жылдың төртінші тоқсанының өзінде біздің республикада ғана жұмысшылар мен қызметшілерден алынып келген салық 76 миллион сом азаяды.

Капитализм жағдайында еңбекшілер салық төлеуден мәңгі құтыла алмайды. Өйткені капиталистік мемлекеттің бюджеті еңбекші халықтан алынған салықтар негізінде құралған. Мәселен, 1958—1959 бюджет жылында мемлекеттік табыстардың жалпы сомасында салықтан түсетін қаржының мөлшері (корпорациялардан алынатын табыс салығын қоспағанда) Америка Құрама Штаттарында 70 процент, Англияда 75 процент, Францияда 73 процент, Италияда 88 процент, Герман Федеративтік Республикасында 77 процент болды. Ал Совет Одағының 1960 жылғы бюджетінде халықтан алынатын салықтың мөлшері 7,8 процент қана болып белгіленген еді. Енді ол біржола жойылады.

Совет үкіметінің жаңа жылдан бастап баға мөлшерін өзгерту және кәзіргі ақшаны жаңа ақшамен ауыстыру туралы шешімдерінің де зор маңызы бар. Бұл совет ақшасын күшейту, шаруашылық есепті нығайту, үнемшілдікті, ұқыптылықты күшейту мақсатын көздейді.

Совет адамдарының тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған аса маңызды шаралардың бірі—жұмыс күнін қысқарту. Кәзірдің өзінде елімізде 16 миллион адам қысқартылған жұмыс күніне көшірілсе, биыл 6—7 сағаттық жұмыс күніне көшу толық аяқталады. Партиямыздың XXI съезінің шешімдеріне сәйкес 1962 жылдан бастап жұмысшылар мен қызметшілерді 40 сағаттық жұмыс аптасына, 1964 жылдан бастап бірте-бірте 5—6 сағаттық жұмыс күніне көшу мақсаты көзделіп отыр. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің түпкі мақсаты—жұмыс күнін қысқарта беру арқылы еңбекшілердің мәдениетті дем алуына, оқуына, рухани өсуіне неғұрлым толық жағдай жасау.

Біз қысқартылған жұмыс күніне еңбекшілердің рухани қажетіне керекті уақытты көбейтумен бірге, олардың жалақысын өсіру арқылы көшеміз. Мысалы, қысқартылған жұмыс күніне көшіріліп, жалақы реттелгеннен кейін елімізде металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін әрбір жұмысшының жалақысы жылына 1 500 сом, химия өнеркәсібі саласындағы жұмысшылардың жалақысы 1 200 сом, тамақ өнеркәсібі саласындағы жұмысшылардың жалақысы 1 500 сом көбейді.

Мұның өзі өндіріс техникасының жетілдіріліп, жақсартылуының осының арқасында еңбек өнімділігі артуының нәтижесі. Өндірістің қарқыны күшейіп, еңбек өнімділігі артқан сайын жалақының өсе беруі — социалистік өндірістің негізгі заңы. Мысалы, өткен жылы республикамызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13 процент өсіп, еңбек өнім-

ділігі 6,2 процент артты, сонымен қатар әрбір жұмысшының жалақысы орта есеппен 7,2 процент көбейді. Ал Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советінің кәсіпорнында еңбек өнімділігі 11 процент, жұмысшылардың жалақысы 9 процент өсті.

Социализм жағдайында адамға деген игілік тек жалақы ғана емес. Бізде совет халқының дәулетті, мәдениетті, бақытты өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Айталық, соңғы жылдары еңбекшілерді пенсиямен қамтамасыз ету мықтап жақсартылды. Мысалы, тек өткен жылы Қазақстанда ғана еңбекшілерге төленген пенсиялар 2 миллиард сомға жетті. Былтыр, биылғы жылдың басында халық тұтынатын бірсыпыра товарлардың бөлшек сауда бағасы кемітілді. Еңбекшілер бағаны осы арзандатудың өзінен ғана 11 миллиард сом табыс алды. Сол сияқты елімізде қоғамдық тамақтандыру орындары барған сайын кеңейіп, олардың жұмысы жақсарып келеді, мектеп интернаттар ашылып жатыр, оқушылар күні бойы болатын мектептер ұйымдастырылды.

Халыққа қамқорлық жасаудың ең бір маңызды түрі — тұрғын үй. Елімізде жыл сайын мемлекет есебінен миллиондаған шаршы метр тұрғын үй салынып, еңбекшілердің пайдалануына берілуде. Соңғы төрт жылдың ішінде ғана біздің республикада мемлекет есебінен 10 767 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Ал биылғы жоспар бойынша 3 миллион шаршы метрдей тұрғын үй салынуға тиіс.

Біздің елде пәтерге ақы аз төленеді. Еңбекшілер пәтер ақы үшін жалпы табысының орта есеппен 4 проценттейін ғана төлейді, ал барлық капиталистік елдерде дерлік еңбекшілер пәтер ақыға жалпы табысының үштен бір бөлігінен астамын төлейді.

Жұмысшылар мен қызметшілерді жаппай және тегін әлеуметтік қамсыздандыру, мемлекет есебінен демалыс беру, тегін оқыту, тегін емдеу, барлық еңбекшілерді жұмыспен толық қамтамасыз ету сияқты мейлінше игілікті шаралар да халықтың тұрмыс дәрежесін үнемі өсіріп отыр. Капиталистік елдерде басқаны былай қойғанда еңбекшілер күн көрудің ең бірінші шарты — жұмыспен де толық қамтамасыз етілмейді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында үкіметтің барынша кемітіп көрсеткен ресми мәліметтері бойынша 4 миллионнан астам адам жұмыссыз жүр.

Біздің елде еңбекшілердің қоғамдық қордан алатын үлесі жылдан жылға артып келеді. Өткен жылы ғана халықтың мәдени-тұрмыс қажеттерін өтеуге, пенсия жәрдемін беруге мемлекеттік бюджет пен кәсіпорындардың қаржысы есебінен 230 миллиард сом жұмсалды. Бұл 1940 жылғыдан 5,5 есе дерлік артық. Біз коммунизмнің төріне қарай өрлеген сайын тұтыну игіліктерінің қоғамдық қорлары өсе береді де еңбекшілердің материалдық және рухани талаптары барынша толық қанағаттандырылатын болады.

Социализм жағдайында жақсы тұрмыс үшін күресудің ең тура жолы қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру екенін еңбекшілер бұқарасы жақсы біледі. Міне сондықтан да совет адамдары еңбекке, өз міндетіне асқан саналылықпен қарайды. Жүздеген адам Валентина Гаганованың бастамасына үн қосты. Коммунистік еңбек екіпінділері мен бригадаларының тамаша қозғалысы кең өріс алып келеді. Партияның тарихи ХХІ съезінің қарсаңында халықтың творчестволық белсенділігі тудырған бұл қозғалысқа кәзір елімізде 5 миллионнан астам адам қатынасып отыр. Біздің республикада кәзір коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін өнеркәсіпте, транспортта және ауыл шаруашылығында 160 мың адам жарысқа түсті. Кәзірдің өзінде 1 222 коллективке мұндай жоғары, құрметті атақ берілді де. Республикамызда коммунистік еңбек жарысына бүкіл коллектив болып қосылған кәсіпорындар, совхоздар бар.



Биыл Советтік Қазақстан өзінің қырық жылдық мерекесін тойлайды. Республиканың еңбекшілері бұл тойды лайықты табыстармен қарсы алу үшін күресе отырып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Биыл Қазақстан еңбекшілері 30 миллиард сомның өнеркәсіп өнімдерін шығару үшін, кемінде бір жарым миллиард пұт астық жинап, Отан қоймасына 800 миллион пұт астық құю үшін, мемлекетке 700 мың тонна ет, 86 мың тонна жүн, 210 мың тонна мақта сату үшін күресуде. Қазақстанның еңбекшілері кәзір өздерінің бұл алған міндеттемелерін орындау жолындағы күресте алғашқы мәреден өтті: көктемгі егіс агротехникалық ережелерге сай ойдағыдай өткізілді, сондай-ақ мал төлдетуді де колхоздар мен совхоздар едәуір жақсы нәтижемен аяқтады.

Республика еңбекшілерінің Отанға берген сертінің табысты орындалатынының тағы бір кепілі — болашаққа жол салып отырған коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділерінің тамаша үлгісі деп айтуға болады.

Коммунистік еңбек жарысына қосылып, жетіжылдық жоспарды, биылғы жылдың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте тамаша үлгі көрсетіп келе жатқан Н. Ахметжановтың, Ж. Бейсовтың, Л. Петровтың, М. Бондалетовтың, З. Тамшыбаеваның, И. Рудскойдың, К. Бекбергеновтың, Р. Трулианың, Д. Лұқмановтың, И. Раздеваловтың, И. Мұратәлиевтің, коммунистік еңбек жарысының тағы басқа озаттарының есімін республикамыздың еңбекшілері зор мақтанышпен атауда.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті коммунистік еңбек озаттарының бүкілодақтық кеңесіне қатысушыларға жолдаған хатында былай деп жазды: «Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділері атағын алу жолындағы жарыстың басты ерекшелігі: мұнда ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері негізінде аса жоғары еңбек өнімділігіне жету жолындағы күрес пен жаңа адамды — әрдайым алға ұмтылып, ізденіп, алдағыға ой салып, жаңалық тауып отыратын өз елінің қожасын тәрбиелеу ісінің тұтаса ұштасып отырғаны болып табылады. Бұл жарыс еңбекті, оқу мен тұрмысты байланыстыра отырып, адамның өмірі мен қызметінің барлық жағына белсенді ықпал жасап отырады, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтың жойылуының маңызды факторы болып табылады». Коммунистік еңбек жарысы бізді ұлы Ленин болжаған ең жоғары өнімді коммунистік еңбек жеңісіне жеткізеді.

Совет халқының мұнан да жақсы, мұнан да дәулетті және қуанышты өмір сүруіне керекті жағдайдың бәрі де бар. Ендігі міндет халықтың тұрмысын жақсарту берудің қолда бар мүмкіндіктері мен резервтерін шебер пайдалана білуде болып отыр. Бұл үшін партия, совет, кәсіподақ ұйымдары ең алдымен еңбекшілердің талап-тілектерін барынша мұқият зерттеп біліп отыруға тиіс. Міне, сонда ғана олар халықпен байланысын күшейте отырып, олардың талап-тілектерін қанағаттандыра алады.

Адамға қамқорлық жасау жолында іскерлік көрсетуге қандай бай мүмкіндіктер бар десеңізші! Мысалы, тұрғын үйді, фабриканы салуды жобалағанда, халық тұтынатын товарларды шығаруда, тіпті мәдени-көпшілік орындарының, магазиндердің жұмыс істеу тәртібін белгілегенде де адамға қолайлы болуын, еңбекшілердің мұқтажын неғұрлым жақсы қанағаттандыруды ойластыру керек.

Еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмысына қамқорлық жасау — бүкіл партия, совет, шаруашылық ұйымдарының ортақ ісі. Осылай бола тұрса да республикамызда кейбір кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары өндірістік жоспарды орындау ісін ұйымдастырудан қолымыз тимейді, бар күшті соған жұмсаудамыз дегенді сылтауратып, жұмысшылар мен қызметшілердің мұң-мұқтажына көңіл

бөлмейді. Мұндай әрекетті саяси соқырлық, партияның саясатын жете түсінбеушілік, партиялық, мемлекеттік тәртіпті бұзушылық деп санау керек. Партия ұйымдары ондай басшыларға әрбір жұмысшыға, оның тұрмысына, өнімді еңбек етуіне қаншалықты жаныашыр қамқорлық жасалса, өндірістік жоспар солғұрлым табысты орындалатынын ескертіп отыруға тиіс.

Республикамызда кейбір кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдары тұрғын үй салудың жоспарын орындамайды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советі (председателі Зорин жолдас) тұрғын үй құрылысының жоспарын жыл сайын орындай алмай келеді. Осы Халық шаруашылығы советі бойынша ғана соңғы екі жылда тұрғын үй салуға бөлінген 32,6 миллион сом мемлекет қаржысы игерілмей қалды. Мұнан басқа да бірсыпыра кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарында тұрғын үй құрылысының қарқыны төмен. Осылардың салдарынан өткен жылы ғана республикамыздың еңбекшілеріне үш мың пәтер жоспарда белгіленгеннен кем берілді.

Сол сияқты республикамыздың Ауыл шаруашылығы министрлігі де (министрі Рогинец жолдас) ауылдық жерлерде тұрғын үй, мәдени тұрмыс орындарын, балалар бақшасы мен балалар яслилерін салудың жоспарын орындамай келеді. Міне мұның бәрі республикамызда еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсартуға қамқорлық жасау ісінде елеулі кемшіліктер бар екенін көрсетеді.

Еңбекшілерге қамқорлық жасауда, оларға қызмет көрсетуде мәдени-ағарту, сауда, қоғамдық тамақтандыру орындарына, кәсіподақ ұйымдарына құрметті міндеттер жүктеліп отыр. Олар жұмысшылар мен қызметшілердің мәдени және тұрмыс қажеттерін өтеу жолындағы өздерінің жұмыстарын мейлінше жақсартуға түсуге тиіс. Кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек қорғау праволарының, коллективтік договорлардың мүлтіксіз орындалуын, олардың жұмыс жағдайының жақсара беруін қамтамасыз етуге міндетті.

Жақында болып өткен Қазақстан кәсіпшілер одағының VI съезі республика кәсіподақ ұйымдарының еңбекшілерді жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресіне жұмылдыру жұмыстарымен бірге жұмысшылар мен қызметшілердің тұрмысына қамқорлық жасау жөніндегі қызметіне де қорытынды жасап, бұл жұмыстағы кемшіліктерді ашты, ол кемшіліктерді түзетудің жолдарын және алда тұрған міндеттерді белгілеп берді.

Съезд кәсіподақ ұйымдарының назарын Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халықтың тұрмыс және мәдениет дәрежесін көтере беру жөнінде белгілеген шараларын — салықты жою, жұмыс күнін қысқарту, халық тұтынатын товарлардың өндірісін ұлғайту, сауда, қоғамдық тамақтандыру орындарын көбейтіп, олардың жұмысын жақсарту шараларын мүлтіксіз жүзеге асыру жолында аянбай қызмет істеуге аударды.

Еңбекшілердің тұрмысына қамқорлық жасау — зор саяси маңызы бар іс. Сондықтан совет адамдарының әл-ауқат, мәдениет дәрежесін арттыра беруге, олардың бақытты да қуанышты өмір сүруіне байланысты шаралардың мүлтіксіз орындалуын ең алдымен республикамыздың партия ұйымдары бақылап, ұйымдастырып отыруға міндетті.

Партия ұйымдары еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмысына қамқорлықты күшейту ісіне бүкіл қоғам және шаруашылық ұйымдарын, жұртшылықтың өзін де жұмылдыруға тиіс. Республикамыздың партия ұйымдары өздерінің бүкіл ұйымдастыру және басшылық жұмыстарын жақсарту отырып бұқараның еңбекке деген жігерін тасыта түседі, сөйтіп саяси және шаруашылық міндеттердің абыроймен орындалуын қамтамасыз етеді.

# Совет адамының игілігі үшін

Ә. ҚӘКІМЖАНОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі атап көрсеткендей социалистік өндірістің дамуы және еңбек өнімділігінің артуы негізінде халықтың әл-ауқатының үздіксіз өсе беруі советтік қоғамның заңы. Осыған сүйеніп партия мен үкімет үстіміздегі жетіжылдықта коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, совет халқының әл-ауқат дәрежесін барған сайын арттыра беру міндеттерін алға қойды.

Социалистік қоғам дамуының кәзіргі сатысында, данышпан коммунистік партия бастаған совет халқының күш-жігері арқасында қуатты өнеркәсіп және ірі ауылшаруашылық өндірісі құрылып отырғанда, таяудағы уақытта еліміздің барлық адамының бұрынғыдан да жақсы тұруына, олардың өскелең материалдық, рухани қажеттерін анағұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіншіліктің бәрі бар.

Марксизм-ленинизм халықтың тұрмыс жағдайы елдегі үстем болып отырған қоғамдық құрылысқа, өндірістің, еңбек өнімділігінің дәрежесіне байланысты деп үйретеді. Ескі ертегі-аңыздардың бірсыпырасы «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман болыпты» деп басталады. Бірақ бұл, бір жағынан, тек ертегі ғана болса, екінші жағынан, халықтың жақсы заманды арман еткенін көрсетеді. Шындығында адам баласы өсімдіктер, түрлі жемістер теріп күн көре бастағаннан бері өткен сан мың жылдарда, одан кейінгі құл иеленушілік, феодалдық және капиталистік қоғамдар тұсында қаналушылар көпшілігі кісе киімге, ішсе тамаққа жарымады. Капитализмнің кәзіргі сатысы тұсындағы жағдай да осылай болып отыр.

Өндіргіш күштер социализмге дейін капитализм тұсында мықтап дамыды. Бірақ капиталистік құрылыс адамдарды мұқтаждықтан, зәрушіліктен шығара алмады. Капиталистер байыған сайын қалың бұқараның қайыршылыққа, жүдеп жадаушылыққа ұшырауы артқан үстіне артуда. Осы күнгі капиталистік елдердегі еңбекшілер бұқарасының едәуір бөлігі өлмесінің күнін көріп жүр. Осы елдердің ең дәулеттісі Америка Құрама Штаттарының өзінде де сан миллиондаған адам зәрушіліктің тақсыретін тартып отыр. Американың мемлекет қайраткері сенатор Кеннедидің есебіне қарағанда, бұл елде күн сайын 17 миллион адам жүрек жалғауға ештеңе табалмай аш күйінде ұйықтауға жатады, 15 миллион американ семьясының жөні түзу баспанасы жоқ, 7 миллион семьяның әрқайсысының жылдық табысы 2 мың долларға да жетпейді (мұның өзі өмір сүру үшін ең керек деген қаржының жартысы да емес). Бұл елде ресми мәлімет бойынша толық жұмыссыздар саны кәзіргі уақытта 4 миллионнан асады.

Капитализмнің басқа елдерінде жағдай бұдан да мүшкіл. Оны дәлелдеу үшін ұлттық табыстың жан басына шаққанда келетін мөлшерін Америка Құрама Штаттарының дәрежесімен салыстырғанда одан Батыс Европа елдерінің мөлшері 3,3 есе, Латын Америкасы елдерінің мөлшері 9 есе, Африка елдерінің мөлшері 17 есе, Оңтүстік-Шығыс Азияның капиталистік елдерінің дәрежесі 27 есе кем екенін еске түсірсек те жеткілікті.

Капитализм еңбекшілердің адам сияқты күн көрісін де қамтамасыз ете алмай отыр. Мұның себебі елдің ен байлығын, ұлттық табысты капиталистер иемденіп отырғандықта ғана емес. Әрине, бұл басты себептердің бірі. Америка Құрама Штаттарының 1 проценттей меншік иелері елдің барлық байлығының жартысынан астамына ие болып отыр. Ал халықтың 87 проценті ел байлығының 8 процентін ғана иемденеді. Басқа елдерде де жағдай осындай. Мысалы, Англияның 2 процентке жетпейтін меншік иелері ел байлығының 64 процентіне ие болып отырғанда, халықтың 76 проценті ел байлығының 7,6 процентіне ғана ие. Капиталистердің көздейтіні неғұрлым көп пайда түсіру. Олар өздерінде өтпей жатқан товарларды, азық-түлікті қасақана өртеп жіберуге, шірітіп бүлдіруге дейін барады, бірақ оларды аш-жалаңаштарға арзан немесе төзімді бағамен сатуға бармайды.

Капиталистік қоғамда қалың бұқараның мұқтаждыққа ұшырап жүдеуі капитализмге тән экономикалық заңның — байлықтың молаюымен бірге еңбекші бұқараның қайыршылығы арта беру заңы әрекетінің нәтижесі. Бұл заң бойынша өндіріс құрал-жабдықтары, барлық байлық — ат төбеліндей ғана ірі капиталистердің қолына шоғырлана түседі де, ал өзінің қол күшін, жұмыс күшін сатып, күн көрушілердің саны еселеп артады. Капиталистік өндіріс тәсілі барлық жұмысшыларды жұмыспен толық қамтамасыз ете алмайды. Бұлардың нәтижесінде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі барған сайын төмендей береді, яғни ол қоғамдық өндірістің жалпы дәрежесіне лайықты өмірлік қажеттерді өтеуден барған сайын төмен бола береді.

Социалистік құрылыс тұсындағы жағдай мүлде өзгеше. Мұнда барлығы да еңбекші адамның мүддесіне бағындырылған. Социалистік елдерде өндіріс құрал-жабдықтары бүкіл қоғам билігінде. Мұнда адамды адам қанау мүлде жойылған. Социалистік өндіріс халықтың әл-ауқат дәрежесін барған сайын көтере беруді көздейді. Социалистік өндірістің мақсаты, В. И. Ленин айтқандай, қоғамның барлық мүшелерінің тұрмыс жағдайын жақсартып, олардың еркін, бақытты өмір сүруін, жан-жақты өсіп, өркендеуін қамтамасыз ету болып табылады (қараңыз, 6-том, 43-бет).

Қоғам мүшелерінің тұрмыс жағдайының ұдайы жақсара беруі — социализмнің заңы. Мұның өзі өндірістің шалшаң қарқынмен өркендеуі, еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуі арқылы жүзеге асады. Елімізде өнеркәсіп өнімі өткен жылда 1913 жылмен салыстырғанда 40 еседен аса өсті. Осы дәуір ішінде Қазақстан өнеркәсіп өнімі 51 есе артты. Мұндай қарқынды ешбір капиталистік елдің тарихы білмейді. 1913—1958 жылдар арасында өнеркәсіптің жалпы өнімі Америка Құрама Штаттарында 3,8 есе, Англияда 1,8 есе, Францияда 2,1 есе ғана өскен болса, Совет Одағында 36 есе өскен болатын.

Ал еңбек өнімділігінің арту қарқыны жағынан да, Совет Одағы дүние жүзінде бірінші орын алады. Еліміз бұл салада Англия мен Францияны басып озып, Америка Құрама Штаттары мен екі арадағы алшақтықты мықтап қысқартты.

Социалистік өндірістің алып қарқынмен дамуы арқасында еліміздің ұлттық табысы шапшаң өсуде. Бұл ретте де Совет Одағы басты-басты капиталистік елдерді қуып жетіп басып озды. Ұлттық табыстың жан басына келетін үлесі 1958 жылы 1913 жылмен салыстырғанда Америка Құрама Штаттарында және Францияда 1,8 есе, Англияда 1,7 есе ғана өскен болса, Совет Одағында 15 есе өсті. Жалпы алғанда Совет Одағының ұлттық табысы 1959 жылы 1913 жылға қарағанда 25 еседей өсті. Ал үстіміздегі жетіжылдықта Совет Одағының ұлттық табысы 62 — 65 процент шамасында ұлғаймақшы.

Өндірістің үздік өркендеуі, соған сәйкес еліміздің ұлттық табысының өсуі негізінде халқымыздың әл-ауқат дәрежесі көтеріліп келеді.

Елімізде жұмысшылардың нақты табысы өткен жылға дейін 1913 жылға қарағанда 5,7 есе, бұрын халі олардан да нашар болған шаруалардың табысы 7 еседей артты. Еңбекшілердің табысы соғыстан кейінде мықтап өсті. Мемлекет есебінен берілетін төлемдер мен жеңілдіктерді қоса есептегенде, Совет Одағы жұмысшылары мен қызметшілерінің нақты жалақысы 1959 жылы 1913 жылға қарағанда 2 есе, ал колхозшы шаруалардың нақты табысы 2,2 есе артты. Жетіжылдықта әрбір жұмыс істейтін адамға шаққанда жұмысшылар мен қызметшілердің және колхозшылардың нақты табысы орта есеппен 40 процент өсейін деп отыр.

Халықтың әл-ауқат дәрежесін көтеру, ұлттық табысты көбейту және оның негізінде еңбекшілердің нақты табысын арттыру арқылы ғана емес, өзге де бірсыпыра бағыттарда жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы негізгі шаралардың бірі — жұмыс күнін қысқарту. Жұмыс күнін қысқарту капиталистік дүниедегі жұмысшы табының көп ғасырлық арманы және оның буржуазия өктемдігіне қарсы жүргізетін тап күресінің түбірлі бір мәселесі болып келді. Капиталистер жұмыс күнін қолынан келгенше және шегіне жеткізе ұзартып келді. Капиталистік фабрикалар мен заводтарда жұмыс күні бір кезде 16 — 17 сағатқа дейін жетті. Көптеген капиталистік елдерде жұмыс күні кәзір де ұзақ. Америка Құрама Штаттарында 6,7 миллион жұмысшы мен қызметшінің жұмыс аптасы 48 сағат және одан да көп. Жапонияда жұмысшылардың едәуір бөлегі 10—12 сағаттық жұмыс істейді. Түркияда және Африканың көптеген отар елдерінде 12 — 14 сағаттық жұмыс күні дағдылы нәрсе. Иран, Чили сияқты елдерде жұмыс күнінің ұзақтығы 16—20 сағатқа жетеді. Соңғы 20 — 30 жыл ішінде капиталистік елдерде мемлекет тарапынан жұмыс күнін қысқарту туралы ешбір шара қабылданған да, жүзеге асырылған да емес. Бұдан біз капиталистік елдерде жұмыс күнін қысқарту мәселесінің осы күнге дейін шешілмей келе жатқанын көреміз. Жұмыс күнін қысқарту мәселесінің тек өкімет билігі жұмысшы табының қолына көшкен жағдайда ғана тиянақты шешілуі мүмкін.

Жұмыс күнінің ұзақтығын қысқартып, сегіз сағаттық жұмыс күнін тағайындау еліміздегі жұмысшы қозғалысының басты талаптарының бірі болып келгені жұртқа мәлім. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісімен жүзеге асырылған басты өзгерістердің бірі елімізде 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеу болды. Мұның өзі жұмыс күнін қысқартудың алғашқы кезеңі еді. Коммунистік партияның XXI съезі жұмыс күнін бұдан былай да қысқарта беру керек деп тапты. Осы күнінің өзінде 16 миллионнан астам еңбекшілердің жұмыс күні 7 — 6 сағат болып отыр. Бұл — еліміздегі жұмысшы, қызметшілердің жалпы санының 25 проценттейі. Осы жылдың аяғына дейін еліміздің қалған жұмысшы, қызметшілерінің — 43 миллион адамның жұмыс күні де 7—6 сағатқа дейін қысқартылмақ. Бұл жөніндегі нақты шаралар СССР Жоғарғы Советінің V сессиясында мақұлданған барлық жұмысшылар мен қызметшілерді жылдың аяғына дейін 7 — 6 сағаттық жұмыс күніне көшіру туралы Заңында белгіленген. Осы шараларды жүзеге асырғанда жұмыс аптасының ұзақтығы орта есеппен алғанда 41 сағат болады. Бұл — жұмыс күнін қысқарту жолындағы үлкен қадам. Бірақ жұмыс күнін қысқарту мұнымен тынбайды. 1962 жылы 40 сағаттық жұмыс аптасына, ал 1964 жылдан бастап 6—5 сағаттық жұмыс күніне, яғни 30—35 сағаттық жұмыс аптасына біртіндеп көшеміз. Сонда Н. С. Хрущев айтқандай, дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні біздің елде болады, еңбекшілер аса зор әлеуметтік жеңіске жетеді.

Қоғамның байлығын жұмыс күнінің ұзақтығы емес, қысқалығы бейнелейді деп көрсеткен болатын К. Маркс. Өйткені коммунизмге жақындаған сайын өндіріс жұмыстары толық механикаланып, еңбек өнімділігі артады. Бұлардың нәтижесінде қысқа жұмыс уақытында-ақ кәзіргіден де мол өнім өндірілетін болады.

Капиталистік елдерде жұмыс күнінің ұзақтығын қысқарту жөнінде әңгіме көтерілсе, онымен қатар жалақыны азайту жөнінде де мәселе көтеріледі. Ал социалистік құрылыс жағдайында жұмыс күнін қысқарту жалақыны кеміту арқылы емес, қайта көбінесе өсіру негізінде жүзеге асырылып отыр. Капиталистік елдерде жұмыс күні азды-көпті қысқарғандай болса, оның есесіне жұмысшыларға жұмысты барынша күш салдырып істеттіріп, олардың жүйке тамыры мен бұлшық етін сығып алады да діңкесін құртады. Ал социалистік құрылыс жағдайында жұмыс сағатын кеміту жұмыс жағдайын жеңілдету негізінде жүзеге асырылып отыр.

Елімізде жұмыс күнін қысқарту еңбекшілердің жанжақты өсуіне жағдай жасайды. Еңбекшілердің оқып білім алуға, мамандығын жетілдіре беруге, мәдени тұрмыс құруға, қоғам өміріне араласуға мүмкіншілігі арта беретін болады.

Совет Одағы еңбекшілерінің жұмыс күнінің ұзақтығы қысқарумен қатар олардың нақты табыстары арта беретін болады. Партияның ХХІ съезінде аталып көрсетілгендей, жұмысшылар мен қызметшілер табысының жалпы өсуімен бірге үстіміздегі жетіжылдықта олардың жалақысын тәртіптеу шаралары аяқталады. Жалақысы аз және орта мөлшердегі жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы өседі, сөйтіп қызметкерлердің осы топтағылары мен жалақысы көп топтарының арасындағы алшақтық кемиді.

Әрине, бұдан жұрттың бәрі бірдей жалақы алатын болып теңеледі екен деген мағына тумамайды. Жалақыны тәртіпке келтіру социализм тұсындағы еңбек ұйымдастыру ісін жақсартып беруге, еңбек өнімділігін арттыру үшін жұрттың материалдық ынталылығын арттыра беру негізінде жүргізіледі.

Коммунизмнің алғашқы сатысында, социализм жағдайында өндіргіш күштердің дәрежесі материалдық игіліктерді жұрттың керегіне қарай бөлуге сай болмайды. Сондықтан табысты еңбекке қарай бөлу социализм жағдайында қажет және заңды шарт. Бұл жағдайда қоғам мүшелерінің қоғамдық байлықтан алатын үлесінің мөлшерін анықтайтын нәрсе олардың қоғамдық дәулетті жасауға сіңірген еңбегінің мөлшері мен сапасы. Жалақыны қоғам мүшесі еңбегінің мөлшері мен сапасына қарай төлеу еңбекшілердің еңбек өнімділігін арттыруға, өндірістің өнімді болуына күштарлығын күшейтеді. Сондай-ақ мамандығы жоғары еңбекке мамандығы төмен еңбектен гөрі артық төлеу тәртібі еңбекшілерді мамандықты ұдайы арттыруға ынталандырады. Мұның өзі ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жоюды тездетеді. Сөйтіп, жалақыны арттырып, тәртіпке келтіру, қызметкерлердің өндіріс нәтижесіне материалдық жағынан ынталылығын қамтамасыз етеді, еңбек өнімділігінің өсуіне, мамандықтың артуына, техниканы жетілдіруге жағдай жасайды.

Совет Одағы халықтарының әл-ауқатын арттыру бағытындағы Коммунистік партия жүзеге асырып жатқан аса маңызды шаралардың бірі — жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысынан алынатын салықтарды жою туралы СССР Жоғарғы Советі қабылдаған Заң. Салық төлеуден құтылуды халықтар ежелден арман етіп келеді. Капитализм тұсында алым-салықты жою туралы әңгіме болуы да мүмкін емес. Өйткені салық дегеніміз капиталистік мемлекеттің экономикалық негізі. Қайта капиталистік елдердің қайсысында болса да алым-салық әрдайым өсіп отырады. Социалистік қоғамға дейінгі салықтардың қай-қайсысы болса да еңбекшілерді қанаудың бір түрі болып келді. Капиталистік елдерде салықтың денін еңбекшілер бұқарасы төлейді және салықтан жиналған қаржы қанаушылардың үстемдігін нығайта беруге жұмсалады.

Түрлі алым-салық төлеу капитализм дүниесіндегі еңбекшілердің тұрмыс жағдайын ауырлатады. Буржуазия оқымыстыларының өздері есептеп шығарған мәліметтерге қарағанда, тікелей және жанама салық төлеу нәтижесінде орта дәрежелі семьяның табысы Америка Құрама Штаттарында және Батыс Германияда 30 процент, Англияда 22 процент, Францияда 28 процент, Италияда 20 процент кемиді екен.

Капиталистік елдерде мемлекет бюджет қаражаты көбінесе салықтар есебінен жиналады. Бұл бюджеттің қайда жұмсалатыны жұртқа мәлім. Ол полиция ұстауға басқа сондай әкімшілік орындарын ұстауға, соғысқа әзірленуге жұмсалады.

Ал социализм елінде бюджеттің мақсаты мүлде басқаша. Мұнда бюджет халық шаруашылығын өркендету негізінде еңбекшілердің материалдық-мәдени тұрмыс жағдайын жақсартуға беру үшін жұмсалады. Бізде бюджеттің негізгі көзі салықтар емес, социалистік қор жинау. Совет үкіметі еңбекшілерден алынатын салықтарды жылдан жылға азайтып келеді. 1953 жылы колхозшылардан алынатын ауылшаруашылық салығының мөлшері екі жарым есе кемітілді. Одан кейін жалақысы төмен еңбекшілер салық төлеуден босатылды, еңбекшілердің едәуірі жалғыз басты және семьясы аздығы үшін алынатын салықтан босатылды. Оның үстіне елде таратылатын заем шығару тоқтатылды.

Енді партияның ХХІ съезінің нұсқауы бойынша үстіміздегі жылдың октябрь айынан бастап жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын салық жойыла бастайды. Үстіміздегі жетіжылдықтың аяғында бұл шара толық аяқталады. Мұның өзі зор экономикалық және саяси маңызы бар шара екенін Н. С. Хрущев жолдас СССР Жоғарғы Советінің V сессиясында жасаған баяндамасында ерекше атап көрсетті.

Жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысынан алынатын салықтарды жою еңбекшілердің табысын едәуір арттыра түседі. Салықтардың жойылуы социалистік құрылыстың артықшылықтарын бүкіл әлемге тағы да айқын көрсетеді.

Социалистік қоғам халықтың барлық тобының тұрмыс жағдайын жақсартудың қамын ойлайды. Қызметкерлердің табысын арттыра отырып, Совет үкіметі пенсионерлердің де қамын ойластырады. **Пенсияның мөлшері** жағынан Совет Одағының дәрежесімен таласатын бірде-бір капиталистік ел жоқ. Партияның ХХІ съезінің нұсқауы бойынша ең аз пенсиялардың мөлшері көбейтілмек. Қартайғандарға берілетін пенсияның ең төменгі айлық мөлшері 1963 жылы қалаларда 400 сомға дейін, село тұрғындары және ауыл шаруашылығымен байланысты пенсионерлер үшін 340 сомға дейін көбейтіледі. 1966 жылы қартайғандардың айына алатын пенсиясының ең аз мөлшері қалаларда шамамен 450—500 сомға дейін тағы да көбейтілмек. Осы бағытта селолық жерлерде де тиісті шаралар жүзеге асырылады. Онымен қатар мүгедек болғандарға және асыраушысынан айрылғандарға берілетін пенсияның мөлшері де көбейеді.

Еңбекшілердің табысы артуға байланысты олардың мәдени және рухани тілектері өсе бермек, олардың сатып алу қабілеті де арта түспек. Осыған орай партия мен үкімет халық тұтынатын товарларды өндіруді мейлінше ұлғайту шараларын жүзеге асыруда. Бір кезде, елді индустрияландыру міндеттерін шешу мәселесі алда тұрғанда көпшілік қолды товарлар өндіру ісіне онша көңіл бөлуге мүмкіншілік бола қоймады. Енді социалистік индустрия мықтап дамыған жағдайда өндіріс құралдарын баса өндіру саясатын бұлжытпай жүргізе отырып, тамақ, жеңіл өнеркәсіпті де күшті қарқынмен алға бастыруға, **халық тұтынатын товарлардың молшылығын жасау** міндетін шешуге жағдай туып отыр. Үстіміздегі жетіжылдықта осы салада жұмсалатын күрделі қаржының өсу қарқыны бүкіл халық шаруашылығындағы қарқыннан неғұрлым жоғары болайын деп отыр. Жеңіл, тамақ өнеркәсіптің жаңа за-

вод, фабрикаларын салу және қайта құру үшін үстіміздегі жетіжылдықта совет елінің бұған дейін осы мақсатқа жұмсаған қаржысынан артық қаржы жұмсалады.

Үстіміздегі жылдың өзінде елімізде жоспар бойынша 6,3 миллиард шаршы метр мата шығарылмақ. Ал Англия, Франция және Батыс Германия мұнша мата шығара алмайды. Жүн және кенеп маталарының жалпы өнімі жағынан Совет Одағымен қатар түсетін бірде-бір капиталистік ел жоқ. Еліміз мата тұтынудың жан басына келетін мөлшері жағынан Италиядан озып кетті, Францияны қуып жетті, ал Англия мен Батыс Германияны таяудағы 3—4 жылда қуып жетейін деп отыр.

Тамақ өнеркәсібі де табыстан кенде емес. 1959 жылы еліміз 6 миллион тонна қант өндірді. Қант өндірудің жалпы көлемі жағынан Англия, Франция, Батыс Германия, Италия, Австрия, Бельгия, Дания және Голландия сияқты сегіз елді қоса есептегенде Совет Одағының дәрежесіне жетпейді. Мал майының жан басына келетін мөлшері жағынан Совет Одағы Америка Құрама Штаттарын басып озды, ал сүт пен сүт өнімдерінің үлесі жағынан келесі жылы қуып жетеміз. Әрбір колхоз бен совхоздың, аудан мен облыстың, өлке мен республиканың мал шаруашылығын алға бастыру міндеттемесі орындалып шықса, ет өнімдерінің жан басына келетін үлесінің мөлшері жағынан еліміз Америка Құрама Штаттарын үстіміздегі жетіжылдықта қуып жетеді. Ауылшаруашылық өнімдерінің артуы арқасында халқымыздың тұрмысы жақсарып келеді. Оны жұрттың сапалы азық-түлікті көп сатып алуынан айқын көруге болады. Осы тарапта болған өзгерістерді байқау үшін 15 мың семьяның ішкен тамағын зерттеп көргенде әрбір адамның 1959 жылғы қабылдаған тамағының сапалыларының мөлшері артқан. Оның ішінде процент есебімен алғанда балық 21, мал майы 35, ет 46, жұмыртқа 59, сүт пен жемістің әрқайсысы 74 процент артқан. Алдымыздағы уақытта да халық тұтынатын азық-түліктің саны мен сапасы осылай жақсара бермек.

Еліміздің астық шаруашылығын өркендету және мал шаруашылығы өнімдерін молайту жолындағы күресіне Қазақстан зор үлес қосты. Республика колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау жөніндегі жетіжылдықтың тапсырмаларын 1963 жылы орындап шығуға міндеттеме алып, қажырлы күрес жүргізуде.

Жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібін мықтап өркендету нәтижесінде үстіміздегі жетіжылдықта совет халқының азық-түлік, көпшілік қолды товарлар жөніндегі қажеті толық қанағаттандырылады.

Сонымен қатар еңбекшілердің мәдени қажетін өтеуге, үй шаруашылығына керекті товар көптеп шығарылады және олардың сапасы жақсартылады. Мысалы, кір жуатын машиналар, тігін машиналар, тозаң жұтқыштар, тоназытқыштар, машиналардың тамақ даярлауды жылдамдататын түрлері, сол сияқты үй шаруашылығын жеңілдететін басқа да товарлар көптеп шығарылатын болады.

Сауда және қоғамдық тамақтану орындарының жұмысы еңбекшілердің тұрмыс халін жақсарту мүддесіне сай дәрежеге жеткізіледі. Тамақты тек үйде пісіре салатын даяр ас көптеп өндіріледі және олардың бағасы арзандайды. Қоғамдық асханалардың да саны көбейіп, жұмысы жақсартылады. В. И. Ленин қоғамдық асханаларды коммунизмнің өркендері деп атап, былай деп жазған болатын: бұл асханалар «...әйелді іс жүзінде азат ете алады, әйелдің қоғамдық өндірістегі және қоғам өміріндегі ролі жағынан еркекпен іс жүзіндегі теңсіздігін азайтып, жоя алады» (Шығармалар, 29-том, 426-бет).

Бізде еңбекшілердің әл-ауқатын арттырудың бір жолы халықты тұрмысқа жайлы тұрғын үйлермен қамтамасыз ету. Коммунистік партия мен Совет үкіметі тұрғын үй салу жұмысын онан әрі күшті қарқынмен жүргізуді бүкілхалықтық маңызы бар шара ретінде шешуде. Мұның



нәтижесінде тұрғын үйлердің жетіспеушілігі таяу арада жойылады. Пәтер үйлердің жетіспеушілігі бізде тұрғын үй құрылысының нашар қолға алынып отырғанынан емес. Ол — бізге ескі қоғамдық құрылыстан қалған қалдық. Тұрғын үй, мысалы, 1957 жылы әрбір мың адамға орта есеппен Америка Құрама Штаттарында 6,7 пәтерден, Англияда 5,9 және Францияда 6,2 пәтерден салынған болса, Совет Одағында 10,6 пәтерден салынды. Ал одан бері Совет Одағында тұрғын үй құрылысы одан да жедел қарқынмен жүргізілді. Үстіміздегі жетіжылдықта қалалар мен жұмысшы поселкелерінде 15 миллион пәтер, ауыл-селолық жерде 7 миллиондай тұрғын үй салынбақ. Соның нәтижесінде үстіміздегі жетіжылдықта жалпы тұрғын үй қоры 1,6 есе артады. Сонымен бірге Совет үкіметі еңбекшілердің өз күшімен немесе бірігіп пәтер үй салуына барынша көмектеседі.

Бізде пәтер ақы аз төленеді. Пәтер ақыға жұмысшылар мен қызметшілер жалақысының 4 процентін ғана төлейді. Америка Құрама Штаттарында 1959 жылы орташа семьяның жылына төлейтін пәтер ақысы 1 416 доллар болған, бұл орта есеппен бір семьяның жылдық табысының 30 процентінен асады. Басқа капиталистік елдерде де жағдай осындай.

Бізде еңбекшілер қажетінің едәуір бөлегі қоғам тарапынан, мемлекет тарапынан өтеледі. Үстіміздегі жетіжылдықтың өзінде балалар бақшасы, мектеп-интернаттар және мектептер қажетіне жұмсалатын мемлекет қаражатының мөлшері едәуір ұлғайтылады.

Совет Одағында тегін оқыту, студенттерге стипендия беру тәртібі көптен дағдылы іс болып алды. Еліміз инженерлерді Америка Құрама Штаттарына қарағанда анағұрлым (үш есе) артық даярлайды. Әрбір он мың адамға келетін студенттердің саны Түркияда — 16, Иранда — 7 болса, Советтік Қазақстанда — 75.

Адамның өмірін ұзарту, ауру-сырқаудан сақтау жөніндегі Совет Одағында жасалып жатқан қамқорлықтай қамқорлық ешбір капиталистік елде жоқ. Біздің елде еңбекшілерге дәрігерлік тегін көмек көрсетіледі. Капиталистік елдерде ақы төлемей дәрігерге көріну, емделу мүмкін емес. Америка Құрама Штаттарында ақы төлеп емделе алмағандықтан жылына 250 мың адам өліп отырады. Ауруханада жатып емделу үшін американдар күніне 60 доллар ақша төлеуге тиіс.

Әрине, социалистік өндірісті өркендете отырып, халықтың әл-ауқатын жақсартудағы шаралардың бәрі осы айтылғандармен тынбайды. Еліміздің өндіргіш күштері алға басқан сайын қоғам мүшелерінің қажеті де арта береді. Совет халқы — өз дәулетінің қожасы. Ол тұрмысты жақсартудың тетігі өз қолында екенін жақсы біледі. Сондықтан коммунизм құрылысы жолындағы белгіленген шараларды тез жүзеге асыру үшін ол өнерін де, жігерін де аямайды. Соның нәтижесінде Совет Одағында дүние жүзіндегі ең жақсы тұрмыс салтанат құратын болады.

# ӨМІР ӨРКЕНІ

(Коммунистік еңбек бригадасында)

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Орта бойлы, сымбатты қара торы жігіт қоштасар жерде қысылақымсынып, әлде бір толқу үстінде тұрғандай өңі сәлкем өзгеріп кетті де, костюмінің ішкі қалтасына қолын салды.

— Мынау! — деді ол қолын қалтасынан алып үлгерместен, — мынау қағазды оқып көріңізші.

Ол ортасынан төрт бүктелген, сырты сарғайып кеткен қағазды ұсынды.

— Сіз кеше, менің әкем туралы, оның кім болғаны жайлы сұрадыңыз. Әкемді жөнді білмеймін де, менің бір жасқа толған шағымда аурудан қайтса керек. Өткен жылы ауылға дем алысқа барғанда осы қағазды апам берді. Мынау, деді ол, сенің әкең туралы, Көпей туралы жазылған. Ол бишарадан бұдан басқа белгі қалған жоқ.

Қағазды қолыма алдым. Бүктеген жерлерінен төртке бөлінгелі тұр екен, ептеп аштым да оқи бастадым. Онда: «Азамат Көпей Бекбергенев Қостанай облысының Пресногорьков ауданындағы «Красный летчик» колхозының мүшесі болған. Ол колхоздастыру жұмысына, әсіресе колхоздың қоғамдық малын өсіру ісіне көп үлес қосқан. Ол жақында аурудан қайтыс болды. Артында еңбекке жарамсыз жас баласы мен жұбайы қалды. Осыларға тиісті көмек берілсін» депті.

Анықтаманы Песчанка ауылдық советінің председателі жазған. Бірақ кімге жазып отырғаны белгісіз. Әңгіме анықтаманың, немесе өтініштің кімге жазылғандығында емес, тіпті жетім бала мен жесір әйелге жәрдем берілді ме, жоқ па, бұл да сөз болғалы отырған жоқ. Әңгіме осы қағазды ұсынушы сол Көпей Бекбергеневтың жетім қалған баласы Көбек Бекбергенев жөнінде еді.

Ол қазір ешқандай жәрдемді керек етпейтін азамат бопты. Көбек қазір қандай да болса бөгде бір жәрдем түгіл, сол күннің өзіне, дәрменсіз сәби болғанына қысылатын тәрізді. Әрине, бұл артық. Жас болмаған кім бар? Ата-анасының, жақын-жанашырдың көмегін күтпеген кім бар? Басына өмір салмағы, тұрмыс ауыртпалығы түсе қалғанда қоғамның қамқорлығына алынбаған кім бар! Сондай болса, мұны ар тұтуға бола ма? Әрине, жоқ.

Қағазды қайтадан бұрынғыша бүктедім де, өзіне бердім. Ол қызыл түсті книжканың қасына орап, қайтадан ішкі қалтасына салды.

— Адам ата-ана кәдірін есейіп, ақыл тоқтатқанда бірақ біле ме деймін. Неге екені белгісіз, өткен жылы ауылға барғанда, шешем Дәмештің әжімді карасұр өңіне қарай отырып, бірауық әкемді ойлап кеттім. Көрген болсам да, есімде ешнәрсе қалмаған әкемді ойлап кеттім. Қандай адам болды екен деп ойладым. Тіпті, бұл ойымды шешемнен жасыра алмай, апа, менің әкем қандай адам болған еді деп сұрадым.

Жазылып бітіп кеткен ескі жараның бетін тырнап алсам керек, шешемнің өңі өзгеріп кетті. Бірақ, есін тез жиып, өзін-өзі зорлап, күлген болды, маған ешнәрсе сездіргісі келмегендей.

— Түрін айтасын ба, әлде мінезін айтасын ба?—деді.

Әкемнің түрі де, мінезі де алақанында тұрғандай, шешем тізесіне салып отырған қолының алақанына қарады.

— Түрін де, мінезін де айт! — дедім.

—Түрі дейсің-ау, айнаға қарап өзінді көр де, әкенді көр. Ал, мінезі сенен гөрі де салмақты, үндемей жүретін, сесті адам еді. Сен де көп сөйлемейсің ғой, бірақ бүгін кішкене бала сияқты боп кеттің? Маған үндемегеніңнен осының жақсы. Сен өзіңше жігіт болдым дегенмен, маған әлі бала сияқтысың...

Ол менің маңдайымнан сипады. Жүрегім қатты соғып, тұла бойым елжіреп кетті. Шешемді ерекше жақсы көріп кеттім. Оның шашымды сипаған алақанының оты анаға деген мейірімді сезімді оятты. Еркелеп, жылағым келді. Бірақ мен де ешнәрсе сездірмеген боп, орнымнан тұрып, айнаға қарадым.

Көбек өзінің анасы Дәмешпен кездескендегі сезім дүниесін ақындарша шабытпен айтты. Мұның өзінен ол сонау Қостанай даласындағы, Алабұға көлінің жағасындағы, Песчанка селосында тұратын анасын бірауық аңсайтыны көрінеді.

— Ал, Көбек, сау бол!—дедім қолымды созып.

— Мынаны ескерткішке ала кетіңіз, сыртында үйдің адресі де бар!—деді ол.

Ол өзінің жеке түскен суретін ұсынды. Сыртында «Теміртау қаласы, Қазақстан магниткасы, 215 квартал, 38 үй, 7 пәтер, Көбек Көпеевич Бекбергенов» деген жазуы бар екен.

Қалтама салмастан бұрын суретіне ұзақ қарадым. Қою кара қасты, ат жақты, ашаң жүзді, тұнық қара көзді жас жігіт тым сүйкімді екен. Ашық жағалы көйлек киіп, қара костюммен түсіпті. Шашының бір шоғы маңдайына қарай түсіңкіреп кеткен екен. Оның өзі де жарасып тұр. Бұл суреттің мәні мұнда да емес, оның шешесі Дәмештің түсінігімен айтсақ, бұл сурет—кешегі шопан Көлейдің де, бүгінгі құрылысшы Көбектің де суреті.

Қолды жай қысып қоштасты да, Көбек қала берді. Біз ұзай бердік. Теміртаудың будақтаған боз түтіндері мен Қазақстан магниткасы домналарының алып тұлғасы алысқа ұзатып салды.

Біз алыс кеттік. Бірақ Қарағанды мен Теміртауда бірге болған қойын дәптер жанқалтадан түскен жоқ. Демек оның ішінде әлі айтылмаған ой, шертілмеген сыр, жазылмаған хикая бар. Әсіресе, сол қойын дәптердің беті ашылған сайын Көбектің ескерткішке берген суретін көрем. Ол маған әлде бір жақын досымдай, тел өскен туысымдай, кимас інімдей көрінеді де тұрады.

Суретіне қарағанда, оның өзімен бірге бүкіл достарын қоса көргендей боламын. Сырты сыланбаған үлкен қызыл үйдің ішінде электр ұшқындары жаңбырша себелеп, бетке соғып, кеудеге қонып, жоқ боп кетіп жатады. Үй қабырғаларын көк ала сәуле шарлап, оған мотордың дауысы қосылып, ара ұясындай ызындайды. Бұл еңбек дүкені — Магнитканың механизация базасы. Мұнда Көбек Көлейұлы Бекбергенов басқаратын слесарьлар бригадасы істейді. Суретке қайта қараймын. Жас та болса, байсалды Көбектің кескінін көрем. Оның өзін ғана емес, достары, бірге істейтін слесарьлары да көз алдына келеді. Кішіпейіл, еңбек сүйгіш жақсы жандар. Үлкен жұмыс істеп жатқан, кішкентай адамдар. Олар — Михаил Долинков, Александр Сачков, Павел Саксин, Михаил Долбенко, Альберт Волков, және әкелі-балалы Иван, Геннадий Елисеевтер.

Өрімдей жас жігіттерден құралған слесарьлар бригадасында бір ғана егде адам бар. Ол Иван Иванович Елисеев.

Ол да қарт адам емес. Биыл 51-ге кетті. Осының отыздан аса жылын Түркстан—Сибирь, Ақмола—Қарталы, Ақмола—Павлодар, Қара-

ғанды—Жезқазған, Мойынты—Шу темір жолдарын салысуға арнапты. Кәзір ол Қазақстан магниткасындағы даңқты құрылысшылардың бірі.

Елисеевтің үлкен ұлы Александр Алматы кен-металлургия институтының III курсында оқиды. Осы Сашаның жиған көп кітаптарымен қатар кіші баласы Геннадийдің жиған кітаптары да мол. Ол жұмыстан қолы босаған кезде техникалық кітаптарды үзбей оқиды. Өзінің оқығаны мен тоқығанын достарына әңгімелеп береді.

Тәжірибелі слесарь құрылысшы жастарға өз білгенін жақсы үйреткен. Ең басы өз баласы Геннадий боп, Иван Ивановичті ұстаз тұтады. Бригадирдің өзін слесарьлыққа үйреткеннің өзі осы кісі. Әңгіме Көбек туралы болғанда:

— «Ұстаздан шәкірт озды» деген қазақ мақалы бар деп маған біреу қалжындаған еді. Содан есімде қапты. Шәкірттің ұстаздан озатыны көп болады. Өйткені, әрбір есті, талапты жас ұстаздың білгенін түгел біліп алады да, енді оған өз білгенін, қабілетін, ойын, шеберлігін қоспай ма? Міне, озды деген сол, — деді Иван Иванович, — кеше ғана өзім үйреткен шәкірт, бүгін өзімді үйретеді екен, немесе, бригадир болып, басшылық етеді екен деп намыстанбайтын себебім де осы. Өйткені, ол егер менен гөрі слесарьлықты жақсы білсе, ол біріншіден, менің өз еңбегімнің нәтижесі, екіншіден ол жас. Ол техникаға менен гөрі жақын. Үшіншіден, жастар ұғымпаз келеді. Мен намыстану емес, қайта өзім үйреткен жастар осындай болғанына мақтанамын.

Бақастық пен күндестік жоқ, достық бәсеке мен талап бар жерде еңбек жемісті болмақ. Бекбергенов басқарған бригаданың өмірін көз алдыңа келтіргенде осындай бір даусыз қағиданың шындығын қоса көресіз. Бригада жылдық, тоқсандық, айлық тапсырманы үнемі асыра орындайды. Жұмысты ұйымшылықпен істейді. «Сен істе де, мен істе, ол істе» деген кірбіндер ешбір сезілмейді. Бір екінің, екі онның жұмысын істейді. Міне, осындай адал еңбектің, өнімді жұмыстың нәтижесінде Коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақты жеңіп алды.

Бригада мүшелері кәзірде бірнеше мамандықты игеру сияқты игілікті істі қолға алды. Әрбір слесарь токарлықты немесе электросваршикті үйреніп алуға ұмтылуда.

Сыртты сыланбаған, қызыл қыштан қаланған үлкен үйдің қабырғасына ілген қызыл матаға акпен: «Бұл жерде Көбек Бекбергенов басқаратын Коммунистік еңбек бригадасы жұмыс істейді» деп жазылған.

Осы сөздер бригада мүшелерінің мақтанышы ғана емес, ұраны сияқты. Әрине, бұл жерде ұран Бекбергеновтың фамилиясында емес, Коммунистік еңбек деген сөзде екені ақиқат. Владимир Ильич Лениннің сөзімен айтсақ, коммунистік еңбек дегеніміз ең алдымен сыйлық туралы шарт қоймай, сыйлық алуға дәмеленбей істелетін ең сапалы еңбек.

Осы бригаданың құрамында еңбекті тек ғана ақылы нәрсе деп ұғатын кім бар екен? Әрине, ақы керек, бірақ, тағы да Ленин сөзімен айтсақ, еңбек, оның ішінде коммунистік еңбек сау организмнің мұқтажы мен қажеті ретінде, сол организмнің рухани нәрі ретінде істелетін еңбек.

Шынын айтқан жөн, бұлар Лениннің коммунистік еңбек жөніндегі бұл қағидаларын жатқа білмейді, тіпті кейбіреулері оқып көрмеген. Бірақ нақты ісімен, адал еңбегімен осы қағиданы растаған жандар, еңбек рахатына, оның мол сыйына, қуаты мен құдіретіне бөленген жастар.

## II

Көбек Қазақстан магниткасына ең алдымен келген жастардың бірі. Содан бері ол қатардағы жай жұмысшыдан слесарь болды, слесарьлар бригадасын басқарды. Мұның бәрі ойың талантты еңбеккер екенін көрсетті. Ол құрылысшылардың құрметіне бөленді.

Магнитка құрылысының еңбек және жалақы бөлімінің меңгерушісі жуан сары кісі біздің алдымызға жиырма сегіз кісінің тізімін тастады. Соның ең басында Бекбергеновтың фамилиясы тұрды. Тізімнің басына «Магнитканың ең таңдаулы құрылысшылары» деп жазылған.

Кеше ғана Алабұға көлінің жағасындағы құмды қайранда жалаңаяқ өскен қара бала бүгін алып құрылыстың ең таңдаулы адамы болса, әрине, тізімнің ең басына жазылады. Бұған таңдануға болмайды ғой.

Адал еңбек жас жігітті үлкен сенімге бөледі. Өзімен бірге істейтін орыс жолдастары мінездеме беріп оны 1958 жылы ұлы партия мүшелігіне кандидаттыққа өткізді. Ал өткен жылы ол—қойшы Көпейдің баласы Коммунистік партияның мүшелігіне өтті. Партияға өтуге мінездеме берген жолдастарының бірі электросварщик Ануфриев былай деп жазыпты: «Мен Көбек Көпейұлы Бекбергеновты 1956 жылдан білем. Біз бірге істедік. Бұл уақыттың ішінде ол еңбек сүйгіш, тапсырылған іске барынша адал қарайтын, жолдасына қамқоршы, өзі талапты, әсіресе, техника тілін білуге ынталы жас екенін көрсетті. Сондықтан да мен, партия мүшелігіне кандидат Қ. Қ. Бекбергенов жолдасты партия мүшелігіне алу керек деп ұсынамын. Ол ұлы Коммунистік партияның мүшесі деген аса зор атақты абыроймен алып жүре алатын және оған барынша лайық адам».

Сенімнің ең үлкені осы емес пе! Адамға сенім көрсете білу аса үлкен нәрсе. Сенім, адамға адам көрсеткен сенім бойға күш, жүрекке қайрат береді. Сенімге ие болған адам қандай ауыр жұмысты болса да атқарады, қандай қиындық болса да жеңеді. Ондай адам ең алдымен ынталы келеді. Көбек өзіне көрсетілген үлкен сенімді адал ақтап келеді. Өзі ғана емес, бүкіл бригадасы жұмысты жақсы істейді.

Бригада мүшелері қоғамдық жұмыста өнеге көрсете білді. Өздері жұмыс істеп жүрген учаскелерде жеке басының жақсы үлгісімен де, ісімен де басқаларға өнеге көрсетті.

Көбек бір сөзінде шешесі Дәмештің, ағасы Байтазаның: магниткада 2-3 жыл істедің ғой, енді елге қайт, тіпті Қостанай жерінде де магниткадан артық болмаса, кем емес, Сарыбай-Соколов кен комбинаты сияқты өндіріс салынып жатқан жоқ па, ең болмаса жақынырақ келіп, сонда жұмыс істеуге болмас па, еді дегенін айтты. Бұл хат туралы Көбекке ақыл айтудан бұрын:

— Өзің қалай қарайсың, оларға жауап бердің бе, не деп жаздың?— дедім.

— Не дейін, хатты қысқа жаздым. Бастаған істі аяқтамай тастап кеткеннен жек көретінім жоқ. Магнитка құрылысы біткенсін ойланып көрейін. Теміртау дегенде, Пресногорьков ауданынан онша қашық емес дедім. Биыл жазда тағы да дем алысқа барам ғой, сонда түсіндіріп айтармын, — деп Көбек күліп қойды.

Осындай кездерде бір мезгіл қиялдап та кетесін. Өйткені Қазақстан магниткасының болашағы қандай болмақ, соны ойлайсын! Өйткені, биыл Қазақстанның даңқты 40 жылдық мерекесіне магнитканың екі домнасы шойын бере бастайды делік. Ал соның аржағында тағы да осындай келелі жұмыс жатыр. Мұның үстіне, кәзіргі Теміртау қаласы мен магнитка поселкесінің екі ортасы қосылып, аса үлкен жаңа қала орнайды. Бұл ғана емес, кейбір болжамдар мен жобаларға қарағанда Ертіс-Қарағанды каналы біткен кезде Қазақстан магниткасының екінші кезегі, ең үлкен құрылысы басталады. Міне, осындай алып жобалар мен батыл қиялдарға қарағанда басталған іс жақын арада біте қояр ма екен! Көбектің өзі де осылай ойлайды. Басталған іс бітпейді, өмірдің өзі сияқты ол да туындап жалғаса береді.

Қазақстан магниткасының болашағын кәзіргі жобалардан да үлкен, өнімді, пайдалы етудің бір ғана жолы бар. Ол—су мәселесі. Егер,

кәзір Теміртау су қоймасына, Нұра өзеніне қарт Ертіс суы келетін болса, магнитканың қуаты кәзіргі жобадан екі-үш есе асып кетпек.

Арқаның кең даласының сусынын кандырып, тақыр жерге гүл өсіріп, Ертіс суы Торғай жазығына қарай аққан кезде, сол каналдың бойына сәулетті әлде неше жаңа қалалар орнайды. Бұл қиял ма екен? Жоқ бұл қиялдан гөрі шындыққа жақын, кәзір жобаланып, ол жобалар мақұлданып жатыр.

Әрбір жаңа құрылыс, жаңа қала өз қазанында қайнайтын жұмысшы табының жаңа топтарын жасақтап шығарады. Қазақстан магниткасының құрылысында үлкен істер істелумен бірге жаңа адамдар тәрбиеленіп, өсіп келеді. Соның бәрі осы Көбек, оның бригадасындағы өрімдей жас жігіттер. Қазақстан магниткасы осылардың көз алдында ғана өсіп келе жатқан жоқ, қолымен, еңбегімен өсіп келеді.

Қазақстан магниткасы деген ең алдымен республиканың, тіпті одақтың алып құрылысы. Ол халқымыздың зор мақтанышы. Теміртау республикадағы болат өндірісінің тұңғышы болса, магнитка Қазақстандағы шойын өндірісінің тұңғышы болмақ. Осындай алыпты салып жатқан кішіпейіл, барынша қарапайым кішкене адамдар, жас жігіттер мен қыздар үлкен де абыройлы істер істеп жатыр. Солардың бірі—Көбек өзі туып-өскен Алабұға көлінің желсіз күнгі тұнығындай мөлдір кара көзін мотордың бір тетігіне қадап, слесарьлық станокке шынашағын сүйеп тұрыпты. Осы бір тетіктің тез бітуінің өзі үлкен іске үлес бола бермек. Көзге көріне бермейтін, ауыз толтырып айта беруге келмейтін кішкене істер мен кішкене тетіктердің өзі үлкен құрылыстың сан қилы қан-тамырлар сияқты аса қажеті болмақ. Тетік! Бұл сол қанның қызыл шариктері. Мұны слесарьлар әзірлейді. Мына, өзіміздің Көбектер әзірлейді. Мұны, қарапайым сөзбен айтқанда, кішкене адамдардың үлкен ісі дейді.

—Ия, Қазақстан магниткасын салуға қатысу үлкен де абыройлы іс. Магнитка—халықтың мақтанышы, Отанның қуаты.



# Әдебиет пен көркемөнердің эстетикалық тәрбиедегі ролі

М. ҚАРАТАЕВ,

*филология ғылымының кандидаты*

Марксизмнің негізін қалаушылар көркемөнердің қоғамдық өмірдегі ролі жөнінде терең ойлар мен пікірлер айтты. Олардың еңбектерінен біз көркемөнердің қоғамда атқаратын белсенді қызметі мен шыққан тегі туралы толық мағлұмат аламыз. Бұл бағытта орыстың ұлы революционер-демократтары да (Белинский, Чернышевский, Добролюбов) тамаша қорытындыларға келген-ді.

Олар «көркемөнер көркемөнер үшін» деген буржуазиялық теорияның өкілдеріне қарсы аяусыз күрес жүргізе отырып, көркемөнердің қоғамдық-тәрбиелік ролі туралы тезисті зор логикамен және өздеріне тән революциялық ынта-жігермен қостап, қорғап қалды, көркемөнерді «өмір оқулығы», «өмірге үкім» деп білді.

Ал көркемөнер туралы маркстік философияның жаңа, ең жоғары сатысы ұлы Лениннің еңбектеріне ғана байланысты. Ол өмір танымындағы негізгі теория—бейнелеу теориясын дамытумен бірге көркемөнердің партиялығы мен халықтығы жөнінде жарқын принцип ұсынды.

1905 жылдың өзінде-ақ Владимир Ильич «елдің гүлі, оның күші, болашағы — миллиондаған еңбекшілерге» қызмет ететін, пролетариатпен тығыз байланысты, жаңа, нағыз ерікті әдебиетті «таза», «тәуелсіз көркемөнер» деп аталатын буржуазиялық екі жүзді әдебиетке қарама-қарсы қоюға шақырған болатын.

Ұлы Октябрь революциясы жеңгеннен кейін В. И. Ленин халық мүддесіне саналы қызмет ететін, халық өміріне терең бойлайтын осындай әдебиет пен көркемөнердің негізін қалауға қамқорлық жасады.

Ұлы көсемнің дана өсиеттерін басшылыққа алып, біздің партия әдебиет пен көркемөнердің өсіп, гүлденуіне қолайлы жағдайдың бәрін жасап келді, жасап та отыр.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі келешектің адамын кәзірдің өзінен бастап тәрбиелеу керек деп атап көрсетті. Бұл міндет совет адамдарын ең алдымен еңбекке коммунистік тұрғыдан қарауға, сол еңбекті бірінші тұрмыс қажетіне айналдырып, шын бақытқа бөлейтіндей етіп тәрбиелеуге меңзейді. Бұл — біздің жарқын мұратты мақсатымызға жетудегі күрделі де санқилы идеялық-тәрбие жұмысының түйінді мәселесі.

Бұл істе адам санасы мен психикасына ерекше әсер ете алатын әдебиет пен көркемөнердің маңызы зор. Сондықтан әдебиет пен көркемөнер қызметкерлерін өзінің сенімді көмекшісі деп санайтын партиямыз әдебиет пен көркемөнерге күнделікті көңіл бөліп отырады.

Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезінде былай деген болатын: «Әдебиет, театр, кино, музыка, мүсін өнері және живопись қайраткерлері өздерінің творчествосының идеялық-көркемдік дәрежесін арттырып, келешекте де еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру, көп ұлтты социалистік мәдениетті дамыту, коммунистік моральдың принциптерін насихаттау, эстетикалық жақсы талғамды қалыптастыру ісінде партия мен мемлекеттің белсенді көмекшілері болуға тиіс».

Көркемөнер қызметкерлері өзінің осы ізгі борышын көркемөнердің басты мақсаты болып табылатын әдемілікке баулу арқылы ғана жүзеге асыра алады.

Марксизмнің негізін қалаушылар ертеректе-ақ көркемөнердің маңызды ерекшелігі дүниені көркемдік көзбен тану, өмірді әдемілік заңымен құру екенін білген болатын. Әдебиет туралы идеализмнің субъективтік көзқарасына қарама-қарсы марксизм өмір шындығында адам санасынан тыс өмір сүретін объективтікті мойындайды. «Әдебиет дегеніміздің өзі өмір,—дейді Н. Г. Чернышевский,—өмір осындай болу керек деген біздің ұғымымызға сай келетін нәрсе ғана әдемі, бізге өмірді нақты көрсететін немесе оны еске түсіріп, көзге елестететін зат қана әдемі» (Н. Г. Чернышевский. Философиялық таңдамалы шығармалары, 1-том, 59-бет).

Адам баласының бақытты өмір сүру туралы ежелгі арманы іске асып, тұңғыш рет совет адамының қолымен коммунизмнің сәулетті сарайы салынып жатқан кезде, Н. Г. Чернышевскийдің бұл классикалық анықтамасының мән-мағнасы тіптен биік.

Не әдемі десеніз, совет халқының ерлік күресінің нәтижесінде құрылатын коммунистік қоғам әдемі. Сонымен бірге совет адамдарының осы қоғамды құру жолындағы қаһармандық күресі мен жанқиярлық еңбегі де әдемі.

Коммунизм заманы коллективизм мен патриотизмнің игі сезімдерін тудырумен бірге толық та терең мағналы, маңызды, тұтас характерге лайық сипаттар мен қасиеттер де тудырып, шыңдайды.

Совет көркемөнерінің жаны мен туы — адам, коммунизм орнатып жатқан нағыз еркін еңбектің адамы. Көркемөнер шығармаларында совет адамдарының типтік қасиеттерін қамтып, олардың ой-арманы мен творчестволық еңбегінің әдемілерін молынап ашып көрсететін образдар мен характерлер жасап шығару — игілікті іс. Міне мұндай шығармалар, бір жағынан, зор танымдылық мәнімен көрінеді, екінші жағынан, кісіге үлкен әсер етеді, адамға көркемдік ләззәт беріп, өмірді эстетикалық тұрғыдан түсінуге баулиды. Қоғамдық идеологияның елеулі бір саласы болып саналатын көркемөнердің ерекшелігінің өзі де осында. Совет адамдарының өмірін үңіле зерттеп, осы өмірдің әдемілігі мен оңдылығын таныту, тиянақты ету—міне бұл біздің көркемөнердің биік мақсаты.

Көркемөнердің шын туындысындағы адам образы (мейлі жағымды, мейлі жағымсыз болсын) автордың идеалына қызмет етеді және ой мен сезімге әсер еткіш ықпалды күшке айналады. Ол адам жүрегін тебірентеді, билейді, көңілін көтеріп, шабыттандырады. Сондықтан жаңа қоғамның адамын тәрбиелеуде, атап айтқанда, оны эстетикалық мәдениетке тәрбиелеуде көркем шығарманың мәні күшті. Нағыз көркем шығармадағы жағымды, жағымсыз образдар мен характерлердің қай-қайсысының да өзіндік тәрбиелік орны бар: жағымдылары еліктеудің өнеге алудың үлгісі болса, жағымсыздары кісіні жамапдықтан жирентіп, бездіру арқылы жақсыға баулиды.

Өткен ғасырдың ұлы суреткерлері адам туралы толғанып, жан дүниесі әсем, әдемі, жанжақты жетілген азат еңбектің адамын арман етті. Орыстың данышпан жазушысы А. П. Чехов адамның барлық жағынан әдемі болуын көкседі.

Адам туралы осындай ежелгі арманның орындалатын кезеңі тек совет заманында туды. Еліміздегі социалистік құрылыс дәуірі совет адамдарының рухани жағынан өсіп, жетілуіне қолайлы жағдай жасады. Жетіжылдық жоспардың артығымен орындалатыны, коммунизмнің материалдық-техникалық негізінің қалануы адамның жеке басының жанжақты дамуына қолайлы жағдайды молайта түсумен бірге А. С. Макаренко айтқан жарқын болашақты еске түсіреді: «Коллективтің бола-



шағы жеке адамның болашағымен неғұрлым ұштаса түссе, адам соғұрлым әдемірек те асқақ та бола береді» («Ұстаздық дастан», 375-бет).

Қоғамдық рухани өмірдің негізгі және маңызды жағының бірі — эстетикалық мәдениеттің орны ерекше. Адамның эстетикалық сезімі дегеніміз еңбек процесінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қымбат қасиет. Маркс сөзімен айтсақ: «Адам баласы жан дүниесінің объективті байлығының молдығына сәйкес адам сезімінің субъективті байлығы пайда болады, әдеміліктің формаларын түсіне алатын музыкаға бейім құлақ пен көз пайда болады, әйтеуір ләззәт алуға бейім адамның кейбір сезімдері жаңадан туып, кейбірі онан әрі дамып отырады» (Маркс пен Энгельс, Шығармалар, III том, 627-бет).

Сөйтіп, бұдан біз адамның эстетикалық деп аталатын ләззәт алуға бейім сезімдері адам табиғаты дамуының объективті жағдайларына сай күшейіп отыратынын көреміз. Сондықтан коммунизм заманындағы адамның материалдық-рухани дамуының биік нысанасы кемелденген эстетикалық сезімге де бастайды. Бұл жағдай эстетикалық тәрбиенің зор да белсенді қызметін жоққа шығармауы былай тұрсын, қайта оның үнемі үдей түсуін қажет етеді.

Көркемөнердің эстетикалық сезімді тәрбиелеудегі қызметіне К. Маркс ерекше мән берген: «Көркемөнер мүлкі әдеміліктен ләззәт ала білетін, көркемөнерді түсіне алатын адамдар тобын құрайды» (К. Маркс, «Саяси экономияға сын», 204-бет). Сондықтан совет әдебиеті мен көркемөнерінің эстетикалық тәрбие арқылы жаңа адамның жалпы рухани дүниесін қалыптастыруда үлесі көп.

Эстетикалық тәрбие өмірде, көркемөнерде кездесетін әдемілік пен ұсқынсыздықты дұрыс ұғынуды, маркстік-лениндік ілімге негізделген адамның эстетикалық көзқарасын, талғамын екшеп, бір жүйеге келтіруді мақсат етіп қояды.

Коммунизм құрылысшыларының эстетикалық көзқарасы мен талғамының үйлесімді жүйесін тудырған маркстік-лениндік эстетика адамның да, көркемөнердің де өмір шындығына эстетикалық көзқарас принциптерін дәуірдің озық идеяларымен ұштастыра отырып зерттейді. Революциялық дамудағы өмір шындығының ақиқатын көркем де айқын бейнелеумен бірге, суреткердің партиялық пен халықтықтың нұрына бөленген мүдделі ой-пікірін де білдіретін социалистік эстетиканың негізгі принципі — социалистік реализм әдісін толық меңгергенде ғана советтік көркемөнер өзінің мақсатына жетпек, тәрбиелік қызметін толық орындай алмақ. Міне, сол себепті де кәзіргі ревизионистер социалистік реализмге жанталаса шабуыл жасағанда, социалистік эстетиканың идеялық негізі — эстетикалық принциптің саяси, философиялық, адамгершілік-мораль принциптерімен тығыз байланыстылығына қарсы шаптығады. Импералистік идеологияның осы реакцияшыл қолшоқпарлары біздің көркемөнерді өткір идеядан, пафос пен жауынгерлік рухтан жұрдай етіп, оның беделін түсіруге барлық амалын жұмсап бағуда.

Бықсық ескі мешандық талғамға негізделген идеясыз, қырсыз, қанатсыз «эстетикалық» шимайлар емес, кәзіргі заманның ізгі идеяларымен құлпырған шын көркем шығармалар ғана коммунистік тәрбиенің абыройлы міндетін атқара алады. Сондықтан көркемөнер шығармаларының тәрбиелік қызметін анықтағанда негізгі қойылатын талап — оның ең алдымен адамға әсер еткіш күші кемеліне келген көркемдік түр мен идеялық мазмұнның қиыса да үйлесе көрініс табуы, замандас тұлғасының ақиқат та айқын бейнеленуі. Көркемөнер туындылары міне осы қасиеттеріне қарай бағаланады.

Егер әдебиет пен көркемөнер шығармаларын әлгіндей талап тұрғысынан бағаласақ, онда тыңдаушыларға, оқушылар мен көрушілерге олардың бәрінің бірдей біркелкі әсер етпейтінін аңдау қиын емес. Мысалға көркемөнердің халық арасына кең тарайтын түрі — киноны ала-

йық. Көркемөнер шығармаларының шынайы туындылары болып саналатын айталық, «Адамның тағдыры», «Тырналар ұшады», «Солдат туралы аңыз» және біздің Қазақстанда шығарылған «Өмір жолы» фильмдерінен көрушілерді әбден сүйсіндіретін, ой-сезімін тебіrentетін жоғары көркемдіктің де, терең идеялықтың да үлгісін көреміз. Мұндай фильмдердің жалпы коммунистік тәрбие ісіне де, эстетикалық талғамды тәрбиелеуде де әсер, ықпалы орасан күшті. Ал енді көркемдік құнары кем «Кұтқарылған ұрпақ» тәрізді орташа, сүренсіз, сұрғылт фильмдер туралы мұны айтуға болмайды. Мұндай фильмдер бізде әлі де көп. Бұлар ешкімге ешқандай әсер етпейді, сол себепті олардан көрушіге пәлендей пайда да жоқ. Ал, «Жүз досың да болмасын», «Нино», «Гитара ұстаған қыз», «Жастық дәурен», «Тыныш пристань жанында» және біздің қазақстандық фильм «Жерге қайтып оралу» сияқты түкке тұрмайтын, бәлдір-батпақ картиналардың эстетика-этикалық тәрбиеге көмектеспеуі былай тұрсын, керісінше, адамды мешандық парықсыз талғамға дағдыландырып, көбінесе тіпті адамгершілікке жатпайтын қылықтар мен мінездерге баулиды.

«Кұлақтан кіріп бойды алып», жүрек қылын шертетін, нәзік тілмен сөйлеп, жан дүниенді билейтін музыканың еліткіш те еліктіргіш ғажап қасиеті жұртқа мәлім. Бұл жерде басқаны қойып, Людвиг Бетховеннің атақты «Аппосионатасының» Владимир Ильичті қалай таң-тамаша қалдырғанын ғана еске түсірейікші! Ұлы көсем музыканың сергіткіш, эстетикалық ләззәт бергіш құдіретті күшіне кереметтей таңданған.

Музыка өнерінің жоғары түрі — классикалық опера мен симфониялық шығармаларды айтпағанның өзінде, жақсы әндерде қаншама тамаша тебіrentкіш күш бар! Халыққа эстетикалық тәрбие беру үшін әуенді де әдемі, көркем де таза, жан сауықтыратын әндердің баға жетпес маңызын айтып жатудың қажеті жоқ. Орыстың, украинның, қазақтың тағы басқа ұлттардың мәңгі өшпейтін халық әндерінде, Абай, Ақан, Біржан, Мұхит, Жаяу Мұса, Майралардың әсем әндерінде жан тербенетін қаншама көркемдік, сүйкімділік бар! Совет әндерінде де жарқын, көтеріңкі сарын, қуат пен жалынды өмір бар. Тек И. Дунаевский, М. Блантер, В. Мурадели, Т. Хренников, А. Новиков, В. Соловьев-Седой әндерінің әсер еткіш күшін кім сезбейді.

Осылармен қатар Қазақстанның кәзіргі композиторларының жақсы шығармаларын да атау керек. Бұларға Латиф Хамидидің «Отан», «Қазақ вальсі», «Бұлбұл», Е. Брусиловскийдің «Бейбітшілік туы берік қолда», «Гүлденген Қазақстан», А. Жұбановтың «Көгершін», «Қарлығаш», Б. Байқадамовтың «Партия туралы жыр», «Ақ бидай», «Домбыра», Абай текстеріне жазған С. Мұқамеджановтың әндері, М. Төлебаевтың, Ә. Есбаевтың тағы басқаларының әндері қосылады.

Сонымен бірге М. Бестібаевтың «Кұрылысшы қыз Қырмызы», И. Жақановтың «Шопан қызды іздеп келем», Б. Тәжібаевтың «Жаз көңіл» сияқты ешкімді баурамайтын, тек шуылдап, құлақтың мазасын алатын әнсымақтарын қайтерсің, ал осындай әндер радиодан беріліп, кейбіреулері сахнада айтыла бастаса не шара?! Кім айтсын мейлі, қайда айтсын мейлі, ондай әндер шын шабыттан тумағандықтан ешкімді селт еткізбек емес, ешкімнің жүрегіне ұяламақ емес.

Әннің тексті жөнінде бірер сөз. «Әнде артық сөз жоқ» деп халық аузында бекер айтылмаған. Әйтседе біздің композиторларымызда ән текстің бағаламаушылық бар. Олар ешқандай поэзиялық ұшқыны жоқ текстерге ән шығарып жүр. Мұны әсіресе бүгінгі заман тақырыбы жөнінде айтуға болады. Не ақылға қонымсыз, не жүрекке әсер етпейтін, тіпті мағынасы жоқ текстер бізде көп-ақ. Мысалы, композитор С. Мұқамеджанов өзінің «Бір тіл қатса болмап па?» деген әнін Н. Баймұхаметовтың текстіне шығарған. Шофер өзінің көңілі кеткен қызына мұның шағып:

«Қайрылмады тағы да,  
Жалт бұрылды құрбыжан,  
Әдейі арнап шықты ма,  
Деп қалып ем алдымнан»—дейді.

Қайырмасы:

«Келе қойса қалқашым,  
Бір қарап-ақ қоймас па ем,  
Машинаның есігін  
Айнадай қып қоймас па ем».

Бұл текст жөнінде не деуге болады! Барып тұрған мағынасыз да шалағай жұмыстың үлгісі емес пе?! Абай текстеріне тәп-тәуір әндер шығарған талантты композитордың мұнысына қынжылмасқа болмайды. «Су тасушы қыздың әні» деген әннің тексті де нашар.

«Еду, еду кашықтан  
Мен водовоз асыққан.  
Мәлдір су бар, достар-ей,  
Кому надо поскорей!»

Қазақ, орыс сөздерін бұл сияқты ретсіз араластырып, оның айтылуын бұрмалап күлдіргі ән жасау — кәзіргі кезде әбден көнеріп, ескірген, ерсі де дөрекі және эстетикаға жат тәсіл.

Театрдың тәрбие жұмысында маңызы зор екені баршамызға белгілі. Театрды Станиславскийдің: «Әлемге ұшан-теңіз жақсылық айтудың мінбесі» деп бағалағаны есімізде. Ал осы мінбе бізде қалай пайдаланылып отыр? Осыны айтқанда біздің театрымыздың бүкіл тарихы, оның «Еңлік—Кебек», «Арқалық», «Майдан», «Түнгі сарын», «Аманкелді», «Жалбыр», «Айман—Шолпан», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Абай», «Біржан — Сара», «Ақан сері — Ақтоқты», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Майра» сияқты жақсы спектакльдері көз алдымызға келеді. Бұлар қаншалықты шаттық пен рахат әкеліп, қаншалықты естен кетпес терең әсер қалдырады. Мұнымен бірге сахнада 2 — 3 күн ғана өмір сүріп, ешқандай әсер-із қалдырмаған пьесалар да аз болған жоқ. Бұған Ә. Әбішевтің «Кім менің әкем?», Ш. Хұсайыновтың «Ертіс жағасында», Ғ. Слановтың «Махамбет» сияқты пьесаларын жатқызуға болады. Әрине, мұндай пьесалардың не саяси, не моральдық, не эстетикалық тәрбиеде берері шамалы.

Совет заманы сурет шеберлерінің де бір топ сандағын шығарды. Қазақ ССР-інің халық суретшісі Ә. Қастеевтің Аманкелді Иманов портретін, профессор Черкасовтың Жамбыл мен Дина Нұрпейісова портреттерін, Шаяхметовтың «Жеңімпаз» деген картинасын, Нұрмұхаметовтың үлкен композицияға құрылған «Фрунзе Самарқандта», Таңсықбаевтың «Тың» және «Тау шыңындағы каток» деген пейзаждарын, Ә. Ысмайыловтың «Индустриялы Қарағанды», Телжановтың «Жамал», Кенбаевтың «Шопан әні» деп аталатын романтикалық картинасын кім білмейді?

Қазақ жерінде тасқындап жатқан ғажап еңбек ерлігі, адам мен табиғаттың әдемілігі — біздің суретшілердің ондаған көрмеге қатысып, бейнелеу өнерінің жақсы шығармаларын жасауына шабыт қосып отырады. Мұндай шығармалар эстетикалық сананы, дұрыс талғамды, гармониялық сезікті қалыптастырады. Алайда Қазақстан суретшілері шығармаларының бәрін бірдей көркем де жарқын, даусыз онды шыққан деуге сыймайды. Біздің живописьте де қазақ әдебиетіндегі сияқты шындықтың сыртын жалтыратып көрсету, үстірттік, біржақтылық, сүреңсіздік сияқты кемістіктер аз кездеспейді. Бұл кемшіліктер сурет өнері шығармаларының идеялық, көркемдік құнын кемітіп, тәрбиелік мәні мен әсерін сөз жоқ төмендетеді.

Республикамыздың суретшілері жұртқа қатты әсер ететін Левитанның «Алтын күзі», Саврасовтың «Ұзақтар ұшып келдісі», Репиннің

«Бурлактары», Суриковтың «Боярыня Морозовасы» сияқты шығармалар тудыруы қажет. Ал, бізде жексенбі күні базарға бара қалсаңыз бұрылыстау жерге ілініп, сатылып жатқан «пейзаждар» мен «кілемшіктерді» көресіз. Кейде көп тиражбен басылатын құттықтау хаттардың да суреттері оншама ойдағыдай шыға бермейді. Шынтуайтқа келгенде мазмұннан түрді бөліп алып қарайтын, реализмге жат, қасақана өмірден ауа жайылатын Батыстың абстракциялық зиянды өнерінен жас суретшілерді сақтандырып отыру керек.

Революциядан бұрын қазақта мүсін өнері болмағаны баршаға аян. Сондықтан Қазақстандағы кәзіргі жас мүсіншілер шығармаларына үлкен мақтанышпен қараймыз. Бұған Пономарев жасаған Ыбрай Алтынсарин мен Шығанақ Берсиевтің мүсінін, Наурызбаевтың «Жамбылдың жастық шағы», Урманченің «Қыздың портреті» мүсіндерін айту жеткілікті. Е. Вучетичтің «Семсерден соқа соғайық» деген мүсінін еске түсірейікші. Терең пікірімен және көркемдік шеберлігімен көрушісін таң қалдырған бұл мүсінді Совет Одағы Біріккен Ұлттар Ұйымына сыйға тартты. Заманымыздың осы үлкен мүсіншісі «Қазақ сюитасы» деп аталатын, Қазақстандағы озат адамдардың бір топ мүсіндік портретін жасап шығарғанын үлкен қуанышпен атаған жөн. Мұндай шығармалар көркемдік талғам мен түсінікті қалыптастырып, әдеміні сүйе де, ұға да білуге үйретеді, эстетикалық сезім мен ләззәт береді.

Бірақ бейнелеу өнерінде алдампаздар мен алааяқтар әлі де ішінара кездесіп жүр. Мұндайлар өз «шығармаларын» базарға шығарады. Адам төзгісіз, ескілікті жар салып шақыратын, гипстен жасалған мысықсымақтардың, сәлекет ит пен пілдің, түрінен жан шошитын қораздардың, әшекейі жексұрын комодтар мен этажеркалардың небір түрі кездеседі. Совет өкіметінің 43 жыл өмір сүруі тұсында осындай заттардың халыққа эстетикалық тәрбие беру ісіне зиянын тигізіп, олардың талғамын бұрмалап, әлі де болса кейбір артта қалған адамдардың ұғымына ықпал жасап отыруы өкінішті-ақ.

Музыка, живопись, мүсін және басқа көркемөнер түрлеріндегі дәрежелік пен талғамсыздықты атаумен қатар, сол іспетті құнсыз туындылардың ара-кідік біздің эстрада, радио және телевидение программаларына да еніп кетіп жүргенін айта сөз болмайды. Эстрада артистері мен конференсье, дикторлардың оңды орындауларында берілетін жақсы номерлермен қабат, эстрадалық шеберліктің құнын түсіретін де номерлер ұшырасатыны күмәнсіз. Бұл — радио мен телевидениенің миллиондаған халыққа қызмет ететінін еске алсақ, төзбестік жағдай.

Көркем әдебиетке кеңірек тоқталған жөн сияқты. Себебі, әдебиет Белинскийше айтсақ, «көркемөнердің бірігіп тұтасқан, ұйысқан түрі». Шынында да көркемөнердің басқа салаларының ішіндегі ең белсенді жетекші, жанжақты түрі — сөз өнері. Ұлы Горький әдебиеттің мақсаты мен міндетін терең де дәл айтқан еді: «Әдебиеттің мақсаты — адамның өзін-өзі түсінуіне көмектесу, өзіне деген сенімін арттырып, шындыққа ұмтылу ынтасын көтеру, оның жақсы қасиетін таба біліп, жан дүниесіндегі ұят пен ызаны, жігер мен ерлікті қоздыру, адам өзінің адамгершілігі жағынан күшті, әдеміліктің қасиетті рухымен өмірін жандандыра алатын болуы үшін қолынан келгенінің бәрін істеуі керек» (М. Горький, Шығармалар, 2-том, 1949 ж. 195-бет).

Тіл өнері ерте заманның өзінде-ақ өте жоғары бағаланған. Жауға қарсы соғыста қатерлі жағдайда қалған афинылықтардың Троя жауынгерлеріне жіберген ақын Тиртей туралы тамаша аңызын адам баласы біздің дәуірімізге таза күйінде жеткізді. Ақсақ ақын Тиртейдің айтқан жауынгерлік жалынды өлеңінен рух алған әскерлер бірден соғысқа батыл араласып, жауды Троя қабырғасынан қуып шығады. Көркемдік және ақындық сөздің керемет күшін барлық халық осылай мойындаған. Мұның айқын үлгісін қазақтың ауыз әдебиетінен де көреміз.

«Өнер алды — қызыл тіл», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Зергердің қолы алтын, ақынның сөзі алтын», «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жетеді» деген сияқты көптеген даналық мақал-мәтелдерді халық тудырған. Алдар көсе мен Жиренше шешеннің, Тазша баланың тапқырлығы мен өткір тілділігін дәріптейтін ғажап ертектерді, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» заманды аңсаған Асанқайғы туралы аңыздарды халық текке тудырған жоқ. Күрескер ақын Махамбеттің жалынды, ыза-кекке толы жырлары ғасырлар бойы халықпен бірге тектен-текке жасап келе жатқан жоқ.

«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
«Іші алтын, сырты күміс» сөз сарасын,  
Қазақтың келістірер қай баласы?»

деп, қазақ әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбаев та текке айтпаған ғой. Баспасөзі, радиосы жоқ сол кездің өзінде-ақ Абайдың өз өлеңдері, Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдері ауыздан-ауызға тарап, бүкіл қазақ даласына жайылғаны тегін емес.

Қазақ әдебиетінің тәрбиелік мәні Совет дәуірінде онан сайын күшейіп отыр. Біріншіден, қырық жылдың ішінде әдебиеттің өзі көп жанрлы, көп ұлтты совет әдебиетінің мәуелі зор бұтағына айналды. Екіншіден, мазмұны мен түрі жағынан да тіпті жаңа сапаға ие болып, идеялық-көркемдік биік дәрежеге көтерілді.

Социалистік реализм негізінде қаулап өсіп келе жатқан қазақ совет әдебиеті қырық жылдың ішінде халықты этикалық-эстетикалық рухта тәрбиелеп, оған коммунистік моральді ұғындыра түсуде үлкен роль атқарып келген, келешекте де солай бола беретін көптеген тамаша көркем шығармалар берді. Қазақ әдебиетінде есімі жалғыз Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын, жазушылар бар. Мәселен, «XX ғасырдың Гомері», халық поэзиясының алыбы аталған Жамбыл Жабаевты, бүкіл совет әдебиетінің асыл қазынасы — «Абай» эпопеясын жазған үлкен жазушымыз, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Әуезовты кім білмейді? Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков және басқа қазақ жазушыларының шығармалары Қазақстанның, Совет Одағының және шет елдердің көп оқушы жұртшылығынан жоғары баға алып отыр.

Тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармаларды былай қойғанда, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен «Советстан», «Альбатрос» поэмалары, Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунистка», «Онбес үй», «Азамат Азаматичі» мен «Майдан» пьесасы, Ілияс Жансүгіровтың «Жолдастар» романы мен «Дала» поэмасы, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз», «Сырдария» романдары, Ғабит Мүсіреповтың колхоз туралы әңгімелері мен ана туралы новеллалары, «Қазақ солдаты» повесті, «Аманкелді» пьесасы, Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», «Дауылдан кейін» романдары, Саттар Ерубаеттің «Менің күрдастарым» повесі, Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлары», Тайыр Жароковтың «Тасқын», «Құмдағы дауыл», «Жапанды орман жаңғыртты» поэмалары, Әбділдә Тәжібаевтың «Портреттер» поэмасы мен «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасы, Қасым Аманжоловтың «Абдолласы», Хамит Ерғалиевтің «Біздің ауылдың қызы» атты поэмасы, Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романы, Зейін Шашкиннің «Тоқаш Бокині», Тақауи Ақтановтың «Қаһарлы күндері», Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Күткен кү-

ні» және басқа кітаптар идеялық-эстетикалық құны жоғары шығармалар есебінде біздің әдебиеттің асыл қорына қосылды.

Бүкілодақтық совет әдебиетінің, оның ішінде Қазақстан әдебиетінің асыл туындылары еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне, жаңа адамның кесек тұлғасын жасауға қызмет етіп келеді. Бірақ өршіл жаңа талапқа сай біздің әдебиетіміз қол жеткен дәрежеде тоқырап қалмай, жаңа қияға өрлей түсуі керек.

Өрлеу үстінде келе жатқан қазақ әдебиетінің жетістіктерін коммунизм құрылысы дәуірінің өскелең талабына сай бағалайтын болсақ, онда біздің әлі болса көптеген кем-кетігіміздің, көріксіз, сұрғылт, піспеген шикі шығармалардың бар екені көрінеді. Оқушыларды селт еткізбей, селқостыққа итеретін, ешбір қызықтырмайтын, қайта тіпті жалықтырып жіберетін кітаптарды жиі ұсынып жүргенімізді жасыра алмаймыз. Бізде нағыз көркемдік шындығы, үлкен көркемөнердің, өмірдің ұлы идеяларынан нұр алған толық қанды жарқын образдары жоқ, тек факті мен құбылыстың үстірт суретін беретін шығармалар да бар. Бұл ретте Ә. Нәбиеттің, Ө. Қанахиннің, М. Тиесовтың, Қ. Оразалиннің, Ғ. Слановтың, Ә. Әбішевтің әңгіме, повестерін атап өтудің өзі жеткілікті.

Кейінгі жылдары поэзиямызға бір топ талантты жас ақын келіп қосылды. Біздің поэзияға бұлардың келешекте берері көп деген үміттеміз. Әйткенмен, жас ақындарды мынадай бір қауіпті жайдан сақтандырып қойған жөн сияқты. Бұлардың кейбіреулері «Лирикалық дәптер» деп аталатын өлеңдерінде қоғамдық үлкен тақырыптардан ауытқып, өздерінің дара, оқшау «меншілдік» тұрғысына көбірек бой ұрып, «махаббат пен гүл, қыз бен бұлбұл» туралы түсініктердің өнін айналдырып жіберетіні бар. Бәрінен де қауіптісі: кейде осындай өлеңдерде совет жастарына жат мешандық сентиментализм сарынын еске түсіретін егілу үні мен күйректік мақамы байқалады.

Шынайы көркемөнердің адамға ететін игі әсерін ұлы ойшылдардың көбі-ақ айтқан. Мәселен, ағылшынның атақты ғалымы Чарльз Дарвиннің мынадай бір тамаша пікірі бар: «Егер маған екінші рет өмір сүруге мүмкіндік туатын болса, мен ең кемі аптасына бір рет поэзиялық шығарма оқып, музыка тындауды өзіме міндетті ережеге айналдырар едім, сөйтіп кәзір семіп қалған кейбір ми бөлімшелері ұзақ жасау қабілетін сақтап қалған болар еді. Бұл талғамдарды жоғалту бірсыдырғы бақыттан айрылумен тең және ол ақыл-ой қабілетіне де зиянды ықпалын тигізуі мүмкін, ал біздің табиғатымыздың сезімдік жағын әлсіреткендіктен адамгершілік характерімізге әсер етуі айқын» (Ч. Дарвин. «Түрлердің шығуы» Ауылшаруашылық баспасы. 1937 ж. 88-бет).

Осы ойлы пікір тұрғысынан қарасақ, әдебиет пен көркемөнерді мәнсіздейтін, көркем әдебиетті аз оқитын, не тіпті оқымайтын, сурет көрмелері мен концерттерге бармайтын, ал былайша «мәдениетті» деген кейбір замандастарымызды көргенде, лажсыз қынжыласын. Кейбіреулерінің көрікті жеке кітапханалары бар, бірақ осы кітаптар эстетикалық ләззәт алу үшін емес, бөлменің сәні үшін жиналатын сияқты.

Сөз жоқ, біз көркемдік, эстетикалық рухани байлық жасаймыз, ал осы байлық қалың бұқараның игілігіне айналады. Біздің партия, оның лениндік Орталық Комитеті әдебиет пен көркемөнердің халық игілігіне сай өркендеуіне барлық жағдайды жасап келді, жасап та отыр. Сондықтан жаңа өмірдің жарқын сипатын, сұлу сымбатын, жаңа адамның оңды қасиетін қастерлеп, уағыздау керек, коммунизм орнатушы совет адамдарының шабытты еңбегін сүйіп, ардақтап, даңққа бөлей беру керек.

# КПСС Орталық Комитетінің июль пленумы қарсаңында

## Техника кең қолданылып, өнімді пайдаланылсын

Партияның Орталық Комитетінің июль Пленумы болатыны туралы хабарды бүкіл елімізбен бірге Қазақстанның еңбекшілері де қуанышпен қарсы алды. Пленумда жетіжылдықтың өнеркәсіп саласындағы тапсырмасын орындаудың, ғылым мен техника жаңалықтарын өндірісте қолданудың барысы туралы басқалармен бірге Қарағанды Халық шаруашылығы советінің жұмысы талқыланбақ. Мұның өзі республикамыздың экономикасын өркендетуге, оның Қарағанды сияқты өндірісімығым әкімшілік ауданын дамытуға партиямыздың жасап отырған жаңа қамқорлығы екені айқын. Бұл Халық шаруашылығы советінде мыс-руда өнеркәсібі, оның ішінде Жезқазған кені елеулі орын алады.

Жезқазған мыс-руда кені өзінің қоры жағынан дүние жүзінде екінші орын алады (бірінші орында АҚШ-тың Чуквикамата кені). Совет Одағындағы мыс рудасы қорының үштен біріндегі осында. Сондықтан Жезқазған мыс рудасын өндірудің және мыс айыру мөлшерін арттырудың еліміз үшін маңызы үлкен. Жезқазғанда шығарылатын мыс рудасы Қарсақпай мен Балқаш заводтарында қорытылады, сол сияқты Оралдың мыс қорыту заводтарына да жіберіліп отырады.

Халық шаруашылығының жетіжылдық жоспарында мыс өнеркәсібін өркендетуге ерекше көңіл бөлінген. Сондықтан мыс рудасын шығаруда оны байытуда, қорытуда тиімді әдістерді батыл қолдану — бүгін таңдағы ең түбегейлі міндеттердің бірі. Бұл үшін мыс өнеркәсібінің кәзіргі кәсіпорындарын сумен, отқа төзімді материалдармен, тағы басқалармен қамтамасыз етуді тынбай іздестіру қажет.

Қарамағында бай кені, мыс заводы, байыту фабрикалары бар Жезқазған комбинатының болашағы зор. Жетіжылдық жоспар бойынша Жезқазған металлургия комбинатында руда шығару 2,8 есе, оны байыту 3,1 есе, мыс қорыту 6 еседен аса өсуі керек. Мұны жүзеге асыру үшін жаңадан салынып жатқан № 55, № 57 шахталар пайдалануға берілуі тиіс. Златоуст — Беловскі және Анненскі карьерлері іске қосылуы керек, № 1 байыту фабрикасы қайта құрылып, № 2 байыту фабрикасы мен мыс қорыту заводы жаңадан салынуы керек.

1950—1958 жылдардың ішінде Жезқазған кәсіпорындарының өсуіне миллиондаған сом қаржы жұмсалып, жаңадан байыту фабрикасы, гидроузел, бу электр станциясы, құю-механика цехтары, ұзындығы 54 километрден астам темір жол, № 15, 44, 42 және 51 шахталары пайдалануға берілді. Жаңа қуаттардың іске қосылуы нәтижесінде руда шығару, байыту, мыс концентратын өндіру, мыс қорыту едәуір өсті. 1950 жылмен салыстырғанда 1959 жылы руда шығару 4,5 еседен аса, оны байыту 20 есе, мыс концентратын өндіру 20 есе өсті. Ал еңбек өнімділігінің мына төменгі дәрежеде өскенін көреміз (процент есебімен):

	Жылдар			
	1950	1955	1958	1959
Жезқазған кен басқармасы бойынша . . . . .	100	113,3	159,0	173,0
Оның ішінде				
Жерасты жұмыстары . . . . .	100	150,5	232,0	242,2
Забой жұмыстары . . . . .	100	171,8	292,3	305,6
Байыту фабрикасы . . . . .	—	100,0	112,0	114,5
Қарсақпай мыс заводы . . . . .	100	182,0	261,0	262,0

Еңбек өнімділігінің бұлай үздік өсуіне негізгі ауыр жұмыстарды механикаландыру себеп болды.

Партиямыздың Орталық Комитетінің июль Пленумы (1959 ж.) аса күрделі де жауапты міндет — еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру, өндіріс жұмыстарын түгел автоматтандыруға көшу, осының негізінде еңбек өнімділігін еселеп арттыру міндетін алға қойды. Бұл тарихи Пленумнан бері бір жыл уақыт өтті. Осы мерзім ішінде Жезқазған кен-металлургия комбинаты ұйымдастыру-техникалық жұмыстар жөнінде кейбір тәжірибеге ие болды.

Техниканы ілгері дамыту үшін ең алдымен тәжірибе базасы нығайтылды. Жезқазған комбинатында орталық жобалау-конструкторлық және тәжірибе лабораториясы ұйымдастырылды. Ол лаборатория комбинат кәсіпорындарында өндіріс жұмыстарын автоматтандыру, озат технологияны қолдану мәселелерімен шұғылданады.

Үстіміздегі жетіжылдықта Жезқазғанның өнеркәсіп орындарында руда шығарудың жаңа технологиясын қолданудың негізінде, сондай-ақ жаңа агрегаттарды, атап айтқанда өзі жүретін руда жинағыштарды жүк тиегіш-түсіргіш машиналарды, электр вагондарын, пайдаланудың негізінде еңбек өнімділігі еселеп артады. Мұнда енді жерасты транспортының жұмысын автоматтандыру, дистанциялық (алыстан) басқаруды жүзеге асыру көзделіп отыр.

Кәзір Жезқазған шахталарында өздігінен руда жинағыштар, екі электр экскаваторы, тағы басқа күрделі машиналар қолданыла бастады. Сол сияқты жер асты суын шығару, желдеткіштерді автоматтандыру ісі қолға алынды. Кәзір үш шахтада желдеткіштер автоматтандырылды. Ал жуықта тағы да 14 желдеткіш автоматтандырылады.

Жезқазғанның руда байытушылары да өндіріс жұмыстарын жетілдіре түсу жолында игі іс атқарады, байыту фабрикасында жаңа технологияның қолданылуы рудадан металды көп айыруға жеткізді. Байыту фабрикасында өндіріс жұмыстарын автоматтандыру және технологияны жетілдіру жөнінде жүзеге асырылған шаралар еңбек өнімділігін едәуір арттырып, бірнеше миллион сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді. Жезқазған еңбекшілері техникалық прогресті дамыта түсу жолындағы күреске белсене қатынасып, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмысты механикаландыруға, өндіріс технологиясын жетілдіре түсуге бағытталған 2 мыңнан аса рационализаторлық ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстардың жартысынан көбі өндірісте қолданылады.

Байыту фабрикасының коллективі 1959 жылды елеулі табыспен аяқтады. Мәселен, руда байытудың жылдық жоспары 102 процент, мыс концентратын өндіру 107,8 процент орындалды. Флотация қалдықтарынан жоспардан тыс ондаған тонна мыс айырып алынды. 1958 жылдағыға қарағанда руда байыту 7,5 процент, руда ұнтақтайтын диірмендердің жұмыс өнімділігі 13 процент артты.



Фабрика коллективі мұндай табысқа КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін іске асыра отырып, руда байытудың жаңа технологиясын қолдану, күрделі агрегаттардың жұмысын және басқа негізгі жұмыстарды бақылауды автоматтандыру арқылы жетті.

Жезқазған мыс рудасын сапалы етіп байыту үшін оның ірілігін 0,074 миллиметрге дейін ұнтақтау керек. Дйірмендердің екінші кезегі жоқ болғандықтан Жезқазған фабрикасы руданы жоғарыда көрсетілген дәрежеге дейін майдалауды іске асыра алмады. Мұның өзі жай флотация қалдықтарында көптеген мыстың ысырап болуына әкеп соғатын еді.

Фабриканың бір топ инженерлері Жезқазған мыс рудасын байытуда «Л» маркалы машина майын пайдалану туралы ұсыныс енгізіп, руданы флотациядан өткізудің жаңа технологиясын жасады. Бұл кейіннен өндірісте толық игерілді. Руда байытуға машина майын қолдану оның 75 процентін 0,079 миллиметрге дейін ұнтақтаудың қажеті жоқтығын, руданың 48—52 процентін 0,074 миллиметрге дейін ғана ұнтақтаса жеткілікті болатынын анықтады. Бұл диірмендердің сағаттық жұмыс өнімділігін бұрынғыдан біраз арттыруға, флотация қалдықтарымен бірге кетіп ысырап болып келген мыс мөлшерін мүлде азайтуға мүмкіндік берді. Фабриканың руданы уату, ұнтақтау корпусеріндегі ұнтақтағыштардың майлау жүйесінің жұмысын автоматтандыру жүзеге асырылды. Бұл жұмыстан бірнеше адам босатылып, өндірістің басқа саласына жіберілді. Бұрын руда ұсақтағыштарға түсетін рудамен бірге ірі темір бөлшектері келіп түсетін де ұсақтағыштарды жиі-жиі істен шығаратын. Кейіннен руда ағынынан ірі темір бөлшектерін тұтып қалатын автомат орнатылды.

Дегенмен көптеген қажетті бөлшектердің жетімсіздігінен байыту жұмысының барысын бақылайтын автоматтарды игеру әлі де толық іске асырылмай келеді. Мәселен, диірмендерге руда түсіретін сұрыптағыштардан ағатын сұйық қоспаның құрамын реттейтін автоматтардың, «ЭПП-120» типті электронды потенциометрлердің, «БРУ-21» типті реттеу аспаптарының жетімсіздігінен күні бүгінге дейін барлық диірмендерге бұл өлшеуіш түгел орнатылмай отыр. Бұл жөнінен Қарағанды Халық шаруашылығы советінің де көмегі аз тиіп келе жатқанын айта кету керек.

Фабрикада пайдаға аспай жатқан резервтер әлі де көп. Басты резервтің бірі жұмыс үстінде машина-жабдықтардың тұрып қалушылығы мен бұзылуын жою. Машинаның кезекті жөндеу аралығын ұзарту мәселесінің де мәні кем емес. Демек, флотомашиналар мен насостарды жөндеу жұмысын жақсарту керек. Флотомашинаның негізгі бөлшектерінің жұмыс істеу ұзақтығы 4 айдан аспайды. Сол сияқты насостардың жұмыс істеу мерзімі де өте қысқа болып жүр. Егер тез тозғыш тетіктер резинамен қапталған бөлшектермен айырбасталса, машиналардың жұмыс істеу мерзімі 4 — 5 есе ұзара түсер еді. Алдағы уақытта осы мәселеге де айрықша назар аударған жөн.

Жезқазған кен-металлургия комбинатының жұмысында бұдан өзге де кемшіліктер бар. 1932 жылдың өзінде-ақ профессор Мостович тотыққан мыс рудасын байытудың озық әдісін ұсынғаны жұртқа мәлім. Осы әдісті қолданғанда рудадағы мыстың 90—95 процентін айырып алуға болады. Амал не, бұл әдіс республикамызда осы уақытқа дейін кеңінен қолданылмай келеді. Қарсақпай байыту фабрикасы 1958 жылдан бастап Жезқазғанның тотыққан рудасын қорытуға көшкен болатын. Бір жыл жұмыс істегенде небәрі 78 мың тонна тотыққан руда өңделді, сонда рудадағы мыстың 45 проценті ғана айырып алынды.

Злотауст-Беловскі карьері Жезқазған кенінің жетіжылдықтағы негізгі құрылысы болып есептеледі. Оның бірінші кезегі биыл салынып бітуі керек. Бірақ мұнда құрылыс жұмыстары кәзір өте нашар жүргізі-

ліп жатыр. Оның негізгі себебі, біріншіден, құрылыс жұмысына автомобиль транспортының жеткіліксіз бөлінуінен болып отыр, екіншіден Жезқазған кені мен мыс қорыту заводын салып жатқан Қазақстан мыс өнеркәсібінің құрылыс тресі жұмысты жақсы істей алмай келеді. Карьерде жөндеу базасы жоқ. Оған келетін темір жол салудың жайы да мардымсыз.

Карьер құрылысын жеделдетіп, оны мезгілінде іске қосу үшін комбинатқа қажетті техниканы осы бастан тез жібермесе болмайды. Техника дегенде, әсіресе «ЯАЗ-210» маркалы 100 автомобиль, 90 тонналық 100 думпкар, автомашиналарға керекті запас бөлшектер, бұрғылау станогі, бульдозерлер, «С-60» маркалы қуатты экскаватор өте-мөте қажет.

Құрылыс тресі бірнеше құрылыс ұйымдарын біріктіреді, оның 13-і көлденең мердікерлік ұйымдар. Олар жоғарыдағы треске бағынбайды, көбінесе өздеріне тиісті арнаулы учаскелердің ғана жұмысын атқарады. Құрылыс ұйымдары көп болғандықтан қаржы да, адам күші де, техника да бытыраңқы пайдаланылып жүр. Тресте толып жатқан көмекші кәсіпорын — кірпіш, қабырға материалдары, ағаш өңдеу, шлак-блок, цемент, бетон заводтары бар. Бұл көмекші заводтардағы жалақы негізгі кәсіпорындарындағыдан едәуір төмен. Тек осының өзі кадрлардың тұрақтамауына, өндірістік жоспардың орындалмауына негізгі себеп болып отырғанын аңғарамыз.

№ 1 байыту фабрикасында 1955 жылдан Жезқазған кенінің мыс-қорғасын рудасы өңделіп келеді. Ең әуелі мұнда мыс-қорғасын қоспа концентратын алып, одан әрі мыс пен қорғасынды бөлек айыру технологиясы қолданылады. Алайда қоспа концентратты қорытып, айыру жұмысы осы уақытқа дейін дұрыс шешілген жоқ.

Байыту фабрикасы жұмыс істегеннен бері қорғасынды рудадан айырып алу дәрежесі жыл сайын 22—43 проценттен асқан емес. Экономикалық есепке қарағанда мыс-қорғасын қоспа концентраты онан әрі пиротекциямен (жоғары температурада бөлшектеу) өңдеу тиімді болар еді.

Жезқазған проблемасын шешу ісімен Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология, кен істері, Металлургия және байыту, Құрылыс және құрылыс материалдары институттары, тағы басқа ғылыми мекемелері мен жобалау ұйымдары көптен бері шұғылданды. Бірақ руда шығару мөлшерін арттыру ісінде олардың көмегі әлі де болса жеткіліксіз.

Соңғы жылдарда, әсіресе партияның ХХІ съезінен, КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумынан кейінгі уақытта түсті металлургия өнеркәсібінің жұмыстарын механикаландыруда және автоматтандыруда бірсыпыра жұмыс істелді. Металлургия заводтары автоматтық құралдармен, аспаптармен бұрынғыдан да молырақ кенеле түсті.

Алайда көптеген кәсіпорындардың коллективтері жаңа техниканы өндіріске енгізудің, өндіріс процестерін түгел механикаландырудың, автоматтандырудың кейбір маңызды мәселелерін әлі де шеше алмай келеді. Бұған түсті металлургияның бірсыпыра заводында жұмысы түгелдей автоматтандырылған учаскелердің, цехтың болмай отырғаны да дәлел.

Түсті металлургияда автоматтандыру ісінің әлі де қанағаттанғысыздығына: әртүрлі технологиялық процестердің және жабдықтардың жетілдірілмегені, кейбір автомат аспаптар мен құралдарды басқаратын ғылыми және инженер-техник қызметкерлердің жеткіліксіздігі себеп болып отыр.

Кейбір заводтардың басшылары өндіріс жұмыстарын автоматтандырумен жеткілікті шұғылданды. Қарсақпай мыс қорыту заводының директоры Купряков жолдас туралы осыны айтуға тура келеді.

Өйткені ол техниканы ілгері дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға оншама мән бере қоймайды. Заводта әлі күнге дейін № 2 пештің жұмысын автоматтандыру толық іске асырылған жоқ, мысты механикалық жолмен құю тетігінің құрылысы ұзаққа созылып, бітпей жатыр.

Жезқазған шахталарында еңбек өнімділігі еліміздің түсті металлургиясының басқа кен-руда кәсіпорындарымен салыстырғанда біраз жоғары. Бірақ мұнда елеулі кемшіліктер де бар. Еңбекті көп қажет ететін руда, топырақ тиеу жұмыстарын механикаландыру жайы кәзіргі күн талабына сай емес.

1960 — 1961 жылдары Жезқазған шахталарында мыс рудасын және топырақ тиеу жұмыстарын 97,7 процент механикаландыру белгіленіп отыр. Соңғы кезде забойдан руданы экскаватор машиналарымен тиеу әдісі қолданылды. Бұл жақсы нәтиже беруде. Болашақта Жезқазған шахталарында руда тиеу жұмысына экскаватор машиналарын кеңінен қолдануды қарастыру керек. Таяу уақыт ішінде Жезқазғандағы байыту фабрикасында диірменге руда тиеу жұмысы автоматтандырылады. № 51 шахтаның көтергіші автоматтандырылады. Мұндай игілікті істің басқа шахталарда да қолға алынғаны жөн.

Жезқазғанды тез дамыту проблемасын жанжақты шешу Қазақ ССР Ғылым академиясының, мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, ғылыми-техникалық комитеттің көмегіне тығыз байланысты. Бұлар Жезқазғанның қазба байлығын толық та тиімді пайдалану ісіне мықтап ат салысуға тиіс.

Қазақстан Компартиясының X съезі түсті металлургияны өркендету жөнінде соны міндеттерді алға қойды. Ол міндеттердің бастысы — шикі затты пайдалануды жақсарту, руданы байытуда, қорытуда ысырапты жою негізінде түсті металдарды өндіру мөлшерін арттыру болып отыр.

Елімізге мысты неғұрлым көп беру — Жезқазған кен-металлургия комбинаты коллективінің абыройлы ісі.

С. БАЯНОВ.

Жезқазған кен-металлургия комбинаты.

## Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өркендеуі

Қазақстанның халық тұтынатын товарлар өндіретін өнеркәсіп қызметкерлері партияның Орталық Комитетінің алдағы Пленумын елеулі табыспен қарсы алуға бір кісідей ұмтылуда. Пленумда қаралатын мәселелердің саяси-шаруашылық маңызы зор.

Материалдық игіліктер жасау адам қоғамының күнделікті тіршілік етіп, дамуы үшін бірден-бір қажетті жағдай екені аян. Капиталистік қоғам өндірісінің негізгі мақсаты қалың еңбекшілер бұқарасын аяусыз қанау жолымен пайданы неғұрлым көп түсіру болса, социалистік системада, бұған мүлде керісінше, қоғамдық өндірісті дамыту еңбек адамдарының ұдайы өсіп отырған материалдық-мәдени қажетін толық өтеу міндеттеріне бүтіндей бағындырылған. Бұл міндетті дәйектілікпен жүзеге асыру партия мен үкіметтің бүкіл жұмысының ең жоғары заңы, коммунистік құрылыс программасының аса маңызды бір бөлегі.

Еңбекшілерге ұдайы қамқорлық жасай отырып, партия мен үкімет халық тұтынатын товарлар өндіруші өнеркәсіп салаларын дамытуға әруақытта назар аударуда. Соның нәтижесінде бұл салада да еліміз орасан зор табыстарға ие болып келеді. Партияның XXI съезі-

нің қарарында былай деп жазылған: «1958 жылы тұтыну заттарын өндіру 1913 жылғымен салыстырғанда 14 есе дерлік, мұның өзінде мәдени-тұрмыс саласына арналған товарлар шығару 45 еседен аса ұлғайтылды. Қазір халық тұтынатын товарлар 1940 жылғыға қарағанда 2,7 есе көп өндіріледі».

Елімізде ауыр индустрияның үздік дамытылуы және ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастыру жөнінде партия ойдағыдай жүзеге асырған шаралары негізінде халық тұтынатын товарларды өндіруді едәуір молайтуға, сөйтіп таяудағы жылдары халықтың мата, киім, аяқкиім және басқа товарлар жөніндегі қажетін толық қанағаттандыруға нақты мүмкіндіктер туып отыр.

Партияның ХХІ съезі бекіткен СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959 — 1965 жылдарға арналған бақылау цифрларында елдің жеңіл және тамақ өнеркәсібін онан әрі өркендетудің зор программасы белгіленген. Үстіміздегі жетіжылдықта Қазақстанда да жеңіл және тамақ өнеркәсібі мықтап өркендейді. Совет өкіметі тұсында республика өнеркәсібінің бұл саласы едәуір өсті. Жүздеген жаңа кәсіпорындар салынды, бұрыннан барлары қайта құрылып, кеңейтілді, кәсіпорындарды жаңа техникамен кенелту дәрежесі артты, мақта мата, тоқыма мата, қант, кондитер өнеркәсібі сияқты жаңа сала пайда болды. Республикамызда мата, киім, аяқкиім, ет, балық өнімдерін, кондитер тағамдарын, қант және басқа да өнеркәсіп пен азық-түлік товарларын өндіру мықтап көбейді. Қазақстан Компартиясы VIII—X съездері аралығында ғана яғни 1956 жылдан 1959 жылға дейін республика жеңіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 62 процент, тамақ өнеркәсібінің жалпы өнімі 33 процент өсті.

Бірақ соған қарамастан, көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібін дамыту Қазақстанның жалпы экономикасын өрге бастыру қарқынынан кенже қалып отырды. Қазақстан Компартиясының X съезінде жасаған баяндамасында Қонаев жолдас мына жағдайларды атап өтті: республикада жүн, мақта, тері шикізаты, жеміс пен овощь сияқты орасан мол шикізат қоры бола тұрса да, өндіріліп отырған көпшілік қолды товарлардың жалпы тұтыну балансында алатын ара салмағы болмашы ғана. Жергілікті жердің өзінде ойдағыдай өндіруге болатын көптеген өнеркәсіп және азық-түлік товарларын республикадан тыс алыс аудандардан алдыруға мәжбүр болып келеміз.

Үстіміздегі жетіжылдықта мұндай жағдайға жол берілмеуі шарт. Жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытудың белгіленген программасы республикада халық тұтынатын товарларды мықтап көбейтуді көздейді. Республикамызда тоқыма, былғары аяқкиім, ет және қант өнеркәсібі шапшаң өркендетіледі.

Кәсіпорындардың географиялық жағынан орналасуы да біраз жақсартылады. Республиканың Алматы, Семей, Шымкент, Орал сияқты қалаларында, сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарында жаңа тоқыма комбинаттары, тігін, трикотаж, аяқкиім фабрикалары пайда болады, жаңа ет комбинаттары, сүт заводтары, жеміс, жидек, шарап заводтары тағы басқа кәсіпорындар іске қосылады. Жеңіл немесе тамақ өнеркәсібінің жаңа завод, комбинат, фабрикалары салынбаған бірде-бір экономикалық аудан болмайды.

Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары республикада жеңіл өнеркәсіп бойынша жалпы өнім шығаруды 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда шамамен 3 есе ұлғайтуды көздейді. Ал тоқыма өнеркәсібі жеті жыл ішінде 3 еседен аса артады, оның ішінде мата, сыртқы және ішкіімдік трикотаж, шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру күрт артпақ.

Республиканың астанасы Алматыда келесі жылы қуатты тоқыма комбинатын салу қолға алынбақ, ол комбинат жылына 80 миллион

метр сан алуан түрлі мақта матасын тоқып шығарады. Семей қаласында камволь-шұға тоқитын үлкен комбинат салынады. Ақмола, Қостанай, Өскемен қалаларында торқа талшығынан тоқылған костюмдік мата жасайтын комбинаттар қатарға қосылады. Ақтөбе, Жезқазған, Семей, Лениногор қалаларында трикотаж фабрикасы, Қарағандыда шұлық фабрикасы пайдалануға беріледі.

Тоқыма өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындарын салып, ескілерін кеңейту 1965 жылы мата тоқу мөлшерін 1958 жылмен салыстырғанда 6 есе көбейтуге мүмкіндік береді. Тоқыма өнеркәсібінің мақта тазарту, жүнді алғаш рет өңдеу іспеттес салаларын дамыту көзделеді. Мақта егісінің зор көлемді жері игеріліп жатқан Мырзашөлде ірі бірнеше мақта тазарту заводы пайда болады. Жамбылда биылғы жылдың өзінде жүн түту фабрикасының бірінші кезегі іске қосылғалы отыр.

Жетіжылдықта былғары аяқкиім өнеркәсібін дамытуға да көп көңіл бөлінеді. Жетіжылдықтың аяғында 1958 жылғы 8,2 миллион пар орнына 20—21 миллион пар аяқкиім шығарылады. Сондай-ақ пима бастырып шығару 1,7 есе өседі. Алматы, Қостанай, Семей және басқа аяқкиім фабрикалары өзінің қуатын біраз арттыра түседі. Жамбыл қаласында салынып жатқан былғары аяқкиім комбинаты жылына 4,5 миллион пар аяқкиім тігеді. Қарағанды мен Семейде жаңадан екі аяқкиім фабрикасы салынғалы отыр. Аяқкиім тігуге жасанды былғары бұдан былай кеңінен қолданылмақ.

Қазақстанда таяудағы жылдары мәдени-тұрмыстық және үй шаруасына қажетті товарлар едәуір көп шығарылады. Мысалы, 1960—1961 жылдары кемінде 1 330 миллион сомның осындай товарлары өндірілуге тиіс. 1961 жылы темір керует жасау (1958 жылғыдан) 1,8 есе, кір жуатын машина—1,7 есе, темір ыдыс-аяқ 1,2 есе, ет турағыш 2 есе ұлғайтылады.

Жетіжылдық жоспар бойынша республикамызда тоназытқыш, газ плитасын шығару ұйымдастырылады. Тұрмыста қолданылатын электр аспаптарын, оның ішінде, әсіресе плита, духовка, утюг шығару едәуір артады. Ыдыс шығаратын жаңа кәсіпорындар ұйымдастырылады.

Тұрғын үйдің көп салынуына, еңбекшілердің әл-ауқат күйінің өсуіне байланысты мебельге мұқтаждық жылдан-жылға өсіп отыр. Осыған орай мебель өнеркәсібін дамыту жөнінде ірі шараларды жүзеге асыру белгіленген. Алматы, Қарағанды қалаларында мебель құрастыру комбинаты салынады, олардың әрқайсысы жылына 50 миллион сомның бұйымдарын шығарады. Ақтөбе, Павлодар, Қостанай облыстарында әрқайсысы жылына 20 миллион сомның бұйымын өндіретін үш фабрика салынып қатарға қосылады. Мебель кәсіпорындарын басқа облыстарда да салу жобаланып отыр. Биыл республиканың мебель өнеркәсібі 223 миллион сомның бұйымдарын шығаруға тиіс. Бұл 1958 жылғыдан 1,5 есе көп.

Тоқыма өнеркәсібі қызметкерлері алдына зор міндеттер қойылған. Республикамыздың тоқымашылары жүн, мақта, штапель маталарын тоқып шығаруды ұлғайтып, олардың жаңа түрлерін игереді. Оның ішінде, әсіресе камволь мата, балалардың киіміне арналған мата, костюмдік штапель, әйел көйлегіне арналған мата, сәтен, сиса, молескин, фланель, түкті мата және халыққа ұнамды басқа да мата түрлерін көптеп шығаратын болады.

Тігін бұйымдары мен трикотаждың түрі сан алуан болады, киімнің жаңа үлгілері де кеңінен қолданылады. Балалар киімін тігуге түрлі түсті әрі арзан мата молырақ пайдаланылады.

Ғылыми коммунизмнің негізін салушылар азық-түлік өндірісінің қоғам өміріндегі аса маңызды ролін сан рет атап көрсеткен болатын. «Тамақ өнімдерін өндіру,—деп көрсетті К. Маркс,—өнімді тікелей өндірушілердің өмір сүруінің және тегі қандай да болсын өндірістің ең бі-

рінші шарты» («Капитал», 3-том, 647-бет). Социалистік құрылыс жоспарларын жасай отырып, В. И. Ленин астық үшін күрес — социализм жолындағы күрес екенін, ауыл шаруашылығын өркендетіп, азық-түлікті көп өндіру бүкіл халық шаруашылығын өрге бастырудың және еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттырудың бұлжымайтын шарты болып табылатынын түсіндірді. Ленин былай деп көрсетті: жұмысшылар мен шаруалар күшін біріктіре отырып, азық-түлік қорын жинап алмаса, онда жұмысшы-шаруа мемлекеті ретінде ешқандай социалистік елдің болуы мүмкін емес. Шаруашылықтың нағыз негіздері азық-түлік қоры, бұл қор болмаған күнде социалистік саясат тек жәй тілек болып қана қалады.

Коммунистік партия елімізде ауылшаруашылық өндірісін ұлғайтып, азық-түлік молшылығын жасау жолында коммунизм негізін қалаушылардың осы қағидаларын үнемі басшылыққа алып келеді.

Жетіжылдықта Қазақстанның тамақ өнеркәсібі де үздік өркендейді. Бұл саланың жалпы өнім мөлшері шамамен 1,7 есе арттырылуы көзделеді. Ет, шұжық тағамдарының, консерві, май, сүт өнімдерін, балық, кондитер тағамдарын, қант өндіру едәуір арта түседі. Ет тағамдарының түр-түрі көбейтіліп, сапасы жақсартылады. Үлгіртуі оңай дайын ет мейлінше көбейтіледі.

Мал шаруашылығының өрге бастырылуы, мал етін өңдеу көлемінің жыл сайын өсуі ет өнеркәсібінің өндірістік-техникалық базасын ұлғайту шараларын жүзеге асыруды талап етеді. Бұл жөнінде Орталық партия комитеті мен СССР Министрлер Советінің мал мен құс етін өңдеуді жақсарту шаралары туралы 1959 жылғы сентябрьдегі қаулысы үлкен роль атқарады. Осы қаулыға сәйкес 1960—1963 жылдары республикада жаңадан 27 ет комбинаты, құс етін өңдейтін бірнеше ірі цех, көптеген тоңазытқыш салынуы керек. Сонымен қатар бұрынғы ет комбинаттары қайта құрылып, кеңейтілмек.

Таяудағы жылдары сүт алу мөлшерінің күрт арттырылуы сүт өнімдерінің түр-түрін анағұрлым көбейтуге, бұл азық-түлікпен халықты жабдықтау ісін жақсартуға түсуге мүмкіндік береді. 1965 жылдың аяғында Қазақстан бойынша мемлекеттік кәсіпорындарда мал майын өндіру 37,5 мың тоннаға дейін, сыр жасау 6 500 тоннаға дейін, қаймағы алынбаған сүттен өнім жасау 3 есе арттырылады. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ қаймағы алынбаған сүттен түрлі тағам жасау мөлшері 1958 жылғымен салыстырғанда 1,5 есе ұлғайтылғалы отыр.

Май, сыр өнеркәсібінің кәсіпорындары жоғары сапалы сарымай, голланд, ярослав, кострома, шәй сырларын жасауды едәуір ұлғайтатын болады. Балаларға арналған сүт тағамдарының түр-түрін көбейту жобаланып отыр. Жеті жыл ішінде республика бойынша жаңадан 28 қалалық сүт заводы, 24 май заводы, 7 сыр заводы, құрғақ сүт заводы, сүт консерв заводы салынуға тиіс.

1958 жылы республикамызда 107 мың тонна қант шығарылды, жетіжылдықтың аяғында оның мөлшері бұдан 3,5 есе арттырылып, 380 мың тоннаға жеткізілмек. Міне осыған байланысты кәзіргі бар қант заводтарын кеңейту, ол үшін бұл кәсіпорындарда өндірісті механикаландыру, автоматтандыру ісінің онан әрі жүзеге асырылуы белгіленген. Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында жаңадан 5 қант заводы салынбақ.

Республикада таяудағы жылдары ұн, жарма, картоп, жүгері, овощ, жеміс, жүзім тағамдарын шығару мөлшері едәуір арта түспек. Алматы қаласында биыл маргарин заводы іске қосылады. Қарағанды қаласында жылына 12 мың тонна маргарин және 30 мың тонна сабын шығаратын қуатты комбинат салу белгіленді.

Халық тұтынатын товарлар өндірісін дамытуға күрделі қаржы едәуір мол бөлінуде. Жетіжылдықта Қазақстан жеңіл өнеркәсібіне

2 230 миллион сом күрделі қаржы жұмсалады. Бұл өткен жеті жылдағыдан 9 есе көп.

Халық тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарды дер кезінде салып, іске қосудың халық шаруашылықтық маңызы зор. Бірақ бұл арада айта кету керек: осындай кәсіпорындарды неғұрлым тез салуға көп жерде әлі де тиісті назар аударылмай келеді. Кейбір Халық шаруашылығы советтері, құрылыс ұйымдары, облыстық совет атқару комитеттері тамақ, жеңіл өнеркәсіптің жаңа қуаттарын іске қосудың мемлекеттік жоспарының кезінде орындалып отыруына нақты шара қолданбай жүр. Мысалы, Жамбыл былғары аяқкиім комбинаты, Шу қант заводы, Ақтөбе ет комбинаты, Қостанай ет тоназытқышы, Орал нан заводы өте сылбыр салынып жатыр. Өткен жылы Павлодардағы ет тоназытқышы, Ертіс май заводы, Алматы мен Жамбылдағы сүт комбинаттары іске қосылмай қалды.

Кәсіпорындарды жаңа машинамен қаруландыру, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыру, озық технологияны енгізу бағытында істелетін жұмыстың көлемі ұшан-теңіз.

1959 жылы республикамыздың өнеркәсібі біраз табысқа ие болды. Өнім шығарудың жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсан жоспары да асыра орындалды. Халық тұтынатын товарлар шығаратын өнеркәсіп салалары белгіленген программаны ойдағыдай жүзеге асырды. Жоспардан тыс 121 мың метр жүн матасы тоқылды, 364 мың пар аяқкиім тігілді, сондай-ақ бірнеше мың тонна азық-түлік товарлары өндірілді.

Дегенмен, халық тұтынатын товарлар өндіретін өнеркәсіп саласының жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін айтпай кетуге болмайды. Қазақстан Компартиясының X съезінде атап көрсетілгеніндей, товар өндіру мөлшерін арттыруға бұл өнеркәсіп салалары бар мүмкіндікті сарқа пайдаланбай келеді. Жоспарды үнемі орындай алмай келе жатқан кәсіпорындар әлі де көп болып отыр.

Көптеген кәсіпорнында өндірістің экономикалық көрсеткішін жақсарту, шығарылатын өнімнің сапасын арттыру, ішкі мүмкіндіктерді толық та тиімді пайдалану, материалды, шикізатты, отынды, электр қуатын үнемдеп пайдалану үшін батыл күрес жоқ. Съезде балық өнеркәсібінің артта қалып отырғаны ерекше атап көрсетілді. Балық өңдейтін кәсіпорындар, сондай-ақ балық аулайтын колхоздар жоспарды орындай алмай келеді. Өткен бірінші тоқсанда балық аулау жоспары 84 процент қана орындалды. Арал, Балқаш өңіріндегі кәсіпорындар мен балықшы колхоздар мүлде артта қалып отыр. Кейбір облыстар сүт дайындаудың бірінші тоқсан жоспарын орындай алмады. Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының жергілікті өнеркәсібі, Гурьев, Көкшетау облыстарының кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары өнімді тиісті мөлшерден аз беріп, мемлекет алдында көп борышты болып қалды. Орал пима фабрикасы 3 мың пар аяқкиімді кем шығарды. Міне мұның барлығы үлкен дабыл қағарлықтай елеулі кемшілік. Шаруашылық ұйымдары артта қалып отырған кәсіпорындарды айрықша бақылауға алулары керек. Олардың мемлекеттік тапсырманы сөзсіз орындап отыруына іс жүзінде көмек көрсетуге міндетті.

Жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің, Кәсіподақтар Советінің жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетуге туралы қаулысы жарияланды. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық ұйымдары бұл қаулыны басшылыққа алып, күнделікті көңіл бөліп, қабылданған міндеттеменің әрбір кәсіпорын, әрбір цех, әрбір учаске бойынша абыроймен орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін түбірінен қайта құру кәсіпорындардың ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітуге даңғыл жол ашты. Бұл мүмкіндіктерді тауып, кәдеге толық та тиімді жарату—жеңіл, тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің құрметті міндеті.

Шығарылатын товарлардың сапасын жақсарту — айрықша назар аударатын іс екені жұртқа аян. Көптеген кәсіпорында өнімнің сапасына қатаң талап қойылмайды, өндірістің технологиясы бұрмаланады. Мысалы, Алматы былғары аяқкиім комбинатының тігіп шығарған балалар аяқкиімінің, Қарағанды тігін фабрикаларының тіккен киімдерінің сапасына жұртшылық риза болмай жүр. Былтыр сауда ұйымдары Семей шұлық фабрикасына өзі жасаған бұйымдардың 15 процентін сапасы нашар болғандықтан қайтаруға мәжбүр болды. Сапасы төмен зат шығаруға жол берген кәсіпорындар мемлекетке де, тұтынушыларға да зиян келтіреді. Совет адамдарының әл-ауқаты үздіксіз жақсара түсіп отырғанда олардың өнім сапасына, оның түр-түріне, сыртқы пішініне, әсемдігіне қоятын талабы бұрынғыдан да арта беретінін естен шығаруға болмайды. Өнеркәсіп қызметкерлерінің түбегейлі міндеті — бұл талапты мінсіз қанағаттандыру, товардың, әсіресе халық тұтынатын товарлардың түр-түрін көбейтіп, сапасын жақсарту. Бұл арада Н. С. Хрущев жолдастың КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында айтқан мына сөздерін еске салу өте орынды. Ол былай деп көрсеткен болатын: «Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің алдына кәзір өндірісті ұлғайтумен бірге өнімнің түр-түрі мен сапасын едәуір жақсарту бірінші кезекті міндет болып қойылып отыр. Халық тұтынатын товарлар жақсы, әсем болуға, сондай-ақ құнттап, оралған немесе буылған болуға тиіс».

Соңғы жылдары партия мен үкімет халық тұтынатын товарлар өндіруді арттыру туралы, тоқыма өнеркәсібін дамыту, ет өңдеу және овощь, жеміс өңдеу кәсіпорындарын көбейту жайында бірнеше маңызды қаулылар қабылдады. Партия, совет, шаруашылық ұйымдары партия мен үкімет белгілеген, халқымыздың әл-ауқатын онан әрі жақсартуға бағытталған шараларды ойдағыдай жүзеге асыру күресіне жұртшылықты жұмылдыра білетін болуы керек.

**И. ИВАНОВ,**

Қазақ ССР Министрлер Советінің жеңіл және тамақ өнеркәсіп тобының бастығы.

## ЕРТІС НҰРЫ

Біз кенді Алтайдың әсем ойпаттары мен жыраларын қуалай салынған асфальт жолмен ағызып келеміз. Беталыс — Ертіс бойындағы алып құрылыс — Бұқтарма су электр станциясы. Қырдан асып, ылдифа ойыстаған кезде біздің көз алдымызға жетіжылдықтың ұлы құрылысының керемет көрінісі жайнап сала берді. Алтай аясының көрікті көріністерімен, жадыраған жаздың қош иісті ауасымен рақаттанып келе жатқан біз басқа бір қызықты дүниеге еніп кеткендей болдық. Бұл — адам еңбегінің жемісіне бөленген дүние, жасанды дүние, құрылыс алаңы.

Ертістің екпінді ағысын құрылысшылар жарлы қысылшаң жерінен бұғаулап жатыр. Еңбек майданына араласып кеткен бізге құрылысшылар құпиясы барған сайын айқындала түсті. Тау қоларып, тас тілген құрыш қолдар осында екен. Алғаш қия құздың көксұр тасы адам ырқына көніп кейін шегінді дегенге сену де қиын. Сөйтсе де тас-



ты күздың сырылып шөккені аян. Бұл ұлы көсем өсиетін жүзеге асырып жатқан жаңа ұрпақтың, совет адамының айбарлы ісінің жемісі.

Жетіжылдықтың осы алып құрылысында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған орыс, украин, белорус, татар, казак, азербайжан, ұдмұрт сияқты әр ұлттың өкілі еңбек майданын қыздыра түсуде.

Ұлы көсем сонау 1921 жылдың сентябрінде Алтайдағы Риддер руднигінен барған өкілмен әңгімесінде Ертіс өңірінің электр қуатын бере алатын болашағын данышпандықпен, көрегендікпен көрсеткен еді. Сол кездесу үстінде жазып қалдырған көсем запискасында мынадай пікір бар: «Плотина жасадық және эл[ектр] станциясын (100 000 а [ттық] күші бар) салып бітіре аламыз.

## 2 күшті өзен, Ульба (?) және Граматуха?»

Осы сөйлемдегі ұлы көсемнің «2 күшті өзен, Ульба (?) және Граматуха?» деген сөздерді ерекше бөліп, қоршауға алып, астын сызығаны тектен тек емес еді. Совет өкіметі жылдары осы екі өзеннің екеуінде де электр станциясы салынды. Әлі де салынып жатыр. Қосымша зерттеулерге қарағанда республикамыздағы энергетика қорының 40 проценттен астамы осы Шығыс Қазақстан облысында екен.

Владимир Ильичтің кемеңгер көрегендікпен айтқан өсиетін іске асырып жатқан совет адамдары туысқан Коммунистік партияның ХІХ съезі мен ХХ съезі арасында Өскемен электр станциясын іске қосты. Бұл — Ертіс өзені бойында салынатын электр станциялары тізбегінің бірінші буыны еді. Бүгін сол тізбектің екінші буыны Бұқтарма су электр станциясы салынуда. Ал, алда Шульба су электр станциясының құрылысы қол бұлғайды.

Бұқтарма су электр станциясы салынғаннан кейін кенді Алтайдың аясы мүлде өзгеріп, құлпыра түседі. Бұқтарманың электр қуаты тек қана Өскемен, Лениногор, Зырян сияқты шығыстың маңызды өнеркәсіп орталықтарын, үлкен қалаларын қамтып қана қоймай, бүкіл «Алтай торабы» деп аталатын Алтай өлкесінің маңын да тегіс қамтиды. Шығыс Қазақстан облысы мен Алтай өлкесінің колхоз, совхоздарында Ильич нұры сәуле шашатын болады. Сондықтан да станцияның бұрынғы 7 агрегаты үстіне тағы да 2 агрегат қосылмақшы. Сонда Бұқтарма су электр станциясының қуаты бұрын есептелгендей 525 мың киловаттың орнына, енді 675 мың киловатқа жетпекші.

Электр қуатының бір киловаты 50 килограмм болат қорытуға, не болмаса 75 килограмм көмір өндіруге, немесе 10 метр кездеме тоқуға жарайтынын еске алсақ, кенді Алтайға оның қойнауындағы асыл қазынаны неғұрлым мол алуға электр қуатының өте көп керек екені түсінікті. Ертіс бойындағы электр станциялары осы талапты өтеу үшін салынып жатыр.

Асау Ертісті өз ырқына көндіріп, одан арзан қуат ала білу тек совет заманында ғана мүмкін болып отырған жай. Ертіске кәзір үлкен бұғау салынды. Бұған көңісі келмегендей ол ақ көбік шашып тулайды, бұлқынады. Бірақ оның берік бұғалықтан — темір бетонды бөгеттен шыға қашарлық жайы жоқ.

Бұқтарма су электр станциясы құрылысшыларының алдына қойған мақсаты — құрылыс жұмыстарын қалай да мерзімінен бұрын аяқтау болып отыр. Сондықтан да олар күн, түн демей күш біріктіріп, қарқынды қимылдауда. Олар осы еңбек қарқынын Алтайдың аязды да қарлы борандарына қарамастан, қаһарлы қыс күндері де бәсеңдеткен емес. Қайта шабытты қарқын үдей түсіп отырды. Құрылысшылар биылғы қақаған қыстың бетті қарыған аязының өзінде бұрынсонды болып көрмеген үздік нәтижеге жетті. Қыс бойы плотинаға 158 мың текше метр бетон құйылды. Мұның өзі бетон құю тәжірибесінде әзірге кездеспеген шапшаңдық.

Бұл табысқа құрылысшылар оңай ие болған жоқ. Ол — қажырлы күрестің, жаңалық табу, еңбек өнімділігін арттыру жолында тынбай ізденудің жемісі. Плотина құрылысына қатты бетон тұңғыш рет осы құрылыста қолданылды. Бұл әдіс өзінің игі нәтижесін беріп те отыр.

Құрылыстың барлық буынында кәзір шабытты еңбекті, қызған қарқынды көруге болады. Барлық учаскенің жұмысы жиналып келіп, бір арнаға саяды. Ол — станцияның бірінші агрегатын тез іске қосу. Бұл қуанышты күнді олар 14 августа тойламақшы. Құрылысшылардың барлық күш-жігері осыған бағытталған. Бұл үшін станция үйін жедел аяқтаумен қатар, қалқанды қабырғаны да барынша биіктете түсу шарт. Міне осы жай бетон заводы коллективіне үлкен міндет жүктеді. Енді завод бұрынғыдан бетонды екі есе артық беруге тиіс.

— Осы жайды ескеріп, — дейді құрылыс бастауыш партия ұйымының секретары В. Горощеня жолдас, — біз бетон заводының жұмысшыларына тәулігіне 2 мың текше метр бетон шығару жөнінде талап қойдық. Көп ұзамай бұл талапқа коллектив нақты іспен жауап берді. Олар осы жылдың 24 февралі күні тұңғыш рет 2 400 текше метр бетон берді. Бұл шынында да ерен ерлік болды.

— Өздеріңізге белгілі, — дейді әңгімесін жалғай түскен секретарь, — Бұқтарма плотинасы кәзіргі уақытта елдегі ең биік плотина болмақ. Оның биіктігі 90 метр. Плотинаға барлығы 1 миллион 200 мың текше метр бетон құйылады. Ендеше, бетон заводының әлі де болса атқарар қызметі ұшан-теңіз.

Сондықтан да бетон заводының жұмысшылары қарқынды бәсеңдетпеу үшін қызу қимылдауда. Олар өздерінің алғашқы табысына табыс қосуға белді бекем буып отыр. Бұл табысқа мұрындық болған мотористер Васильева, Горбодин, Кузнецова, ағайынды Какаулиналар есімі кәзір бүкіл құрылысшылар құрметіне бөленді.

Бетон заводында еңбек өнімділігінің артуына байланысты құрылыстағы барлық учаскенің жұмыс қарқыны да үдей түсті. Өйткені мұнда бетонсыз алға басу мүмкін емес.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 90 жыл толуына байланысты мерекелік еңбек вахтасына тұрған құрылысшылар тек апрель айында ғана плотинаға 53 мың текше метр бетон құйды. Бұл өткен жылдың бірінші тоқсанында құйылған бетоннан бірнеше есе артық. Құрылысшылар көсем туған күні жұртты тағы бір қуантты. 22 апрель күні бірінші генератордың маңызды тетігі байқаудан өткізілді. Бұл жұмыста Е. Акишев пен Н. Сурта жолдастар басқарған гидромонтажшылар бригадасының мүшелері өнеге көрсетті. Бұқтармаға келгенге дейін Иркутск, Алматы, Өскемен су электр станцияларын салысқан бұлардың бай тәжірибесі мен іскерлігі бұл жұмыста көп жәрдемін тигізді. Ленин вахтасы күндері ерекше көзге түскен құрылысшылар мен монтажшылар табысы қабылдаған социалистік міндеттемені қайта қарап, көтеріңкі жаңа міндеттемелер алуға түрткі болды.

Мәдениет үйінде 26 апрель күні Бұқтарма құрылысшыларының ашық партия жиналысы болып өтті. Жиналысқа осы құрылыстағы 400 коммунистен басқа жүздеген жұмысшылар да қатысты. Онда құрылысшылардың лениндік еңбек вахтасы күндері қол жеткен табысы мен коллективтің алда тұрған міндеттері жайында құрылыс бастығы Социалистік Еңбек Ері М. В. Инюшин жолдас баяндама жасады. Ол лениндік еңбек вахтасын жыл аяғына дейін созып, міндеттемеде көрсетілгендей биыл тек қана екі агрегат емес, төрт агрегатты монтаждап, жұмысқа қосуды ұсынды. Жиналыс қызу өтті. Жиналыста сөйлегендердің бәрі де, биыл төрт агрегатты іске қосуға мүмкіндік мол екенін айтып, ұсынысты жаппай қуаттады. Жаңа міндеттеме қабылданды. Кәзір құрылысшылар осы көтеріңкі міндеттемені абыройлы орындау үшін күресуде.

Кәзіргі кезеңде төрт агрегатты іске қосуға әзірлік жұмыстарын жүргізумен бірге қалқанды қабырғаны да бетондаудың да маңызы зор. Өйткені бірінші агрегат іске қосылған кезде станция үйіне су кірмейтіндей ету керек.

Қалқанды қабырғаны соғу жұмысында әрқайсысында 75 мүшесі бар коммунистер Хлапцев, Микула, Степанов басқарған бригадалар жұмыс істеп жүр. Бұлар тәулігіне жүздеген текше метр бетон құяды. Бригаданың әр мүшесі сан алуан мамандық иесі: әрі ұста, әрі арматуршы, әрі бетоншы. Бригаданы осылай қайта құру өзінің өте тиімді екенін көрсетті. Енді бұрынғыдай арматура жасау кезінде олар ағаш шеберлерін тосып тұрмай, оны өздері де орындай алады.

...Міне қалқанды қабырғаның төртінші секциясы бетондалуда. 30 метр биіктікке дейін 10 мың килограмм жүк көтере алатын «Абус» атты құдіретті кран үлкен бадиялармен сұйық бетонды әуелетіп жылжытып келеді. Блок үстінде тұрып қол бұлғаған мастер М. Вейцтің көрсеткен бағытымен төмендеп келген бадияны ілезде-ақ бетоншылар темір құрсауға төкті де жіберді. Қолдарындағы вибраторларымен үйілген бетонды илестірген бетоншылар А. Лукин, А. Пичугин, Д. Териндер қимылына көз ілеспейді. Бұл кезде көршілес блокта арматуршылар қабырға құрсаулап жатса, енді біреулері ағаш қораптар жасауда. Ауық-ауық жарқ еткен көк жалынға оранған электр сварщик А. Черноусов та өзгелерден қалысар емес. Міне бүгінгі күннің ерлері осылай бірлесе отырып, 16 май күні 651 текше метр бетон құйды. Бұл — үздік табыс.

Құрылыста кәзір бетоншыларға ерекше назар аударылады. Станцияға кіре берістегі қабырғаға: «Бетоншы! Ғасыр үшін плотина соғып жатқаныңды ұмытпа, сенің еңбегіңе кейінгі ұрпақ риза болады. Сондықтан да өз жұмысыңа мұқият бол!» деген ұран ілінген. Бұл талапқа сай еңбек етіп жүрген бетоншылар Бұқтарма құрылысында көп. Олар — Бакулин, Лунев, Агапов, Рахымжанов тағы басқалар.

Алып құрылыстың алдыңғы сапында коммунистер мен комсомолецтер келеді. Олардың көпшілігі еліміздің әр жерінде су электр станциясын салуға қатысқан мол тәжірибелі байырғы майталмандар.

Солардың бірі коммунист Л. Н. Спиридонов жолдас. 1939 жылы арнаулы техникумды бітірген ол елімізде талай су электр станциясын салуға қатысқан. Кешегі қан майданда фашист зұлымдар талқандап кеткен құрылыстарды қайта тұрғызуға да офицер Спиридоновтың қосқан үлесі аз емес. 1952 — 1954 жылдары Спиридонов жолдас Албан Халық Республикасында болып, онда бірнеше су электр станциясын салуға көмектесті. Сондағы үздік еңбегі үшін ол Албан Халық Республикасының бірінші дәрежелі «Еңбек» орденімен наградталады. Одан қайтып оралысымен Бұқтарма құрылысына келді. Кәзір ол гидромонтаж учаскесінің аға прорабы, әрі осы учаскенің партия ұйымы секретары. Ол өзінің қарауындағы 11 бригаданың таңдаулы адамдарын сипаттай келіп, гидромонтажшылардың озат бригадирі коммунист Ақыш Ермеков жайлы ерекше сүйкіммен айтты.

Марқакөл ауданында туған кешегі малшы баласы Ақыш — кәзір техника тетігін шебер меңгерген маман құрылысшы. Өскемен қаласында ФЗО мектебін бітіргеннен кейін Өскемен су электр станциясын салуға қатысты. А. Ермеков алғашқы кезде слесарь-механик болды, ал кейіннен монтаждау жұмысын меңгерді. Өскемен су электр станциясы мерзімінен бұрын іске қосылғаннан кейін ол өз мамандығын одан әрі шындай түсу мақсатымен Ново-Каширскі, одан соң Кама су электр станциясының құрылысына қатысты. Онда А. Ермеков басқарған гидромонтажшылар бригадасы ең таңдаулы бригада болған. Өз ісіне өте зерек, еңбек сүйгіш коммунист Ермековке жауапты міндет — алып

көтергіш крандарды, көпірлерді монтаждау жұмыстары тапсырылады. Ол бұл жұмыстарды асқан ынтамен атқарады.

Бұдан кейін үш жылдай Ақыш Ермеков Новосибирь су электр станциясы құрылысында істейді. 1958 жылы ол Бұқтарма құрылысына келеді. Мұнда да ол гидромонтажшылар бригадасын басқарып жүр. Ақыш кәзір бригаданың білгір басшысы болумен бірге қоғамдық өмірдің белсендісі де. Ол учаске партия ұйымы секретарының орынбасары, кәсіподақ комитетінің председателі. Бұл күндері оның бригадасы агрегаттар краверін орнатып жатыр. Бригада өткен бес айдың жоспарын 150 процент етіп асыра орындады.

Осы учаскедегі комсомолец В. Рогов басқарған гидромонтажшылар бригадасы да елеулі табысқа ие болды.

Бұқтарма су электр станциясы құрылысында жұмыс істейтіндердің көбі жастар. Сондықтан да құрылысқа Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті «Қазақстан комсомолының екпінді құрылысы» деген құрметті атақ берді. Құрылыста комсомолдың штабы ұйымдастырылды. Оның бастығы болып бетон заводының жас инженері, таяуда Алматы қаласында болып өткен коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділерінің республикалық кеңесіне қатысқан Рина Чеснакова істейді. Комсомол штабы коммунистік еңбектің шын мәнісіндегі ұйымдастырушысы болуда. Кәзір құрылыста коммунистік еңбек бригадасы деген абыройлы да ардақты атақты алу үшін 14 бригада жарысқа түсті.

— Жастардың осындай мәртебелі атақты жеңіп алуына құрылыс коммунистері қамқоршы болуда, — дейді комсомол штабының бастығы, — әсіресе жастардың өзін коммунистше ұстап, қоғамдық еңбекті өнімді істеуіне тандаулы электр сварщик, коммунистік еңбектің екпіндісі, республикалық кеңеске қатысқан коммунист Р. Мұқанов жолдас көп еңбек сіңірде.

...Электр станциясы үйінің ішіне айқара орналастырылған ұзын арматураның болат шыбықтарын электрмен пісіріп жатқан кісіні Р. Мұқанов деп таныстырды бізге Р. Чеснакова. Сталинградқа барып, арнаулы курс бітіріп қайтқан Мұқанов 1954 жылдан бері осы Бұқтарма құрылысында жұмыс істейді. Құрылыс басталғаннан бері-ақ ол оза шауып, бәйгі алып жүр, коммунистік еңбектің екпіндісі.

Бұлар сияқты жеке озат адамдармен бірге күллі құрылысшылар да кәзіргі кезде қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде. Олар ең алдымен бірінші агрегатты Құрылысшылар күні — 14 августа іске қосу үшін жұмылып отыр. Ал Қазақстанның 40 жылдық мерекесіне дейін төрт агрегатты іске қоспақшы. Бұл құрметті де жауапты міндеттемені абыроймен орындап шығу кәзір құрылысшылардың ең қасиетті борышы болып отыр. Құрылыстың барлық учаскесінде бірдей қызу еңбек қайнаған. Бетоншылар өткен бес айдың ішінде екі мың текше метрден аса бетон құйса, олардан арматуршылар да, монтажшылар да, сылақшылар да, қыш қалаушылар да қалысар емес.

Ертісті бұғаулаушылар Май мерекесі қарсаңында болашақ Бұқтарма теңізінің аңғарына су толтыра бастады. Бұқтарма теңізі бұрын соңды адам қолынан жасалған теңіздің ең үлкені болғалы отыр. Оның көлденеңі 35, ұзыны 600 километрге көсіліп барып Зайсан көліне қосылмақ. Бұқтарма теңізінде 53 миллиард текше метр су болады. Теңіз суы кәзірдің өзінде-ақ бірнеше метр жоғары көтерілді. Келешекте де теңіз суының деңгейі жыл сайын көтеріле бермек. Теңіз Қазақстанды Қытай Халық Республикасымен байланыстыратын болады.

Бүгін Бұқтарма теңізі бұлқынбай жай ғана мамырлап, майда толқыны бірін бірі қуа шапшып жатыр. Ал ертең-ақ бұл төңіректе коммунизм шапағы төгіліп, теңіз аруанасы — кемелер көк толқынды кере тіліп, осында тоғысатын болады.

Дегенмен, осынша күшті қарқынмен жүріп жатқан құрылыс жұмысында кейбір жеке кемшіліктер де жоқ емес. Ең алдымен қарқын құрылыстың барлық учаскесінде бірдей дәрежеде емес. Мысалы, плотинаны бетондаудың айлық жоспары үнемі асыра орындалып отырғанымен алда келе жатқан учаске тек қалқанды қабырға ғана. Ал, плотинаның оң жақ және сол жақ учаскелерінің кейбір жеке секциялары болмаса, олардың басымында бетондау барысы әлі баяу.

Сол сықылды барлық күш бірінші кезекте пайдалануға берілетін төрт агрегат маңына жасақталғандықтан 6—7 агрегаттың шұңқыры I Майға дейін бетондалып бітудің орнына, ұзаққа созылып кетті. Мұның өзі бірінші агрегат жұмысқа қосылған кезде ол шұңқырларды су алып кету қаупін туғызып отыр. Сондықтан да бұл жұмысты мейлінше жеделдету шарт.

Құрылысшылардың тұрмыс күйі жақсы. Жас құрылысшылар тегіс дерлік жатақханада тұрады. Құрылысшылар қаласында бірнеше асханалар, мейманхана, сәулетті мәдениет үйі, универмаг, театрлар бар. Сондай-ақ негізгі жұмыс жүріп жатқан құрылыс басында да екі асхана жұмыс істейді. Оның аспазшылары да тамақты барынша дәмді даярлауға ұмтылады. Әйтсе де, негізгі құрылыста асхана жеткіліксіз. Түскі үзіліс кезінде мұнда құрылысшылардың көпшілігі кешігіп тамақтанады. Құрылыс басшылары мен кәсіподақ ұйымдарының бұл сияқты кемшіліктерге жол бермегені жөн.

Бұл күндері Бұктарма құрылысшылары өздерінің барлық күш-жігерін партияның XXI съезі алға қойған жетіжылдықтың ұлы міндеттерін мүлтіксіз орындауға жұмылдыруда. Осы жорықта коммунистермен қатар Ленин комсомолының жас түлектері де коммунистік құрылысқа белсене қатысуда.

Олар жақында Москвада болып өткен коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділері жарыс озаттарының Бүкілодақтық кеңесінде сөйлеген Н. С. Хрущев жолдастың: «Біз өзіміздің бар күш-жігерімізді жетіжылдықтың ұлы жоспарын орындауға жұмылдырып отырмыз. Бұл жоспар бойынша жаңа заводтар мен фабрикалар, электр станциялары, жаңа қалалар мен поселкелер салынатын болады. Жетіжылдық жоспардың орындалуы совет державасының индустриалдық күш-қуатын бұрынғыдан да нығайтады, совет адамдары бұрынғыдан да жақсы өмір сүретін болады» деген сөзін бар ынта ықыласпен қарсы алды. Сондықтан да Ертісті бағындырушылар Бұктарма электр станциясының құрылысын тез аяқтап, өмір нұрын молайтпақ, сөйтіп өздерінің жасампаз еңбегімен коммунизм жеңісіне елеулі үлес қоспақ.

Ш. ЕСМҮРЗАЕВ.

Серебрянка поселкесі,  
Шығыс Қазақстан облысы.

## Түсті металл ысырабына жол берілмесін

Елімізде, әсіресе Қазақстанда, түсті металдар өндірісі үздіксіз өсіп келеді. Үстіміздегі жетіжылдықта түсті металдар өндіру 2 — 3 есе артырылады. Түсті металдар өндіру жөнінен Қазақстан елімізде көрнекті орын алады.

Түсті металлургия—өндірістің аса күрделі саласының бірі. Оған еңбек те, күрделі техника да көп қолданылады. Сондықтан да оның өнімдері қымбатқа түседі. Ендеше түсті металдар өндірісінің барысын-

Ғары ысырапты жоюдың, даяр түсті металдарды үнемдеп ұстаудың халық шаруашылық маңызы зор. Мысалы, бір тонна қалайы өндіру үшін 300 тоннадан аса руда шығарып, оны алдымен байыту фабрикасынан өткізу керек, онан кейін металлургия зауытында қорыту қажет. Сол сияқты бір тонна никель өндіру үшін 200 тоннаға дейін руда, бір тонна мыс өндіру үшін 100 тоннадан аса руда шығару керек. Осындай күрделі жұмыстың өнімді болуы үшін түсті металлургия кәсіпорындарында жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандырудың зор маңызы бар. Соңғы жылдары Қазақстанның түсті металлургия өнеркәсібінде бұл жөнінде бірқатар жұмыс істелді. Жезқазған шахталарында электр экскаватор, руда тиейтін машиналар, автоматтандырылған бұрғылар қолданылуда. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында циклондық әдіспен қорытатын пештер іске қосылмақшы.

Руда өндіру жұмысын барған сайын машиналандыру, жұмыс технологиясын жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыру, кадрларды тұрақтандыру түсті металды мықтап көбейтуге мүмкіндік берді. Бірақ елімізде түсті металдардың кей түрлері әлі жеткіліксіз. Соған қарамастан, көптеген кәсіпорындарда түсті металдарды орынсыз жұмсау бар, ысырапқа жол беріледі, тапшы түсті металдардың орнына басқа балама материалдарды іздеп табу, қолдану жұмысы ойдағыдай емес.

КПСС Орталық Комитетінің түсті металдарды үнемдеу туралы хаты осы кемшілікті жоюды, халық шаруашылығын түсті металмен келелі түрде көздейді. Хатта әрбір кәсіпорын мен құрылыста түсті металды тиімді жұмсау жөніндегі нақты шаралар белгілеу қажеттігі атап көрсетілген. Қазақстан еңбекшілері осы хатты жүзеге асыру мақсатымен жетіжылдықтың екінші жылын мерзімінен бұрын орындау туралы алған социалистік міндеттемелерінде түсті металды үнемдеп жұмсау, оның өндірістегі ысырабын жою жөнінде нақты шаралар белгіледі. Бұл өте орынды да игілікті іс. Мәселен, Шымкент қорғасын зауытының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері 1960 жылғы міндеттемесінде технологиялық процестерді жақсартып, металдар түсімін көбейтуге, жоспардан тыс 100 тонна таза қорғасын беруге міндеттенді. Сонымен қатар бұл коллектив биыл 150 тонна мырыш, 10 тонна магний, 10 тонна кальций үнемдеуді ұйғарды.

Міндеттемеге орай завод коллективі металл ысырабын жою жөнінде едәуір тәжірибеге ие болды. Үстіміздегі жылдың басынан бері завод қорғасыннан мырышты айырып алудың тиімді әдісін қолдану нәтижесінде 50 тонна мырыш үнемдеді. Завод жанапшыларды түсті металл үнемдеуге үлкен үлес қосуда. Рафинация цехының слесары Рыбалко жолдас цехтағы ерітінділер бөліміне қышқылдарды тасымалдайтын қола насостарды ауыстыру жолын тапты. Осы ұсыныс көптеген қола үнемдеуге мүмкіндік берді.

Шымкент пресс-автомат зауытында қола орнына химиялық қосындыларды қолдану шаралары белгіленді. Завод жылына 20 тоннадан артық қола үнемдейтін болды. Шымкенттің машина жасаушылары түсті металдардың құю әдістерін өзгертіп, жылына 10 тонна қоланы үнемдемекші. Арыс теміржолшылары, Мырғалымсай кеншілері де осы іспеттес міндеттеме алды. Міндеттемені орындау жолындағы алғашқы жұмыс нәтижесіз емес. Мысалы, 1960 жылдың январь-февраль айларында ғана Оңтүстік Қазақстан өнеркәсіп және құрылыс орындарында 7 тонна қорғасын, 50 тонна мырыш, 10 тонна қола тағы басқа түсті металдар үнемделді.

Алматы Халық шаруашылығы советіне қарайтын өнеркәсіп пен құрылыс орындарында түсті металдарды үнемдеу жөнінде арнаулы комиссиялар құрылды. Жамбыл суперфосфат зауытында, қант комбинатында түсті металл үнемдеу комиссиялары іске кірісті.

Балқаш кен металлургия комбинатының кеншілері, байытушылары, металлургтері жетіжылдықтың екінші жылында, Қазақстанның 40 жылдығы құрметіне жылдық жоспардан тыс 500 тонна мыс алып, оны ауылшаруашылық мұқтажына береміз деп міндеттеме алды.

1960 жылға алынған міндеттемеге сәйкес республикамыздың өнеркәсібінде, транспортында және құрылыстарында 2 мың тоннадан астам түсті металл үнемделеді, оның ішінде: 1 200 тоннаға жуық мыс, 130 тоннадан астам қорғасын, 51 тонна қола, 200 тоннаға жуық мырыш және 50 тонна латунь бар.

Дегенмен, түсті металды үнемдеу, олардың ысырабын жою ісі барлық жерде бірдей ойдағыдай қолға алынған жоқ. Байыту фабрикалары мен заводтарында күні бүгінге дейін технологиялық процестер жетілдірілмегендіктен көп металл шаң-тозаңмен, газбен, қалдықпен бірге кетіп, ысырап болып жүр.

Мысалы, өткен 1959 жылы Қарағанды Халық шаруашылығының Гүлшат байыту фабрикасында 100-ден астам тонна қорғасын, мырыш, Балқаш фабрикасында — 300 тоннадан артық мыс, Шығыс Қазақстандағы Белоусовка фабрикасында — 100 тоннадан астам қорғасын ысырап болды. Сол сияқты Ертіс мыс заводында шаң-тозаң және қалдықпен бірге кеткен 30 тоннадан артық мыс бар.

Академик Цефтің есебі бойынша, 1958 жылы Балқаш мыс заводына түскен рудадағы түсті металдардың тек жартысы ғана алынып, қалғандары заводтың түтіні мен коқысында ысырап болған.

Ал, Балқаш түсті металдар өңдейтін заводы бойынша бракка шығарылған заттардың құны бір миллион сомға жуық. Бірақ завод басшылары бұл жұмысқа осы уақытқа дейін тиісті көңіл бөлмей отыр.

Шымкент қорғасын заводының рафинация, темір жол және механикалық цехтарында түсті металдарды өңдегенде олардың көбісі жоңқаға кетеді, ал жиналған жоңқалар тиісті орын бөлінбегендіктен көрінген жерде шашылып жатады.

Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды Халық шаруашылығы советтерінің авторемонт, механикалық-ремонт өндіріс орындарында, түсті металлургия өнеркәсібінің техникалық цехтарында көптеген подшипниктер, втулкалар секілді бұйымдар жасауға түсті металдарды жұмсаудың көтеріңкі нормалары қолданылуда. Мұнымен қатар түсті металдардың орнына балама материалдарды іздеп табу және қолдану жұмыстары жеткіліксіз.

Республикамызда түсті металл сынықтарын жинау жұмысына тиісінше көңіл бөлінбей келеді. Сондықтан да түсті металл сынықтарын жинаудың төрт айлық жоспары орындалмай қалды. Түсті металл сынықтары республикамызда өте көп. Оны жинау, сақтау жұмысында ұқыптылық көрсетіп, халық шаруашылығының кәдесіне жаратуды күнттау керек.

Түсті металды үнемдеу жұмысына газеттер де араласуы қажет. Бірақ республикамыздың кейбір облыстық, қалалық газеті бұл жөнінде мәселе көтермей келеді. Мәселен, Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна», Ақтөбе облыстық «Социалистік жол», Семей облыстық «Прииртышская правда» және «Жезқазған жұмысшысы» газеттерінде түсті метал ысырабын жою, оны үнемдеп жарату жөнінде апрельге дейін бірде-бір мақала берілген жоқ.

Ал Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстық газеттерінде, Саран қалалық комитетінің «Голос шахтеров» газетінде түсті металды үнемдеу жөнінде болғаны бір-екі мақала ғана жарияланды.

Облыстық, қалалық партия комитеттерінің осы газеттерде бұл маңызды мәселенің шет қақпай қалғанын байқамағаны қынжыларлық нәрсе.

Түсті металды үнеммен жұмсау ісіндегі осы және басқа да кемшіліктерді жою үшін партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық және комсомол ұйымдары көптеген жұмыс атқаруы қажет. Олар мысты, қалайыны, қорғасынды және басқа түсті металды үнеммен жұмсау, өндірістегі металл ысырабын жою, шараларын жүзеге асыруды ұйымдастыруға тиіс. Бұл жөніндегі озат әдісті, үлгілі тәжірибені тарату жолында да олар көп жұмыс істеуі керек. Жаңашылдардың қатарын көбейту жөнінде үзбей қамқорлық жасау—партия, кәсіподақ ұйымдарының ардақты міндеті.

ҚПСС ХХІ съезінде қабылданған жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын ойдағыдай орындау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану керек. Түсті металл ысырабын жою халық шаруашылығына көп пайда тигізетін нақты мүмкіндіктің бірі. Түсті металл көп жұмсалатын электр техникасын, радио құралдарын барған сайын көбейтіп отырған елде бұл мүмкіндікті ескерусіз қалдыруға болмайды. Демек, партия ұйымдары бұл салада ойдағыдай жұмыс істесе нұр үстіне нұр.

Ә. ЖАҚЫШЕВ,

Х. ҚОЖАҚМЕТОВ.



# Коммунизм туралы әңгіме

## Коммунизмнің жеңетіні тарихи даусыз ақиқат

Б. ОРДАБАЕВ,

*экономика ғылымының кандидаты*

Коммунизм — өндіріс құрал-жабдықтарының бірыңғай қоғамдық меншігіне негізделген тапсыз қоғам. Ол өзінің дамуы барысында екі сатыдан өтеді. Оның алғашқы төменгі сатысы социализм, соңғы жоғарғы сатысы коммунизм. Адамзат қоғамы капитализмнен алдымен социализмге өтеді, ал коммунизмге тек социализм арқылы ғана жетеді. Өйткені коммунизмге лайықты бүкіл қоғамдық, экономикалық жағдай тек социализм тұсында, социализмнің өсіп, өркендеуі арқылы ғана жасалады. Осыны ескеріп, ұлы кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин былай деп тұжырымдады: «Адамзат капитализмнен тікелей тек социализмге ғана, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын ортақ иемденуге, өнімдерді әркімнің жұмысына қарай бөлуге өте алады. Біздің партияның көздегені бұдан әрі жатыр: социализм сөзсіз бірте-бірте коммунизмге ұласуға тиіс, ал коммунизм туына «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге қажетіне қарай» деп жазылған» (Шығармалар, 24-том, 70-бет).

Коммунизмнің төменгі сатысы социализм адамзат тарихында тұңғыш рет біздің елде жеңген еді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі дәуірде социализм жолына тағы бірнеше елдер түсті. Мұның нәтижесінде социалистік шаруашылықтың дүниежүзілік қуатты системасы құрылды.

Марксизм-ленинизм коммунизм жер бетінде толық салтанат құрады, елдердің бәрі түбінде коммунизм жеңісіне жетеді, деп үйретеді. Бұл қорытындыға марксизм-ленинизм қоғамның даму заңдары негізінде келді.

Адамзат қоғамы өндіріс тәсілдерінің ұдайы ауысып отыруы арқылы дамиды. Ескірген, өзінің бойындағы өмірлік күш-қуатты, нәрді тауысқан өндіріс тәсілі, қоғамдық құрылыс орнына келген жаңа өндіріс тәсілі дамудың бұрынғыдан анағұрлым жоғары сатысы болып табылады. Адамзат қоғамы осылай төменгі сатыдан жоғарғы сатыға қарай үздіксіз өрлей дамиды. Осылай тұңғыш қауымдық құрылыс орнына құл иелену құрылысы, оның орнына феодализм, феодализм орнына капитализм келді. Ал кәзіргі біздің заман — капитализмнен социализмге өту заманы.

Қоғам өзінің дамуының төменгі сатысынан жоғарғы сатысына қарай жалпы экономикалық заңдардың, әсіресе өндірістік қатынастардың өндіргіш күштер дәрежесіне сәйкестігі жөніндегі заңның әрекеті негізінде өрлейді. Қоғамдық өндірістің неғұрлым өршен, революцияшыл жағы болып саналатын өндіргіш күштер өндірістік қатынастарға қарағанда ұдайы оза өркендейді. Осыған байланысты өндірістік қатынастар өндіргіш күштер дәрежесіне сай келмей, кейіндеп қалады. Сонда бұлардың арасында қайшылық туады. Бұл қайшылық ұлғая келе, әдетте, біріне бірі қарама-қарсы таптық қоғамдарда әлеуметтік революция арқылы шешіледі. Тарихта адамзат қоғамы құлдықтан феодализмге, феодализмнен капитализмге нақ осылай әлеуметтік революция арқылы

етті. Кәзіргі заманда капитализмнен социализмге де осылай өтіп жағыр. К. Маркстің бейнелеп айтқанындай, әлеуметтік революция — тарих локомотиві.

Қоғамдық дамудың бұл заңын К. Маркс ашып, жанжақты дәлелдеді. Ол былай деп жазды: «Қоғамның материалдық өндіргіш күштері өз дамуының белгілі сатысында кәзіргі өмір сүріп отырған өндірістік қатынастарға... қайшы келеді,... бұл қатынастар өндіргіш күштердің даму түрінен олардың өзінің бұғауына айналады. Сол кезде әлеуметтік революция заманы басталады». (К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, I том, 340-бет).

К. Маркс қоғамдық дамудың сатылы, өтпелі сипатына сүйене отырып, капитализмнің туу, өсіп өркендеу және өліп өшу заңдарын ашты, оның да қоғамның өтпелі сатысының бірі екенін, атап айтқанда, социализм алдындағы саты екенін толық дәлелдеді. Ол капитализмді өліп өшуге дейін жеткізетін барлық объективтік және субъективтік жағдайларға терең талдау жасады. Негізгі объективтік жағдай — капиталистік өндірістің орасан зор көлемде шоғырланып, еңбектің қоғамдастырыла түсуі, бұған байланысты капитализмнің негізгі қайшылығының — өндірістің қоғамдық сипаты мен өндіріс нәтижесін жеке иемдену арасындағы қайшылықтың шиеленісе түсуі, ал негізгі субъективтік жағдай — жұмысшы табының ұйымшылдығы артып, оның таптық сана-сезімінің өсуі, өзінің тарихи міндетіне сәйкес революциялық қимыл жасауы деп көрсетті. Жұмысшы табын Маркс капитализмнің көрін қазып, оны жерлеуші бірден-бір революцияшыл тап деп білді.

Осындай объективтік және субъективтік жағдайларға сүйеніп, К. Маркс пен Ф. Энгельс буржуазияның құритыны, пролетариаттың жететіні, қоғамдық меншікке негізделген жаңа өндіріс тәсілінің орнайтыны даусыз ақиқат деп көрсетті (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы шығармалар, I том, 20-бет; К. Маркс «Капитал» I том, 766-бет).

Капитализмнің сөзсіз құритыны жөніндегі маркстік ілімді қоғамдық дамудың жаңа дәуіріне сәйкес В. И. Ленин онан әрі дамытты. Ол капитализмнің жаңа да акырғы сатысы — империализм тұсындағы, капитализмнен социализмге өту дәуірі басталған кездегі жаңа қоғамдық құбылыстарды зерттеп, бұл дәуірге тән өзгешеліктер мен заңдылықтарды ашты. Лениннің ашып, анықтауы бойынша империализм тұсында бұрынғы еркін бәсекенің орнына монополия үстемдігі орнады; өндіріс орасан зор көлемде шоғырланып, капиталистер одақтары (монополиялар) құрылды; олар өздерінің күшіне, капиталына қарай товар өткізетін рыноктарды, шикізат көздерін өзара қайта бөлісіп отыратын болды; осыған байланысты империалистік соғыстардың ауық-ауық болып тұру қаупі күшейді; ал дүние жүзінің территория жағынан бөлінуі толық аяқталды; өнеркәсіп капиталы банк капиталымен ұштасып, финанс капиталының үстемдігі орнады.

Дегенмен, бұлардың бәрі капитализмнің мән-мазмұнына түбірлі өзгеріс енгізген жоқ, оның негізгі ішкі-тысқы қайшылықтарының бірдебіріне ешбір нұқсан келтірген жоқ. Қайта, оларды шегіне жеткізе шиеленістіре түсті. Капитализмнің экономикалық арқауы — өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенудің, соның негізінде пайда болған қанау мен езгінің барлық түрінің қаймағы бұзылмады.

Осылардың бәріне терең талдау жасағаннан кейін империализмнің тарихта алатын орнын белгілей келіп, В. И. Ленин империализмге мынадай өткір анықтама берді: «Империализм — капитализмнің ерекше тарихи сатысы. Бұл ерекшелік үш түрлі: империализм (1) — монополиялық капитализм; (2) — паразиттік немесе іріп-шіріп бара жатқан капи-

тализм; (3)—өліп бара жатқан капитализм» (Шығармалар, 23-том, 106-бет).

Бұл анықтамадан адамзат қоғамы өзінің тарихи дамуының барысында капитализмнен социализмге сөзсіз өтетінін көреміз. Анықтама-ның мазмұнын аша келіп, Ленин капитализмнің құритынын, коммунизм-нің түбі толық жеңетінін дәлелдеп берді.

Империализм монополиялық капитализм ретінде социализмге өту-ге қажетті барлық жағдайды туғызады. Ол алдымен өзінің экономика-лық қайшылықтарын мейлінше шиеленістіреді. Өндіріс құрал-жабдық-тары барған сайын ат төбеліндей ғана қанаушылар қолына жинақталып беретін болса, каналушылар, еңбекшілер бұқарасы барған сайын кедей-леніп, қатал қанауға, жоқшылыққа, аштық пен жалаңаштыққа, жұмыс-сыздыққа ұшырайды. Бұлар жұмысшы табының және басқа каналушы-лардың капиталистік тәртіптерге қарсы наразылығын тудырып, оларды революциялық қимылға жұмылдырады.

Империализм іріп-шіріп бара жатқан капитализм ретінде капитал-истік елдердің кәзір қол жетіп отырған өндірістік мүмкіндіктерді, ғы-лым мен техниканың табыстарын толық пайдалана алмастықтай мүш-кіл халде отырғанын көрсетеді. Неғұрлым дамыған капиталистік елдер-де, әсіресе Америка Құрама Штаттарында өндіріс орындарының қу-аты кәзіргі уақытта 60—70 процент шамасында пайдаланылады. Өнімді еңбекке қатыспаушылар, капиталға келетін өсім есебінен, әсіресе ме-шеу елдерге шығарылатын капиталға алынатын процент есебінен күн көретін арам тамақтар барған сайын көбеюде. Товарларға монополия-лық жоғары бағаның қойылуы капиталистерді бұрынғыдай өндіріске жана техниканы қолдану арқылы артық, үстеме пайда табуға ынта-ландырмайды. Мұның үстіне техникалық жаңалықтарды, тамаша өнер табыстарды сатып алып жойып жіберу, немесе олардың қолданылуына жол бермеу сияқты бәсекелік кеселдер де өндіргіш күштердің өсуін баяулатады. Қоғамға, халыққа пайдасыз шығындар, әсіресе соғысқа әзірлік шығындары көбеюде. Капиталистер маман жұмысшыларды, кә-сіподақ ұйымы басшыларын сатып алуды кең қолданады. Міне мұның бәрі — капитализмнің іріп-шіруінің анық белгілері.

Империализм өліп бара жатқан капитализм ретінде капиталистік құрылыстың негізгі үш қайшылығының шиеленісе түсуімен сипатта-лады.

**Алдымен,** еңбек пен капитал арасындағы, каналушылар мен қанау-шылар арасындағы қайшылық империализм тұсында мейлінше асқы-нады. Мұның нәтижесінде каналушылардың бұрынғы күрес әдістері жеткіліксіз болып шығады, олар күрестің жаңа талаптарына сай кел-мейді. Енді олар шешуші күреске — революциялық күреске шығуға мәжбүр болады.

**Екіншіден,** империалистік мемлекеттер арасындағы товар өткізетін рыноктар, шикізат көздері үшін күрес, яғни басқа бір мемлекеттің же-рін басып алу үшін күрес те асқына түседі. Бұл күрес ақырында күш қолдану әрекетіне, соғысқа әкеліп киліктіреді. Ал соғыс империалистік мемлекеттерді өзара әлсіретумен бірге, соғыстың барлық ауыртпалығын көтеріп, күйзелген еңбекшілерді капиталистік тәртіптерге қарсы рево-люциялық қимылға итермелейді. Дүниежүзілік бірінші және екінші со-ғыстардың нәтижесінде дәл осылай болды.

**Үшіншіден,** империалистік мемлекеттер мен отар, тәуелді елдер арасындағы қайшылық барынша шиеленіседі. Бір жағынан, империа-листік мемлекеттер тарапынан әлеуметтік, ұлттық езгі мен қанау есе-леп артады, екінші жағынан, отар, мешуе елдердің өзінде капитализм өркендейді. Ал бұлар отар, тәуелді елдер халықтарын империалистік езгі мен қанауға қарсы шешуші күреске шығарады. Отар, тәуелді ел-дерде ұлт-азаттық қозғалысы күшейеді. Тарихта, нақты өмірде нақ

осылай болып келеді. Оңтүстік Шығыс Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде кең өріс алып отырған ұлт-азаттық қозғалыстары мұны айқын көрсетіп отыр.

Империализмнің бұл негізгі қайшылықтарының бәрінің мейлінше шиеленісе түсетінін, олардың ақырында дәурені өткен ескі қоғамдық құрылыстан жаңа прогресшіл қоғамдық құрылысқа — социализмге сөзсіз өтуге жеткізетінін дәлелдей келіп, ұлы Ленин «барлық ұлттар да социализмге жетеді, бұл даусыз» (Шығармалар, 23-том, 65-бет) деп түйген еді. Лениннің бұл тұжырымының даналығы мен көрегендігіне қазір біздің замандастар қуә болып отыр. Лениндік бұл болжаудың дұрыстығына кейінгі ұрпақтар да қуә болмақшы.

Адамзат қоғамының капитализмнен социализмге сөзсіз өтетінін дәлелдеумен бірге В. И. Ленин бұл дәуірде теориялық және практикалық маңызы ерекше зор тамаша заңдылықты ашты. Ол — капитализмнің **әркелкі даму заңы**. Бұл заң бойынша капиталистік елдер империализм тұсында бірін бірі тез қуып жетіп, басып озады, яғни **секірмелі дамиды**. Ал мұның нәтижесінде империализмнің жоғарыда көрсетілген қайшылықтарының бәрі де шегіне жете шиеленіседі.

Капиталистік елдердің әркелкі дамуы, олардың экономикалық, қоғамдық және саяси жағдайларының әртүрлі болуы себепті, оларда әлеуметтік революцияға қажетті жағдайлар да әртүрлі дәрежеде пісіп, жетіледі. Демек, социалистік революция барлық елде бірден жеңбейді, ол алғаш жеке бір елде, немесе бірнеше елде женеді. В. И. Ленин бұл қорытындыға біздің елде социалистік революция жеңбей тұрып-ақ империализмнің тарихи өзгешеліктерін зерттеудің нәтижесінде келген болатын. Ол өзінің 1915 жылы жазған «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласында алғаш былай деп жазды: «Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі — капитализмнің сөзсіз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше елде немесе тіпті, жеке алынған, бір капиталистік елде жеңуі мүмкін» (Шығармалар, 21-том, 347-бет).

В. И. Ленин ашқан бұл заң алдымен социализм жеңісі жөніндегі маркстік ілімді жаңа жағдайға — империализм дәуіріне сәйкес онан әрі дамытуға, социалистік революцияның сындарлы жаңа теориясын жасауға арқау болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс капитализмнің империализмге дейінгі дәуірінде өмір сүріп, олар сол дәуірге тән заңдылықтарды ашып, зерттеді. Мұның нәтижесінде олардың социалистік революция неғұрлым дамыған капиталистік елдерде бір мезгілде жеңуге тиіс деген қорытындыға келгені жұртқа мәлім. Ал В. И. Ленин империализм тұсында капитализмнің әркелкі, секірмелі дамуы негізінде жоғарыдағыдай басқаша қорытындыға келді. Мұның өзі әрбір елдің жұмысшы табына өз еліндегі жағдайға орай революциялық күреске шығуына күш-қуат берді, олардың жеңіске жетуіне, социализмнің түбінде толық салтанат құратынына сенімін арттырып, революциялық жігер-қайратын тасытты, ұйымшылдығын нығайтты.

Екіншіден, капитализмнің әркелкі даму заңы біздің заманда тарихи маңызы ерекше зор Лениндік тағы бір тамаша қағидаға — шаруашылықтың біріне бірі қарама-қарсы екі системасының белгілі дәуірде бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі қағидаға негіз болды. Айталық, социалистік революция барлық елде бірден жеңбейтін болғаннан кейінгі жерде капиталистік елдер қалады. Ал социалистік төңкеріс бір елдің күшімен екінші бір елде жасалмайды. Ол әрбір елдің өзінің революцияшыл күштерінің ісі. Ендеше, капиталистік елдер мен социалистік елдер белгілі уақыт бойы қатар өмір сүруге мәжбүр болады.

Ұлы Лениннің бұл дана қағидаларының өмірге жанасымдылығын, шынайылығын дүниежүзілік тарихи дамудың соңғы жарты ғасырдағы барысы толық дәлелдеп берді. Социалистік революция алғаш тек бір елде—біздің елде ғана жеңген еді, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін-

гі дәуірде тағы бірнеше елде жеңді. Ұлы Октябрьден бергі жерде шаруашылықтың біріне бірі қарама-қарсы екі системасы — социализм мен капитализм қатар өмір сүріп келеді. Енді социалистік елдердің дүниежүзілік қуатты системасы құрылғаннан кейінгі жерде бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі заңдылық толық күшіне еніп отыр. Бұл заңдылықты елемеуге немесе оны қоғамның даму мүддесі үшін қолданбауға болмайды. Өйткені ол кәзіргі заман талабына толық сәйкес тарихи қажеттілік. Оның қоғам дамуының басқа заңдары сияқты, объективтік сипаты бар, яғни ол адамдардың санасына, еркіне бағынышты емес.

Бейбіт қатар өмір сүрудің объективтік сипатын таныған, оны қоғам мүддесі үшін қолдануға бел байлаған біздің жеңімпаз партия оны Совет мемлекетінің сыртқы саясатына басшылыққа алды. Ол — біздің елдің лениндік сыртқы саясатының, халықтар арасында қатар өмір сүру негізінде тұрақты бейбітшілік орнату саясатының сара жолы.

Бейбіт қатар өмір сүру екі система арасында экономикалық жарыс туғызады. Бұл жарыстың барысында социализм өзінің капитализмнен үздік артықшылықтарын көрсетеді, ал капитализмнің іріп-шіріп, өліп-өшіп бара жатқан қоғамдық құрылыс екені онан әрі әшкерелене түседі. Бейбіт экономикалық жарыс, деп көрсетті В. И. Ленин, — «екі тәсілдің, екі формацияның, екі шаруашылықтың — коммунистік шаруашылық пен капиталистік шаруашылықтың жарысы. Біз өзіміздің олардан күшті екенімізді дәлелдейміз. ...Әрине, бұл қиын міндет, бірақ біз: «социализмнің үлгілі күші бар» деп келдік, деп те отырмыз. Күш қолдану өз өкіметін қайтадан орнатқысы келетіндер үшін керек. Күш қолданудың маңызы осымен бітеді, ал сонан арғы жерде әсер-ықпал, үлгі өз күшін көрсетеді. Коммунизмнің маңызын практика жүзінде, үлгі арқылы көрсету керек» (Шығармалар, 31-том, 469-бет).

Шынында, коммунизм өзінің туып өсуінің өте ауыр кезеңі — алғашқы аяқ алу кезеңінің өзінде-ақ капитализмнен үздік артықшылықтарын көрсетті. Енді буыны бекіп, нығайып алған кезінде коммунизм өзінің жоғарғы сатысына қарай дами отырып, үлгі-өнегенің тартымды, тың түрлерін кеңінен көрсетпек. Сөйтіп өзінің түбінде толық жеңетінін дәлелдей бермек.

Міне мұның бәрі соғысқұмар империалистік топтарға, олардың ақылгөйлеріне ұнамайды. Өйткені олар өздерінің кәзіргі артықшылық жағдайынан — еңбекші халықты аяусыз езіп-қанау, талап-тонау арқылы тапқан мол байлығынан, жүргізіп отырған үстемдігінен айрылғысы келмейді. Осы мақсатпен олар коммунизмді барынша жамандап, кірлеуге, ол туралы алуан түрлі өсек-аяң таратуға, оны бұқараға құбыжық етіп көрсетуге тырысады. Солардың бірі — бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі лениндік қағидаға жабылған жала. Империализмнің жалдамалы ақылгөйлері: коммунистер бейбіт қатар өмір сүруге шақыра отырып, коммунизм ақырында дүние жүзінде толық жеңеді деп сенеді; бұлай деу коммунистердің, коммунизмнің «агрессияшыл» екенін көрсетеді. Ендеше, біз соғысқа өзір тұру, күш қолдану саясатынан бас тартпауымыз керек деп топшылайды. Олар сөйтіп, өздерінің соғысқұмар саясатына коммунизмнің қайдағы жоқ «агрессияшылдығын» желеу етпекші болады.

Соғысқұмар империалистердің, олардың итаршыларының дегеніндей коммунизм идеясын күшпен таратуға, коммунистік қоғамды күшпен орнатуға болмайды. Коммунизм — қоғамдық дамудың өзінің етене жемісі. «Коммунизм, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — ұлы мақсат, ұлы идея. Идеяларды күшпен қабылдатуға болмайды, сондай-ақ ол идеяларды ешқандай күшпен, ешқандай құралмен тежеп отыруға да болмайды. Коммунизм — өмірдің нақ өзі: адам өмір сүрген жерде идеялар да өмір сүреді. Коммунизмге, идеяларға ешқандай шек қойып, оқшау қалуға болмайды. Коммунизмнің идеяларынан күн сәулесінен жасыры-

натын жарқанат сияқты жасырынып қалуға болмайды. Коммунизмді мойындауға немесе мойындамауға болады, бірақ бұл ілім өмір сүріп отыр және жеңімпаздықпен онан әрі дамып келеді».

Капитализм социализмге кенеттен қолма-қол өтпейді, белгілі тарихи дәуір арқылы өтеді. Бұл дәуір — өтпелі дәуір деп аталады. Капитализм мен социализм арасындағы өтпелі дәуірдің тарихи қажеттігін марксизм-ленинизм жанжақты дәлелдеп берді. Өтпелі дәуірдің мән-мазмұнын В. И. Ленин былайша анықтады: «Теориялық жағынан капитализм мен коммунизмнің арасында белгілі өтпелі дәуір болатынына күмән жоқ. Бұл дәуір қоғамдық шаруашылықтың осы екі укладының екеуінің де белгілерін немесе қасиеттерін ұштастырмай тұра алмайды. Бұл өтпелі дәуір өліп бара жатқан капитализм мен туып келе жатқан коммунизмнің арасындағы — немесе басқа сөзбен айтқанда: жеңілген, бірақ құртылмаған капитализмнің және туған, бірақ әлі мүлде әлсіз коммунизмнің арасындағы — күрестің дәуірі болмай тұра алмайды» (Шығармалар, 30-том, 93-бет).

Өтпелі дәуір кезінде өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктену, соның негізінде капиталистік шаруашылықтар жойылады, жеке шаруалар шаруашылықтары кооперативтендіру арқылы социалистік жолмен қайта құрылады. Бұлардың нәтижесінде бір адамды екінші бір адамның қанауы да, оның себептері де жойылады, қалада да, ауыл-селода да социалистік шаруашылық үстем болады, өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік орнайды, қоғам мүшелері өздерінің қабілетіне қарай еңбек етіп, еңбегінің мөлшері мен сапасына қарай алатын болады, яғни кімде-кім еңбек етпесе, ішіп жемейді. Бұлардың бәрі социализмнің жеңгенін бейнелейді.

Өтпелі дәуір социализмнің толық жеңуімен аяқталады. Бұл дәуірді капитализмнен социализмге өтерде барлық елдер де басынан кешіреді, яғни ол барлық елдерге бірдей жалпы заңдылық. В. И. Ленин барлық елдердің социализмге сөзсіз жететінін айта келіп, «бірақ олардың бәрі де дәл бірдей болып жетпейді, олардың әрқайсысы демократия формаларының қайсысына болса да, пролетариат диктатурасы түрлерінің қайсысына болса да, қоғам өмірінің әртүрлі саласына социалистік өзгеріс енгізу қарқынының қандайына болса да өзіндік өзгешелік енгізеді» (Шығармалар, 23-том, 65-бет) деп көрсеткен еді. Лениннің бұл болжауы да социалистік елдердегі өтпелі дәуір кезінде толық дәлелденді. Дүниежүзілік екінші соғыстан соң социалистік революция жеңген елдерде демократия формалары да, социалистік қайта құрылыстың түрлері де әр алуан болып отыр. Бірақ олардың қайсысының болса да мазмұны бір, ол — пролетариат диктатурасы, социализм.

Сонымен, адамзат қоғамы өзінің тарихи дамуының барысында ең әділетті де бай қоғамдық құрылыс — коммунизмге жетеді. Капитализм ақырында дүние жүзінде толық жойылады. Бұлай болатынына коммунизмнің капитализмнен үздік артықшылықтары, коммунизм идеясының еңбекшілер бұқарасы арасында кең тарала бастауы, оның ұлы пәрменді күшке айнала бастауы кепіл. К. Маркстің ұлы идея, егер оны халықтар бұқарасы меңгеретін болса, материалдық күшке айналады деген дана қағидасы бүкіл дүние жүзі көлемінде іске асатын заман басталды. Бұл заман — Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңген күннен басталған біздің заман, лағнат атқан капитализм өліп өшіп бара жатқан, халықтардың ежелгі асыл арманы — коммунизм туып, өсіп келе жатқан заман. Біз мұндай заманда өмір сүріп, жарқын болашақ үшін күресіп отырғанымызды орынды мақтан етеміз. Мұның өзі бізді коммунизм шыңына қарай адымдап алға баса беруге жігерлендіреді.

# Ғылыми-атеизм тақырыбына

## Құран туралы

М. МУЛЮКОВ,

*СССР Ғылым академиясы Шығыс тану институтының аға ғылыми қызметкері*

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі бекіткен ұлы жоспарға сәйкес елімізде коммунизм құрылысы күн санап кең өріс алып отырған шақта идеология жұмысының маңызы еселеп арта түседі. Бұқараны коммунизм рухында тәрбиелеу бағытындағы әрқилы істің маңызды бір бөлегі совет адамдарының санасындағы ескіліктің әсіресе діни соқыр сенімнің сарқыншақтарына қарсы күресу.

Дінге қарсы, өте-мөте ислам дініне қарсы үгіт-насихат жүргізудің өзіне тән ерекшеліктері мен қиыншылықтары да жоқ емес. Бұл жағдай ислам дінінің мынадай бір өзгешелігіне байланысты. Құранның 12-сүресінің 2-аятында құдай атынан арабтарға арнап айтылған бір сөз бар, онда: мен оны (құранды) сендерге түсінікті болсын деп араб тілінде жібердім делінген. Кейін ислам діні басқа елдерге тарай бастаған кезде мұсылман дінбасылары құранды бөтен тілге аударуға тыйым салады да, құран оқу, құдайға құлшылық ету араб тілінде болсын деп тәртіп енгізеді, солай болады да. Бұл араб тілін білмейтін мұсылмандар арасында «құран қасиетті кітап», ол «көктен келді» деген соқыр сенімге, құранға табынуға әкеліп соқты. Расында да, мәселен, қазақ арасында молдалар құран сөзінің мағнасын түсінбесе де оны «құдай сөзі» деп уағыздап, өзінің құран оқығанын «құдай үні» деп жұртты шұлғытып отырмаушы ма еді. Қожа-молдалар осылайша анайы халыққа жұмақ, тамұқ және басқа «ғаламаттар» туралы айтып, оларды «құдіреті күшті құдайға» құлшылық етуге, дін жолын берік ұстауға баулыды.

Құранның басқа тілге аударылмауы біздің насихатшылардың ислам дініне қарсы насихат жүргізуін, құранның толып жатқан қисынсыз уағыздары мен қарама-қарсылықтарын ашып беруіне мүмкіншілік бермеді. Ал 1907 жылы Қазан қаласында басылып шыққан, Г. С. Саблуков орыс тіліне аударған құранды кәзір еліміздің ең ірі кітапханаларынан да табу қиын.

Біз осы мақаламызда ғылыми және тарихи дәлелдер мен фактілерге сүйене отырып, құранның қашан және қалайша пайда болғаны жөнінде, оның негізгі мазмұны туралы атеист-насихатшыларға көмекші кейбір деректер келтірмекпіз.

Құран — ислам дінін ұстаған діншіл адамдардың түсінігінде көктен түскен «құдайдың қасиетті кітабы». Құдай адамдарға құранды өзінің сүйікті құлы Мұхамбет пайғамбар арқылы жіберіпті-міс. Сондықтан дін уағызында құран құдай сөзі, оған ешкім ешбір шәк келтіруге тиіс емес дейді.

Ал шынында құран орта ғасырдың алғашқы шенінде Таяу Шығыс елінде жазылған және кейін бірнеше ұрпақтың қолымен өңдеп, түзетілген ислам дінінің негізгі қағидаларының жинағы. Қазіргі кезде ғылымда құранның қалай пайда болғанын дәлелдейтін бірталай анық деректер бар.

Тұңғыш құранның негізі болған материал—VII ғасырда Аравия жарты аралында өмір сүрген ислам дінін алғаш рет насихаттаған Мұхамбеттің өсиеттері. Мұсылман аңызының айтуына карағанда, Мұ-

хамбеттің өзі хат танымайтын, сауатсыз адам болған. Сондықтан ол өзінің діни өсиеттерін артына жазып қалдырмапты. 632 жылы Мұхамбет қайтыс болғанда бірен-саран сауатты кісілердің қолында бұрын жазып алған Мұхамбеттің діни уағыздары қалады. Сол заманда теріге, папирусқа, хұрма ағашы жапырағына жазылған осы жазба жинақтардың мазмұны да әрқилы болған.

Сол тұста Таяу және Орта Шығыс елдеріне тарай бастаған ислам діні жаңа құрыла бастаған араб халифатының мемлекеттік ресми идеологиясына айналады. Бірақ бір арнаға келтірілген діни заң жобаларының болмауы орталық халифат өкіметіне қолайсыз болады. Міне осы қолайсыз жайдан құтылу үшін Мұхамбеттің жолын қуған Ғұсман халиф Мұхамбет қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай-ақ оның ел аузында жүрген уағыз-өсиеттерінің бір жүйеге келтірілген ресми жинағын жазып шығаруға әмір етеді.

Мұсылман аңызының айтуына қарағанда, бұл жұмысты бұрын Мұхамбеттің хатшысы болған Сәбит ибн Сейіт деген кісі орындайды. Ол Мұхамбет уағыздарының әркім қолында жүрген жазбаларын таптырып алып, соған сүйене отырып, өзінше толық жинақ жазып шығарады да, оған «Құран» (арабша «оқу», «оқулық» деген сөз) деген ат береді. Осы жаңа жазылған жинақ, яғни «Құран» алла тағының астында сақтаулы жатқан негізгі түп нұсқаның көшірмесі, ол мұсылмандардың бірден-бір ресми және ең қасиетті кітабы деп жарияланған. Сөйтіп ол Мәдине шәһәрінде тағы төрт дана етіп көбейтіліп, Меке, Басра, Куфа, Дамаскі (Шам шәһәрі) қалаларына жіберілген (Аравиядағы Меке мен Мәдине, Ирактағы Басра мен Куфа, Сириядағы Дамаскі қалалары сол кезде ислам дінінің орталығы болды).

Ал құран кітап болып шыққаннан кейін бұрынғы жеке жинақтар жойылуға тиіс еді. Бірақ ескі жинақтардың қайсы бірі тіпті X ғасырға дейін сақтала келіп, құран орнына пайдаланылған. Олардың көбінің ресми құраннан елеулі айырмашылығы болған, тіпті оған қарсы да қойылған. Сол кездегі халифтар мен феодалдарға қарсы кейбір саяси әрекеттерді ұйымдастырушылар сол ескі жинақтың қаридаларына сүйеніп, құранға, өкімет билігіне дау айтатын болған, оларға қарсы күрес әрекетін ақтайтын болған.

Сол Сәбит ибн Сейіт құрастырған, кейін ислам зерттеу ғылымында «Ғұсман шығартқан құран» деп аталып кеткен құранның нұсқасы бүгінгі бізге мәлім құранға да толық сай емес. Оған (Ғұсман құранына) X ғасырдың басына дейін тап тартысы мен дін күресінің үстінде араб халифатының үстем таптарының талап-тілегіне, толқымалы тарихи кезеңнің сипатына сай көптеген түзетулер, жөндеулер енгізіліп келген. Бұл туралы толып жатқан анық тарихи деректер бар.

Ғұсманның тірі кезінде-ақ «Ғұсман шығартқан құран» «құдай сөзі» деген лақаптың бекер екеніне мұсылмандардың көзі жетеді. Олардың бірсыпырасы Ғұсман өзінің туыстары мен жақындарының келіссіз қылығы мен істерін әшкерелеген аяттарды жаңа құранға кіргізбегенін ашықтан-ашық айтып келгені белгілі. Ал ислам дінінен алғаш рет бөлініп шыққан хариджиттер құранға құдай сөзіне жатпайтын кейбір жеңілтек нәрселер еніп кеткенін атап көрсетеді. Мысалы, олар құранның 12-суресіндегі «Жүсіп» («Юсуф») туралы аңыздың ислам дініне ешқандай қатысы жоқ ғашықтық жайлы ертегі екенін дәлелдеді. Ислам дініндегі үлкен ағым шейіттер ерте заманнан күні бүгінге дейін құранның кәзіргі нұсқасы толық емес деумен келеді.

Оның үстіне Ғұсман шығартқан құранды «құдай сөзі» деп дең қойған мұсылмандардың өзі Куфа емлесінің дыбыс таңбалары толық болмауы, бірнеше дыбыстың бір әріппен таңбалануы себепті құран сөзін түрліше оқып, әркім өзінше түсінетін болған. Сөйтіп құранның уағызын әркім-ақ өзінің жеке мүддесіне бейімдей салуына кең жол берілген.



Міне осы жағдайдың бәрі құранды VIII ғасырдың басында 2-ші рет редакциялауға әкеп соқтырды. Құранның осы 2-ші нұсқасын жасау барысында ескі әліппеге жаңа әріптер мен таңбалар енгізіліп, құранның түрліше оқылуына белгілі дәрежеде тыйым салынады. Құранның бұл редакциясы да айналып келгенде билеуші таптың мүддесін жақтау тұрғысынан түзеледі. Оны бір жобаға келтіріп, жөндеген де үстем таптың өкілі болды. Ол—Хаджжәл Юсуф (660—714) есімді сол кездегі Ирактың белгілі әміршісі, халифатқа шын берілген, заманында өте қатал адам деген атағы шыққан шонжардың бірі болады. Құран бұдан соң да X ғасырға дейін бірнеше рет түзеліп, толықтырылып отырады.

Кәзіргі кездегі мұсылмандар арасында кең тараған құран тексті ұйқастырылған қара сөзбен жазылған. Онда барлығы 114 суре, 6225 аят бар. Әр суредегі аят саны біркелкі емес. Сурелерді орналастыру тәртібі көне замандағы араб ақындарының өлең жинақтарын жазу дәстүрі бойынша жасалған, яғни құран ең әуелі кіріспемен және ең ұзын сурелермен басталады да, ең қысқа суреммен аяқталады. Мысалы, кіріспеден кейінгі 2-ші суредің 286 аят болса, 110-суредің небәрі 3-ақ аят бар. Құранның аяттарын бұлай орналастыру оны ғылыми-зерттеу мақсатымен тарихи немесе хронологиялық деректер ретінде пайдалануды мейлінше қиындатады.

Осы кездегі мұсылмандар пайдаланып жүрген құранның өзі әртүрлі екенін атап айту қажет. Мысалы, «Мәдине құранында» аяттардың жалпы саны 6 мың болса, «Куфа құраны» мен үнді мұсылмандарының құранындағы аят саны 6236. Ал шейіттер қолданып жүрген құранның басқа құраннан түгел бір суресі артық, онда небәрі 115 суре бар. 115-ші суре шейіттердің имамы Әлиге арналған, мұнда олар өз имамының әулиелік қасиетін Мұхамбетпен қатар қойып мадақтайды.

Міне осы айтылғандардың барлығы құранның «құдай сөзі» емес, адам ойының еңбегі екенін көрсетеді. Құран Европа мен Американың ислам дінін зерттеуші буржуазиялық ғалымдарының айтуындай түгелімен жалғыз Мұхамбеттің шығармасы да емес. Расында Мұхамбет уағыздары құранның тек алғашқы негізін құрауға пайдаланылды. Толық алғанда құран сөзін жазуға, іріктеп екшеуге, толықтыруға ғасырлар бойы бірнеше ұрпақтың өкілі араласты.

Құран сөзінің мазмұнына келетін болсақ, ол билеуші, қанаушы таптар мүддесін көксейді, солардың үстемдігін қорғайды, қаналушылардың езгіге қарсы күресуіне тыйым салады, олардың қажыр-қайратын жасытып, құлшылыққа мойын ұсынып, бас июге көндіреді. Біреулердің бай болуы, үстем болуы, енді біреулердің кедей-кемтар, бағыншыты болуы — бәрі құдай ісі, бұл дүниеде жоқшылық көрсен, бірақ құдайдың адал құлы болсаң, ол дүниеде жұмаққа барып, мәңгі рахат көресің, ал құдай ісіне қарсы болсаң, бас көтерсең тәңірі алдында күнәлі болып, ол дүниеде тамұқтың отына күйесің деп үйретеді құран мен шарифат заңы.

Құран материалдарын мазмұнына қарай 5 топқа бөлуге болады: 1) зікір салып жалбарыну, ант ішу; 2) заман ақыры туралы аяттар; 3) араб ауыз әдебиеті мен христиан, иуда дінінің аңыз-ертегілері, солардың сектанттық догмалары; 4) хұқық ережелері; 5) табиғат пен адам туралы құран ілімі.

Бірінші топқа жататын материалдар — зікір салып жалбарыну мен ант ішу — баяғы заманда пайда болуы ықтимал. Оны шығарған ислам дінінен бұрынғы арабтың бақсы-балгерлері болуы ғажап емес. Мұндағы аяттарда адамның тағдырын ерекше бір күдірет билейді деген үрейлі соқыр сенім бар. Сондықтан адам аят оқып, таң шапағына, батқан күнге, ай мен жерге, көкке табынып, оларға өздерін жын, шайтанның, көз бояушы перілердің сұмдығынан сақта деп жалбарынады.

(мысалы, құранның 86-суресінің 11—12 аяттары; 89-суренің 1—2 аяттары; 113, 114-сурелер).

Екінші топтағы заман ақыры туралы аяттарда ақыр заман, ақірет күні, тамұқ туралы жантүршігерлік үрейлі елестер, жұмақ туралы ғажайып көріністер суреттеледі. Бұл топтағы аяттардың мақсаты — бұл дүниедегі істеген жақсы-жаман әрекеті үшін адамның ол дүниеде тартар азабы мен көрер рахаты бар деп сендіру, сөйтіп адамды не қорқытып үрейін алып, немесе рахат туралы айтып еліктіріп, әйтеуір дін жолына түсіру.

Құранның авторлары қиямет-қайым болғанда барлық өлік тіріліп, сират көпірінен өткізіледі (яум уль қияма) дегенмен қорқытады. Ақыр заман болғанда дүние жүзі сұрапыл әлек болады-мыс. Жер сілкініп, көк жарылып, күн сөніп, жер-жиһанды топан суы қаптап, барлық өлік қабірінен тұрып, ғарасат майданы басталады-мыс. Сол кезде көктен әуе-періштелері, оның соңынан алланың өзі келіп, әр адамды бұл дүниедегі пенделік күнәсі үшін жазалайды-мыс (23-суренің 103—105-ші аяттары; 81-суренің 1—5-ші аяттары; 89-суренің 22—30-ші аяттары; 99-суренің 1—8-ші аяттары; 101-суренің 3—5-ші аяттары).

Құранда алланың әмірі мен құранның шарифатын, исламның дінін дұрыс ұстамаған күнәлі пенделер тамұқтың отында, ыстық самум желінің аптабында азап шегешек делінген (56-суренің 41—43-ші аяты; 67-суренің 7—8-ші аяттары). Тамұқта ислам дінін ұстамаған кәпірлер мен дінге шәк келтірушілер үшін шынжыр тор, қарғы, кісен, қақтайтын жасыл от дайын тұр деп жазылған құранда (76-суренің 4-ші аяты). Ыстыққа шыдай алмай шөлдегендердің өңешіне қайнаған су құйып, қиын азап көрсетеді-міс (10-суренің 4-ші аяты; 67-суренің 7—8-ші аяттары; 87-суренің 12—13-ші аяттары; 88-суренің 5-ші аяты).

Бұл арада еске аларлық бір жай тамұқ азабын суреттегенде құранның авторлары жері өте ыстық, шөлді Аравия жарты аралының табиғатында жиі ұшырайтын қолайсыз ауа райынан мысалдар келтірген. Бұл да құранның көктен түскен құдай сөзі емес, оны Аравиядағы адамдардың араб тілінде өздері жазып шығарғанын айқындай түседі.

Құранның авторлары құдайға құлшылық еткісі келмейтін, яғни қанаушы таптың идеологиясы мен үстемдігіне көңісі келмейтін кедей бұқараны тамұқ азабымен қорқытып қана қоймай, бұл дүниеде жақсы болсаң, «құдай салды — біз көндік» деп жүре берсең, ол дүниеде жұмаққа барасың, мәңгі рахат көресің деп алдарқатып, үміттендіреді де. Жұмақ, яғни арабша жәһәннәм бакша деген сөз. Аравияның құлазыған құмды шөлінде көкорай шалғын сулы жер іздеп, көшіп жүрген көшпелі араб шаруаларының аңсаған арманы көленкелі, қоңыр салқын, мәуелі бау-бакша емес пе. Ал құран айтуындағы пейіштің гүлбағы мәңгі-бақи көгерген ағашы бар, саясы мол, миуалы бақ. Онда ыстық жел үрлемейді, күйдірген күн сәулесі түспейді. Сол бұлбұл құсы сайраған жемісті бақ гүлстанда шөлдеген жанның мейірін қандырар сусын да мол, зәмзәм суы, ешуақытта бұзылмайтын, дәмі таңдайдан кетпейтін сүт, сімірсең бойыңа рахат тарайтын бал-шарап өзен болып ағып жатады-мыс (47-суренің 16—17-ші аяттары). Пейішке кірген күнәдан пәк тақуалар (бұл дүниеде дін иелері мен бай-алпауыттардың дегенін екі етпегендер) о дүниеде не ішем, не жеймін дегенді білмейтін, ешбір уайымы жоқ құдайдың сүйікті құлдары болады, олар хор қызын құшып, мәңгі сауық-сайран құрып жүреді-міс (35-суренің 30-шы аяты; 36-суренің 55—57-ші аяттары; 56-суренің 11—25, 76-суренің 11—22, 77-суренің 41—44, 88-суренің 10—16-шы аяттары).

Жоғарыда келтірген мысалдардан түйіп айтар пікір — құранның заман ақыры туралы аяттарын жазушылар қарапайым еңбекші халықты үрейін алып қорқытып та, тәтті қиялмен алдарқатып та ат төбеліндей билеуші таптың ыркына көндіру, езілген бұқараның еңсесін көтертпеу,

сөйтіп олардың үнемі аш-жалаңаш, қайыршылық халде, езушілердің құлдығында болуына қызмет ету.

**Үшінші топқа жататын материалдар** құранның төрттен біріндей көлемін алады. Бұл топтағы аяттарда көбіне ерте замандағы араб, еврей (жүһит) пайғамбарлары мен әулиелері туралы інжіл мен талмудтан, сондай-ақ көне араб ауыз әдебиетінен алған аңыз-әңгімелер баяндалады. Мұны құранда айтылған «пайғамбарлар» есімінің өзі-ақ айқын аңғартады. Мысалы, Нұһ (Ной), Ибраһим (Авраам), Ысқақ (Исаак), Жүсіп (Иосиф), Айюб (Иов), Жақып (Иаков), Мұса (Моисей), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Соломон), Ілияс (Илья), Ғайса (Иисус) тағы басқалар (жақшаға алынған есімдер христиан мен иуда дінінде кездесетін пайғамбарлар аты).

Бір қызығы, құранда айтылатын осы пайғамбарлар арасында тарихта белгілі, ертеде өмір сүрген мемлекет қайраткері, атақты әскер басы Александр Македонскийдің есімі де Ескендір Зұлқарнайын деген атпен кездеседі (4-суренің 161-ші аяты, 18-суренің 82—102, 21-суренің 1—112-ші аяттары). Арабша «Ескендір зу-ль-карнейн» — «қос мүйізді Ескендір» деген сөз. Ескендірдің дулығысында патшалық белгісі ретінде екі мүйіз болғаны мәлім.

Құранның уағызы бойынша аты аталған пайғамбарлар — «алланың әділ сөзін» адамдарға жеткізіп, оларды «алла тағаланың ең қалаулы діні — ислам діні» жолына түсіру үшін келген көктегі құдайдың жердегі өкілі-міс. Құран Мұхамбетті ең соңғы пайғамбар, оның алдында Айса пайғамбар (Иисус Христос) болған еді деп түсіндіреді. Сөйте тұра христиан дініндегілерді «кәпір» деп, яғни құранның өзі атаған Айса пайғамбар таратқан «құдай сөзіне» лағнат айтылуы құрандағы қым-қуыт қарама-қарсылықтың бірі. Міне құранда айтылатын осындай сан алуан аңыз-ертегілердің көпшілігі ислам діні пайда болғанға дейінгі өзге діндерден, сол сықылды арабтың көне ауыз әдебиетінен алынған нәрселер. Мұны ғылыми-зерттеу жұмыстары тарихи деректерге сүйеніп, айдан анық дәлелдеп отыр. Соған қарамастан, құран сөзінің бәрі көктен келген құдай сөзі, ол адамзаттың ауызынан шыққан да емес, оны ешкім құраннан бұрын естіп-білген де емес делінген. Мысалы, құранның 12-суресіндегі «Юсуф» («Жүсіп») жайлы аңыз құраннан бұрын шыққан таураттан түгел көшіріліп алынуына қарамастан, құран оны «жұртқа жайылмаған жаңа хикаяның бірі» деп көрсетеді (12-суре, 103-ші аят).

Құран аяттары мен сурелерінің, ондағы аңыз-ертегілердің түп мақсаты — қарапайым халықтың санасына құдіреті күшті бір құдай бар, құдайдың сөзін тарататын жердегі өкілі пайғамбарлардың, солардың атынан сөйлейтін діндарлардың айтқанын екі етпей, шарифат жолын берік ұстау керек дегенді ұялату, сөйтіп үстем таптың идеологиясын дәріптеу, езілген еңбекшілерді бұғауда ұстауға барынша көмектесу.

**Төртінші топқа жататын материалдар** мұсылмандардың бір-бірімен қарым-қатынасы, мінез-қалпы қандай болуға тиіс деген діни хұқық парыздары. Бұл жағынан алғанда құран билік жүргізу, үкім айту міндетін де атқара алады. Шарифат — құранның осы хұқықтық қағидасына негізделген заң тәртібі. Оның бір ерекшелігі онда жеке адамның правосын қорғаудан гөрі жеке меншікті қорғау мәселелеріне өте қатты көңіл бөлінген. Мұның себебі — құран алғаш жазыла бастаған уақыт араб арасында жеке меншіктің, таптардың пайда бола бастаған кезі еді. Сондықтан құран жаңа қоғамды құдай атынан қуаттап, сол қанаушы қоғам құрылысын заңды етуді көксейді. Бұл жәйт түсінікті де. Құранды жазушылар, оны кейіннен толықтырушылар ылғи үстем таптың өкілдері болды. Олар құдай атынан кедейлерге былай дейді: «Әй пендем, менің ықыласым түскен кейбір ауқатты кісілердің мүлкіне қызғаныш көз салып, күнәһәр болма» (20-суре, 131-ші аят). Енді бір-

де сол жеке меншікке қол жұмсағандарды қатаң жазалауға бұйырады. «Ұрлық жасап, алланың кәріне ұшырағандардың қолын шауып тастандар» делінген құранда (5-суре, 42-ші аят).

Сонымен құран теңсіздікті, қанаушылықты, тіпті құл немденуді де — бәрі «бір алланың ісі» дей отырып, оған наразы болғандарға бұл дүниеде ауыр жаза, ол дүниеде тамұқ азабы бар дегенді қалай да ұғындыруға тырысады.

Құранда сондай-ақ жеке меншікке тығыз байланысты мирасқорлық жағдайға да көп көңіл бөлінген. Сол кезде арабтар арасында аталық дәуірдің (патриархат) үстем болуына байланысты құран ер адамды әйелден жоғары қояды. «Алла әйелден гөрі еркекті артық қылып жаратты» делінген құранда (4-суре, 32-ші аят). Мүлік бөлгенде «әйелге бір үлес, ерге екі үлес» дейді (4-суре, 175-ші аят). Ата мұрасын бөлгенде «ұл балаға екі үлес, қыз балаға бір үлес» берілсін дейді (4-суре, 12-ші аят).

Жалпы алғанда құран әйелді ер кісімен тең санамайды. Тергеу-тексерісте бір еркектің куәлігі екі әйелдің куәлігіне жүреді (2-суре, 282-ші аят). Әйел ерінің айтқанынан шықпауға тиіс. Ол ерінің, үй тұрмысының күңі. Еркек бірден 4 әйелге некелі бола алады. Қаламаса тек еркек қана әйелін талақ етеді немесе өз әмірімен жазалайды — ұрады, соғады. Әйел қоғам ісіне, көпшілік жиналысқа қатынаспайды (4-суренің 3-ші аяты, 65-суренің 1-ші аяты). Құранның, шарифаттың тәртібі бойынша көшеге шыққанда мұсылман әйелдері паранжі жамылуға тиіс.

Қысқасы, құранның праволық (хұқықтық) ережелерінен оның әлеуметтік мазмұны — үстем таптың, таптық қоғамның негізін, толып жатқан әділетсіздігін қорғайтыны айқын көрінеді.

**Бесінші топқа жататын** аспан әлемі мен жердің, жан-жануар мен адамның пайда болуы жайлы құран тұжырымдары да басқа дін кітаптарынан көшіріп алынған. Солардағы сықылды мұнда айтылған пікірлер де шындыққа, ғылымға ешбір жанаспайтын қисынсыз тұспалдар. Олар тіпті Шығыс халықтарының, соның ішінде Оңтүстік Аравия елінің сол тұстағы мәдениеті мен ғылымы ашқан жаңалықтардан көш кейін жатыр.

Құранның айтуына қарағанда күллі әлем, аспан мен жер, адам мен жан-жануар, жансыз дүние — бәрі алланың әмірімен алты күн ішінде жаралып болыпты-мыс. Соның бәрін жаратқанда алла «Жарал!» деген жалғыз-ақ ауыз сөз айтыпты-мыс (6-суре, 72-ші аят). Құранша жер көсіліп жатқан жалпақ жазира, алла сол жазықты теңдестіру мақсатымен әр жерге биік таулар қойған, өзен-сулар ағызған, қым-қиғаш жолдар салған (16-суре, 15-ші аят; 21-суре, 32-ші аят; 32-суре, 3-ші аят; 50-суре, 7-ші аят; 51-суре, 48-ші аят). Жер жеті қабат көкпен көмкерілген деп жазылған құранда. Соның ең астыңғы қабатына түнде жарық болсын деп «көк шырағы» — жұлдыздар ілінген. Алла аспанға түн мен күнді мезгілімен ауыстырып тұруға әмір еткен (21-суре, 32—34-ші аят; 67-суре, 5-ші аят; 79-суре, 27—29-шы аяттар). Бұларға қоса құранда алла «жаратқан заттарда ешбір мүкіс болмақ емес» делінген. Мысалы, 32-суренің 6-ші аятында жерді көмкерген жеті қабат көктің ешбір саңлауы не тесігі жоқ деп жазады құран.

Міне осылардың бәрінен айқын көрініп отырғанындай құран шыққан заманның өзінде-ақ астрономиядан әлемге анық мәлімет айтқан Египет (Мысыр), Вавилон, Шумер сияқты көршілес елдің ғылымынан құран авторларының ешбір хабары болмағанын көреміз. Әйтпесе ғылым арқылы адам баласына әйгілі болған жердің жұмырлығы туралы, аспан әлемі мен жұлдыздар туралы ақиқат шындыққа қарама-қарсы құрандағы анайы тұспалдар айтылуға тиіс емес еді. Әсіресе кәзіргі заманда совет адамдарының қолымен жасалып, солардың жерден радио арқылы берген әмірімен әлем кеңістігін, ай шеңберін аралап жүрген

спутниктер мен спутник-корабльдер заманында құранның жоғарыда айтылған әлем туралы пікірі тым-ақ өрескел көрінбей ме?

Құранның адам мен жан-жануар туралы жазғандары да осыған ұқсайды. Құранның айтуынша барлық жан-жануар алланың әмірімен судан жаралыпты-мыс (24-суре, 44-ші аят). Ал адамның шығуы туралы құранда әртүрлі пікір айтылады. Бір жерде адам топырақтан жаралды десе, енді бір жерде әртүрлі саздан илеп жасалды, тағы бір жерде судан жаратылды делінген. Осылайша әуелі адамның мүсінін жасап алып, оған құдай «жан бітіреді»-міс (15-суренің 26—29, 32-суренің 6—8-шы аяттары). Құранша әйел Адам атаның қабырғасынан жасалған (4-суренің 1-ші, 39-суренің 8-шы аяты). Ал жалпы адамды құдай тек өзіме құлшылық етуге бола ғана жараттым дейді (51-суре, 56-аят). Адам баласының алдына құдай өзге мақсат қоймайды!

Құран табиғат пен қоғамның қандай да болмасын даму заңдылығы бар дегенді жоққа шығарады. Барлық құбылыс атаулы жазмышта көрсетілгеніндей алланың әмірімен болады-мыс. Құранда «не істесе де бір алланың өз еркі», «алла қаласа — алдағы болады» деген сөз бар (24-суре, 44-шы аят; 85-суре, 16-шы аят). Құранның бұл қағидасы әлеумет өміріне айрықша кертартпа, теріс ықпал етеді. Өйткені ол таптық қоғамның барлық әділетсіздігін, бітіспейтін қайшылықтарын бүркейді, оның бәрін «құдай ісі» деп жариялайды да оған қарсы бас көтерушілік алланың әміріне қарсы болғандық, ал ондайлар алланың сұрапыл кәріне ұшырамақ деп құран «түрлі ғаламаттар» жайлы айтып, қаналушыларды қорқыта түседі. Міне сондықтан да құран моралінің негізгі арқауы, өзегі — құлшылдық, төзімділік принципі. Тіпті «ислам» деген араб сөзінің мағнасы да көну, төзу деген ұғым береді. Құранның мақсаты қанаушы таптың сойылын соғып, езілгендерді бұл дүниеде қандай зәбір-жапа көрсең де төзе бер, бәрі құдай ісі, ал оның есесіне ол дүниеде мәңгі рахат көресің деп сендіру, алдарқату. Құранда былай делінген: «Бұл дүниедегі өмір әншейін әбігерлік, алдамшы ермек, адамды қызықтырған сағым, бос мақтан...» (57-суре, 19-шы аят). Кімде-кім «бұл дүние үшін ұрық ексе, ол дүниеде ешбір үлес алмайды» (42-суре, 19-шы аят).

«Барлық мұсылмандар бауырлас» деген құран қағидасының кертартпа мәні бұдан да күшті, бұдан да зор. Ол еңбекші бұқараның таптық мүддесіне мүлде қайшы, өйткені оны қанаушылармен бауырластырып, жетегіне ере беруге баулиды. Ол ол ма, бұл қағиданы кәзіргі кезде ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қажырлы күрес жүргізіп жатқан Шығыс халықтарының үнін өшіру үшін халықаралық реакция бірден-бір елеулі құрал ретінде пайдалануда.

Әйгілі неміс материалісі Людвиг Фейербах құдайды ойлап шығарған адам, ол адамнан айнымайды, адамның өзі қандай болса, құдайы да сондай деп дана сөз айтқан екен. Сол сықылды құранды жазған адамдардың құдайы да өздерінен айнымайды. Онан біз кәдімгі өркөкірек, томырық мінез шонжарлар кейпін көреміз. Ол айналасына ызғар шашып, қарауындағыларды бір шыбықпен айдап, өзі орнатқан «тәртібін» өрескел болса да орындатпай қоймайтын, қолындағы мал-мүлкін, «құдай берген бақыты мен билігін» жанын салып қорғайтын, айтқанын екі етсең өлтіре соғатын ерте замандағы араб елінің мәдениеті төмен құл иемденушілері тәрізді.

Қорыта айтқанда құранның жалпы мазмұнымен шолу түрінде ғана болса да танысуымыз оның ең дана ақиқат, шындық, «құдай сөзі» емес екенін айқын аңғартады. Оның авторлары құдай, пайғамбарлар жайлы өз заманында елге тараған әртүрлі аңыз-ертегілерді, қанаушы үстем таптың мүддесін қорғайтын заң, хұқық жораларын, өздерінің дін туралы өте тұрпайы көзқарасы мен пікірін жинақтап құрастырып, «құран» етіп шығарғанын көреміз.

Мұсылмандар құранды «қасиетті кітап» деп қадір тұтады. Олар құранның мазмұнын ғана емес, басылған әрпі мен қағазын да, керек десе тыстаған қатырғысы мен түптеген матасын да қасиетті санайды. Құран көтеріп ант етеді, құран сөзін көшіртіп, «қасиетті тұмар» қылып тағады, немесе құран сөзін жазған сияны суға ерітіп, дәрі орнына ішеді, құран оқытып үшкіртеді, тағысын тағылар. Мұсылмандар құран сөзіне ешнәрсені теңемейді, құраннан асыл, онан артық ештеме жоқ деп біледі. Шындығында құранда, мұсылман дінінің беделді ғұламаларының айтуынша, бірін-бірі жоққа шығаратын 225 қайшы пікір бар. Және де бұл қайшы пікірлер исламның негізгі қағидаларында да кездеседі. Мәселен, адамның пайда болуы, ерік бостандығы, сәуегейлік жөнінде солай. Құранның 16-суресінде «ақірет азабын» адам опат болысымен тарта бастайды делінген болса, 23-суреде ақыр заман болғанда мәшар күні сират көпірінен өте алмай қалса тартады делінген.

Осы тәрізді құранның өзіне өзі қайшы келетін (ғылым мен тарих шындығын айтпағанда да) пікірлер толып жатыр. Осыған байланысты мұсылман діндарлары құранда «теріске шығаратын» (насих) сурелер, «теріске шыққан» (мансук) сурелер бар деген «қисын» ойлап шығарды. Олар: алла тағала өзінің бұрын ағат айтылған қате сөздерін кейін түзеткен дейді. Сөйтіп, құрандағы қарапайым адамға бадырайып көрініп тұрған жоғарыда айтылған толып жатқан қайшы пікірлерді қабыстыра алмай олар ақыры «алла тағала өзі қателесті, кейін өзі түзеді» деуге мәжбүр болды. Құран сөзі — құдай сөзі, ол хақ, бәрі рас деген сөздері сонымен жайына қалды!

Құранның жазылу стилінде шорқақтық мол, грамматикалық қатесі де аз емес. Бұл жағынан алып қарағанда құран сөзі араб елінің классик әдебиетінің дәрежесінен анағұрлым төмен тұрғаны анық. Міне осы фактілердің барлығы да айналып келгенде құран шындықтың ең биік шоктығы, құдай сөзі емес, кәдімгі адамның белгілі дәуірдегі ақыл-ойының жемісі екенін анық көреміз.

\*  
\* \*

Қазіргі заманда халықтардың мәдени дәрежесінің көтерілуі, ғылым мен техниканың тамаша жаңалықтары надандықтың бір белгісі болған діни көзқарастардың адам санасындағы қалдықтары мен ұғымдарын бірте-бірте жойып келеді. Бірақ капиталистік қоғамда әлі де болса дінді дәріптейтін, оны өзінің тап мүддесіне сәйкес сақтап қалуды көксейтін, тіпті дінді ғылымның әшкерелеуінен қорғап қалуды қарастыратын топтар аз емес.

Басқа барлық діннің руханилары сықылды мұсылман діндарлары да ислам дінінің абыройын сақтап қалмаққа тырысады. Олар бірін бірі жоққа шығаратын ғылым мен дінді өзара үйлестірмек болады, құран сөзін «дұрыс түсіндірмек» болып, софистикалық жалтарыстарға салынады. Олар араб сөзінің көп мағналылығына сүйеніп, немесе пәлен сөздің төлендей «астары» бар дегенді сылтауратып, құран сөзінің шынайы мәнін бұрмалайды, тіпті оның үйлеспей жатқан өрескел жерлерінен аттонын ала қашады.

Бірақ бұл зая кеткен «еңбек». Өйткені өмір ілгерілеген сайын дінің алдауына еретіндер азайып келеді. Бара-бара дін совет адамдарының көзіне бұркеу, қолына шырмау болудан қалуға тиіс, қалады деп әбден сенеміз де.

# Партия тұрмысы

## Х съезд шешімдерін жүзеге асыру күресінде

Т. ҚАҒАЗОВ,

*Қазақстан КП Маңғыстау аудандық комитетінің секретары*

Қазақстан Компартиясының Х съезі республика өміріндегі елеулі оқиға болды. Съезд шешімдерін жүзеге асыру жолында күресе отырып, партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдары бұқара арасындағы идеялық тәрбие және шаруашылықты ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін көтере түсті. Мұның өзі еңбекшілер бұқарасының жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы ынта-жігерін арттырды.

Аудан еңбекшілері съезд шешімдерін бірауыздан мақұлдай отырып, 1960 жылға алған міндеттемелерін республикамыздың даңқты 40 жылдық мерекесіне дейін орындап шығуды мақсат етіп отыр.

Аудандық партия комитеті Қазақстан Компартиясы Х съезінің қарарларын жүзеге асыру үшін бұл шешімдерді ең алдымен аудандық актив жиналысында және бастауыш партия ұйымдарының ашық жиналыстарында кеңінен талқылауды ұйымдастырды. Еңбекшілер бұқарасы мен активтер съезд шешімдерін талқылау кезінде ауыл шаруашылығын өркендетудің көптеген қосымша мүмкіндіктерін көрсетіп, бағалы ұсыныстар айтты.

Біз съезд шешімдерін бұқараға кеңінен түсіндіріп, оны жүзеге асыруды жер-жерде ұйымдастыру үшін аудандық партия комитетінің мүшелері және аудан активтері қатарынан көптеген жолдастарды колхоздарға, мал жайылым учаскелеріне жібердік. Партия, совет, комсомол қызметкерлері алыс мал отарларында болып, мал өсірушілерге съезд қабылдаған шешімдер мен міндеттерді егжей-тегжейлеп түсіндірді.

Біздің ауданның еңбекшілері партияның XX және XXI съездерінің Орталық Комитеті пленумдарының тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, өткен жылы — жетіжылдықтың алғашқы жылы қорамдық малдың санын көбейту және оның өнімділігін арттыру жөнінде елеулі табыстарға жетті. Өткен жылдың аяғында біздің колхоздарда қой саны 412,3 мыңға жетті, мемлекетке біз 7 268 тонна ет, 1 132 тонна жүн, 15 мыңдай қаракөл елтірісін саттық. Егер бұл табыстарды 1953 жылғымен салыстырсақ, онда қой саны 4 есе, мемлекетке сатылған ет 6,5 есе, жүн 5 есе, қаракөл елтірісі 8,6 есе өскенін көреміз.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің күнделікті қамқорлығы мен жігерленген мал өсірушілер шаруашылықты өркендетудің қарқынын жылдан жылға арттырып келеді. Олар өткен жылы қой өсіру, ірі қара мал жөнінде өздеріне алған социалистік міндеттемелерін артығымен орындап шықты. Біздің мал өсірушілер Гурьев облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алып, оны берік ұстап келеді.

Озат шаруашылықтар мал шаруашылығын өркендету, оның өнімдерін молайту жөніндегі мүмкіндіктерді жақсы пайдалануға ұмтылады. Олар әсіресе өткен жылы мемлекетке ет тапсыру жөнінде ерекше патриоттық үлгі көрсетті. Мысалы, Ерәлиев атындағы артельдің мал өсірушілері мемлекетке тапсырылған 6 200 қойдың әрқайсысын орташа 64 килограмнан өткізіп, XIX партсъезд және Ленин атындағы колхоздардың мал өсірушілері 60 килограмнан тапсырды.

Ауданда ерен ерлік еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген шопандар аз емес. XIX партсъезд атындағы колхоздың шопаны комсомолец Әбдешев Сәнтай өткен жылы өз отарындағы 614 қойдың әрқайсысының салмағын 75 килограмнан тапсырды. Сол сияқты озат шопандар Байсариев, Дәрменев, Шатбаев, Әбілханов, Тегісбаев, Танатаров жолдастар әрбір қойдың орташа салмағын 65—70 килограмға жеткізді. XIX партсъезд атындағы колхоздың шопандары Қазақ ССР-ның социалистік мал шаруашылығына еңбегі сіңген шеберлері Ысмағұлов Оспан, Қуанышев Латип, Чапаев атындағы колхоздың аға шопаны Мырзабаев Байжігіт, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхоздың аға шопаны Шорабаев Құдаш жолдастар әрбір 100 саулықтан 121—127 қозыдан өсірді, әрбір қойдан 4—5 килограмнан жүн алды.

Еңбек озаттарының қатары жыл сайын өсіп келеді. Ауданның партия ұйымдары мал өсірушілер қатарын орта мектепті бітірген жастар есебінен толықтыруға соңғы жылдары ерекше көңіл бөлді. Кәзір бізде 2 650 шопан, жылқышы, бақташы болса, соның 1 700-і жетіжылдық және онжылдық білімі бар жастар. Жақында Ленин атындағы колхоздың бір топ коммунистері мен комсомолецтері шопан болуға тілек білдірді. Олардың ішінде мұғалімдер, мамандар, колхоз активтері де бар. Бұл бастаманы Гурьев облыстық комитеті мақұлдап, барлық жерге таратуды ұйғарды.

Аудан еңбекшілерінің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қол жеткен табыстарына жастардың қосқан үлесі мол. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін жастардың көпшілігі-ақ еңбек озаты.

Мал санының көбеюі және мал шаруашылығынан алынатын өнімдердің молаюы, колхоздардың табысын арттыра түсті. Өткен жылы аудан колхоздарының жылдық ақшалай табысы 64 миллион сом болды. Колхоздарда табыс бір жылдың ішінде 45,5 процент артты. 1-Май колхозы өткен жылы әрбір еңбеккүнге 19 сомнан ақша бөлді. Аудан бойынша алғанда өткен жылы колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 14 сом 29 тиыннан ақша бөлінді. Колхоз шаруашылығының жанжақты өркендеуі колхозшылардың материалдық тұрмысын арттыра түсуде. Мысалы, өткен жылы 1-Май артелінің мүшесі Тәжғұлов жолдастың семьясының біржылдық ақшалай табысы ғана 46 531 сом, Правда атындағы колхоздың мүшесі Айтпай Есжановтың семьясының табысы 54 723 сом болды.

Ауданның партия ұйымдары колхоздардың экономикасын көтеру, колхозшылардың мәдениет тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыстарымен бірге еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде де қажырлы күрес жүргізіп келеді. Партия ұйымдарында саяси тәрбие жұмыстарының формалары сан алуан. Аудандық партия комитетінің жанында колхоздар мен ауылдық советтердің басшы қызметкерлеріне арналған тұрақты жұмыс істейтін экономикалық семинар бар. Жүздеген колхозшылар саяси оқу жүйесіне тартылған.

Ауданның партия ұйымдары соңғы кезде лекциялық насихатты да жақсартта түсті. Өткен жылы саяси және қоғамдық білімдер тарату қоғамының өзі ғана 1958 жылға қарағанда лекцияны 2 есе көп өткізді. Еңбекшілер арасында баяндама, лекция оқуға, саяси әңгіме өткізуге партия, совет және шаруашылық ұйымдарының басшы қызметкерлері де белсене қатынасатын болды.

Соңғы жылдары партия ұйымдары мал өсірушілердің тұрмысын және мәдениет дәрежесін көтере беру жолында да бірсыпыра игілікті істерге бастаушы болды. Кәзір аудандағы колхоз орталықтарының бәрі де қайта салынды. Колхоз аулында клуб, мектеп, кітапхана, монша, емхана жұмыс істейді. Сол сияқты фермалар мен мал жайылым учаскелерінің орталықтары да ондалды. Ауылдар тегіс электрлендіріліп, радиоландырылды.



Мысалы, «Правда» колхозы мұнан 4 — 5 жыл бұрын артта қалып келе жатқан шаруашылық болатын. Осының салдарынан колхоз аулының көрінісі де, үй құрылыстары да нашар еді. Кәзір бұл колхоз аудандағы, тіпті облыстағы озат шаруашылықтардың бірі. Өткен жылы колхоздың ақшалай табысы 6 771 мың сом болды. Артельдің бөлінбейтін қорында 2 миллион сомға жуық қаржы бар. Колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 16 сом 21 тиыннан ақша бөлінді. Колхоз аулы жаңадан үлгі жобамен салынды. Ол кәзір шағын бір қалаға ұқсайды. Оның орталығында жаңа салынған сегізжылдық мектеп үйі, клуб, емхана, әйелдер босанатын үй, кітапхана және басқа мәдениет орындары бар.

Біздің ауданның мал өсірушілері өздерінің өткен жылғы қол жеткен табыстарына сүйене отырып, биыл—жетіжылдықтың екінші жылында мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беру жолында жаңа көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Биыл мал өсірушілер 210 мың қозы өсіруге, сонымен бірге мемлекетке 8 500 тонна ет, 1 250 тонна жүн сатуға міндеттеме қабылдады. Кәзір олар өздерінің осы алған міндеттемелерін орындау жолында аянбай еңбек етуде. Ауданның колхоздары мемлекетке ет, жүн сатудың жарты жылдық жоспарын, қаракөл елтірісін тапсырудың жылдық жоспарын 105 процент орындады.

Партия ұйымдарының мал өсірушілер арасында жүргізген ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмыстарының нәтижесінде қыстың қатал, көктемнің салқын болуына қарамай, биыл мал күйлі шықты. 1960 жылдың өткен үш айында 572 шопан қарауындағы малдың бірде-бірін шығынсыз аман өсіріп келеді.

Біздің шаруашылықтар кәзір малды Үстірт, Сам, Қаракұм жайлауларына шығарды. Бірсыпыра колхоздарымыз қойды қыста төлдету әдісін қолданып, жақсы нәтижеге жетті. Қыста төлдеген әрбір жүз саулықтан 105—110-нан қозы алынды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, социалистік мал шаруашылығының шебері Ысмағұлов жолдас өз отарындағы 500 саулықты қысты күні қоздатып, онан 678 төл алды.

Қаракұм мал жайылым учаскесінде бес колхоздың 70 мыңға жуық малы бар. Жайылым орталығында сегізжылдық мектеп, арнаулы 2 магазин, монша, қызыл отау, автоклуб, интернат, дәрігерлік пункт, радиостанция т. б. мәдениет орталықтары жұмыс істейді. Аудандық партия комитеті мұнда бастауыш партия ұйымын, 2 партия тобын, комсомол ұйымын құрды. Ондағы 13 коммунист, 28 комсомолец және 31 үгітші мал өсірушілер арасында күнделікті саяси жұмыс жүргізумен бірге, өздері де үлгілі еңбек етеді.

Аудан колхоздарының мал жайылым учаскелерінде кәзір 270 үгітші, аудандық партия комитетінің 9 нұсқаушысы және 8 штаттан тыс нұсқаушы, сонымен қатар көптеген мәдениет қызметкерлері мал өсірушілермен күнделікті бірге болып, олардың арасында саяси-көпшілік жұмысын жүргізеді, социалистік жарысты ұйымдастырады. Март—апрель айларының ішінде ғана аудандық комитеттің лекторлары мен баяндамашылары 332 баяндама, лекция өткізді.

Ауданның малшылары биыл әрбір 100 саулықтан 105-тен қозы алуға міндеттенген болатын. Бұл міндеттеме абыроймен орындалып келеді. Аудан бойынша орта есеппен кәзірдің өзінде әрбір 100 саулықтан 110-нан қозы алынды.

Ал жеке шаруашылықтар бұдан әлдеқайда жоғары көрсеткіштерге ие болуда. XIX партсъезд атындағы колхозда (колхоз председателі Иманғазиев, бастауыш партия ұйымының секретары Ұлықпанов жолдастар) қоздаған әр бір жүз саулықтан 119 қозы алып, аман өсіріп келеді. Чапаев атындағы колхозда (колхоз председателі Сағындықов, бастауыш партия ұйымының секретары Еділханов жолдастар) әр-

бір жүз саулықтан 115 қозыдан алынды. Сондай-ақ «Правда», «Еңбек», Ленин атындағы, «Қызыл таң» колхоздарында әр жүз саулықтан кәзірдің өзінде 110 қозыдан алынды.

Озат шопандардың табыстары мұнан да зор. «Правда» колхозының аға шопаны Қарабасов Айымбай, Сәрсенқожаев Жұмағали, Чапаев атындағы колхоздың аға шопаны Мырзабаев Байжігіт, Тайбағаров Шәйкей, XIX партсъезд атындағы колхоздың аға шопаны Қуанышев Латип, Омаров Елеусін, «1-май» колхозының аға шопаны Ысмағұлов Жұмабек, Темірбаев Мұхан т. б. көптеген шопандар әрбір 100 саулықтан 130—140-қа дейін қозы алды.

Мал санының өсуіне байланысты жаңа жайылымдарды игеру жөнінде бізде көп жұмыстар жүргізуге тура келеді. Әлі де судың тапшылығынан пайдаланылмай жатқан жайылымдар көп. Жайылымдардан жаңа механикаландырылған құдықтар қазу үшін ішкі мүмкіндіктерді пайдаланумен бірге колхоздарға республиканың Жоспарлау комиссиясы, Су шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан елеулі көмек керек.

Үстірт, Сам жайылымдарындағы құдықтардың тереңдігі 15—30 метрге, кейде тіпті 60 метрге дейін жетеді. Міне осындай құдықтан бір отар қойды суғаруға үш адамның 5—6 сағат уақыт жұмсауы керек. Ал егер мұндай құдықтардан су тарту механикаландырылса, бұл жұмыс әлдеқайда жеңілдер еді. Облыстың ауылшаруашылық органдары мен Гурьев халық шаруашылығы советі біздің малшылардың бұл тілегін орындауға нашар көмектесіп келеді.

Мал жайылымдарында жұмыс істейтін еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету ісінде де елеулі кемшіліктер бар. Кәзір біздегі шопандар мен бақташылардың, жылқышылардың 65 проценті жастар. Жастардың рухани талабы өте жоғары. Біздегі мәдени ағарту мекемелерінің көпшілігі колхоздардың орталықтарында, немесе орталық мал жайылым учаскелерінде. Ал мал өсірушілер жылында 9—10 ай бойы жайлауда болады. Сондықтан мәдени-ағарту мекемелері мал өсірушілердің талабын толық қанағаттандыра алмайды.

Жайлаулардағы мал өсірушілерге мәдени қызметті жақсарту үшін автоклубтарды көбейту керек. Олар бір орыннан екінші орынға шапшаң ауысып, икемділік көрсете алады. Республикамыздың Мәдениет министрлігі және басқа тиісті органдар бізге автоклубтар, автолавкалар, дәрігерлік машиналар және көшпелі моншалар беру жөнінде нашар көмектеседі.

Жас мал өсірушілердің мамандығын арттыруға, білімін көтеруге деген тілегі ерекше күшті. Кәзір ауданда 120 жас малшы Гурьевтегі малдәрігерлік техникумда сырттан оқиды. Ал білімін көтеруді ойлайтындар одан да көп. Сондықтан біздің ауданда малдәрігерлік техникумның филиалын ұйымдастырған жөн. Сырттан оқитын мал өсірушілерге қажетті жағдай жасау керек. Республиканың және облыстың тиісті орындары бізге бұл мәселелерді шешу жөнінде көмектесіп, мал өсірушілердің талап-тілектерін қанағаттандыруға күнделікті көңіл бөліп отыруға тиіс.

Ауданның партия ұйымдары Қазақстан Компартиясы X съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, еңбекшілердің алған социалистік міндеттемелерін республикамыздың 40 жылдық тойына дейін абыроймен орындап шығу жолындағы күресін ұйымдастырады.

# Міндеттемені абыроймен орындаймыз

*С. АЙДАРҒАЛИЕВ,*

*Қазақстан КП Май аудандық комитетінің секретары*

КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы тарихи сентябрь Пленумы, Орталық Комитеттің одан кейінгі пленумдары ауыл шаруашылығына басшылық етудегі елеулі кемшіліктерді батыл ашып, ауыл шаруашылығын өркендетудің нақты шараларын белгіледі.

Өткен жылдың соңғы күндерінде болып өткен КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы ауыл шаруашылығын шұғыл дамыту жөнінде істелген ересен жұмыстардың қорытындысын шығарды, елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасаудың жаңа міндеттерін белгілеп берді. Бұл міндеттерді орындау кәзір барлық партия, шаруашылық ұйымдарының, ауыл шаруашылығының бүкіл еңбеккерлерінің айбынды міндеті болып отыр.

Біздің ауданда 1953 жылға дейін экономикалық-шаруашылық жағынан әлсіз 7 колхоз, бір совхоз болған еді. Аудан колхоздарын қамтитын бір ғана МТС-те 19 трактор, 3 комбайн, 14 автомашина жұмыс істейтін. Аудан шаруашылықтарының мемлекетке тапсырған өнімдерінің мөлшері де мардымсыз еді.

КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейінгі мерзім ішінде ауданда бұрынғы экономикасы әлсіз колхоздар негізінде 3 совхоз құрылды. Тың, тыңайған жерде жаңадан 2 совхоз ұйымдастырылды. Сонымен аудан бірыңғай совхозды ауданға айналды. Совхоздар осы заманғы қуатты техникамен жабдықталды. Кәзір ауданның 6 совхозында 684 трактор, 587 комбайн, 260 автомашина, 1 479 түрлі ауылшаруашылық машиналары мен тіркеу саймандары бар.

Коммунист партиясы мен Совет үкіметінің шақыруы бойынша тың игеру жұмысына еліміздің тұс-тұсынан мың жарымнан астам адам келді.

Егіс көлемі соңғы алты жыл ішінде 1953 жылғы 15 мың гектардың орнына 160 мың гектарға жетті; мұның 132 мың гектардан астамы тың, тыңайған жер. Тек 1959 жылы мемлекетке өткізілген астықтың мөлшері 1953 жылғымен салыстырғанда 7 есе асып түсті. Кейінгі екі жыл ішінде 13 миллион пұт астық алынып, оның 9,5 миллион пұты мемлекетке тапсырылды.

Тың және тыңайған жердің ойдағыдай игерілуі, егін шығымдылығының артуы, әсіресе жүгері егісінің көбеюі мал шаруашылығын шұғыл дамытып, ауданның мемлекетке етті, жүнді, басқа да өнімдерді көп беретін аудандар қатарына қосылуына жағдай туғызды. 1953 жылға қарағанда ірі қара 64 процент, қой мен ешкі 56 процент өсті. Жылқы мен шошқаның саны көбейді. Өткен жылы аудан совхоздары мемлекетке жүн, сүт, жұмыртқа тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындады. 1953 жылға қарағанда етті 3 есе артық өткізді.

Егіншілік пен мал шаруашылығының өркендеуі нәтижесінде аудан совхоздары жоспарда белгіленген мөлшерден тыс қосымша табыс алып, тиімді шаруашылықтарға айналды. Бұл жұмысшылардың мәдениет дәрежесін көтеріп, тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді. Бірнеше мәдениет үйі, мектеп, клуб, магазин, монша, балалар ясли мен бақшасы, көптеген тұрғын үй салынды. Ауыл-селоның бәріне, отардағы мал жайылымы учаскелеріне электр жарығы орнатылды. Кәзір аудан орталығында қуаты 750 киловатт жаңа электр станциясы салынып жатыр.

Қол жеткен бұл табыстар жетіжылдық жоспар бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаудың бастамасы ғана. Алдымызда әлі үлкен, күрделі міндеттер тұр.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары жетіжылдық жоспардың міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған саяси және ұйымдастыру жұмыстарын күшейте түсуде. Аудандық партия комитетінің бюросы ең алдымен бастауыш партия ұйымдарын нығайтуға, ондағы партия және комсомол активтерін өндіріске дұрыс орналастыруға, совхоздарға қолынан іс келетін жігерлі, ұйымдастыру қабілеті күшті кадрлар жіберуге зер салды. Өткен жылы ғана жастардан 25 адам басшы қызметке, оның ішінде совхоз партия ұйымының секретарьлығына 1 адам, совхоз директорлығына 2 адам, совхоздың бас мамандығына 10 адам жоғарылатылды. Сондай-ақ егіншілік пен мал шаруашылығына да көптеген адам жіберілді.

Аудандық партия комитеті партия, совет активін бұқаралық саяси жұмыстарды міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететіндей дәрежеде ұйымдастыруға бағыттап, олардың жұмысына жанжақты көмек көрсетіп отырады.

Социалистік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін мынадай жұмыстар істедік. Мал төлдету кезінде әрбір саулық қой отарына партия активінен адамдар жіберілді. Олар шопандар арасында бұқаралық саяси, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Төл алудың барысы жөнінде аудандық газет бетінде он күн сайын бюллетень жарияланып тұрды. Онда әрбір шопанның аты-жөні, алған төлінің саны жазылды. Аға шопандар мен әрбір отарға жіберілген партия активінің кеңесі өткізіліп тұрды. Кеңесте төл алудың жайы талқыланды.

Көктемгі егіс, егін орағы кезінде он күн сайын аудан, совхоз, бригада бойынша міндеттемелердің орындалу қорытындысы шығарылып, озат бригадалар мен совхоздарға ауыспалы Қызыл ту берілді. Трактор бригадаларына партия активтерінен үгіт-насихат, ұйымдастыру жұмыстарына көмектесу үшін адамдар жіберілді. Социалистік міндеттемелердің орындалуы жөніндегі мәселе аудандық комитеттің бюросында, пленумында, актив жиналысында, аудандық Советтің атқару комитетінің мәжілісінде, сессияда, әйелдер жиналысында жиі-жиі талқыланды.

Аудандық комитет бастауыш партия ұйымының секретарьларымен үш рет семинар өткізді. Онда ішкі партиялық жұмысты, шаруашылыққа басшылықты жақсарту мәселелеріне басты назар аударылды.

Жұртшылықты социалистік міндеттемелерді орындауға жұмылдыруда Киров атындағы совхоздың бастауыш партия ұйымы едәуір жұмыс істеді. Совхоз коммунистері іске тікелей араласып, табысты қолма-қол ұйымдастырушы болды. Партия ұйымының есебінде тұратын 62 коммунистің 45-сі шешуші учаскелерге жіберілді. Партия ұйымының еңбегі жанды. Киров атындағы совхоз үш жыл ішінде аудандағы ең озат шаруашылықтың біріне айналды. Мал өсіру жөніндегі міндеттемені орындап шықты. Мемлекетке астық, ет тапсыру жоспарын асыра орындады.

Партия ұйымдарының басшылығымен өткен жылы аудан орталығында, совхоздарда экономикалық конференция өткізілді. Оған мамандар, экономистер, ферма меңгерушілері, шаруашылық басшылары қатысты. Конференцияларда негізінен совхоздарды тиімді шаруашылыққа айналдыру, өнімнің түсер құнын кеміту, еңбекті, уақытты үнемдеп жұмсау мәселелері талқыланды. Экономикалық конференциялардың бірінде Киров атындағы совхоздың директоры Нұрғазин, «Қазан» совхозының экономисі Бобровская жолдастар баяндама жасап, өз совхоздарында өнімнің түсер құны қалай кемітіліп, қосымша қанша табыс алынғанын айтты. Мысалы, Киров атындағы совхозда 1 центнер бидай жоспардағы мөлшерден 7 сом, биязы жүн—70 сом, «Қазан» совхозын-

да бидай — 5 сом, мал жайылымындағы 1 центнер қой еті—70 сом арзанға түскен.

Аудан еңбекшілері биыл малды қыстан аман алып шықты. Май совхозының малшылары (директоры Е. Тоқатов, партия ұйымының секретары А. Алтынбеков жолдастар) малды қыстан күйлі шығарды. Ауыл шаруашылығы озаттарының аудандық кеңесінде совхоз коллективіне мал қыстатуды үлгілі өткізгені үшін ауыспалы Қызыл ту берілді. Ауданның басқа совхоздарында да малдың жайы жаман болмады. Өйткені мал азығы жеткілікті даярланды.

Чапаев совхозының № 1 фермасы (менгерушісі Б. Битенов жолдас) малды қыстан күйлі шығарды. Мұндағы шопандардың көпшілігі өрім жастар. Ферманың «Қошқар» учаскесіндегі жастар бригадасы барлық комсомолецтерге үндеу таратып, жетіжылдықтың екінші жылында мол табыс алу жөнінде көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Фермада 50 комсомолец пен жас жұмыс істейді. Аудан жастары оларға қызу үн қосты.

Мал отарында үгіт, саяси-тәрбие жұмыстары онан әрі жақсарту жөнінде бірсыпыра жұмыс істелді. КПСС Орталық Комитеті декабрь (1959 жыл) Пленумының, СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының шешімдерін кеңінен түсіндіру үшін малшылар арасына партия активі жіберілді. Олар әрбір мал отарында лекция оқып, әңгіме өткізді. Аудан орталығындағы көркемөнерпаздар үйірмесі оларға барып үнемі концерт қойып, ойын-сауық көрсетеді.

Мал отарының орталығын жақсарту ісі қолға алынды. Биылғы оқу жылында малшылардың балалары үшін интернаты бар жетіжылдық мектеп ашылды. Электр жарығы орнатылды. Радио байланысы, хат, газет, журнал жеткізу ісі жақсарды. Аудандық мәдениет бөлімінің автоклубтары отардағы малшыларға үнемі кино көрсетіп келеді. Мұнда 4 сауда дүкені жұмыс істейді. Аудандық тұтынушылар одағы малшыларға мезгіл-мезгіл аса қажетті товарлар мен бұйымдар жіберіп тұрады.

Озат малшылардың жұмыс тәжірибесі аудандық газет, малшылардың дүркін-дүркін болып тұратын жиналыстары мен кеңестері арқылы көпшілік арасына таратылады. Биыл Киров совхозының шопаны Қ. Бекбаевтың 50 жасқа толған күні салтанатты түрде атап өтілді. Оған аудан совхоздарының тандаулы шопандары қатысты. Совхоз дирекциясы, қоғамдық ұйымдар шопанға бағалы сыйлықтар берді. Бекбаевтың 25 жыл бойы үзбей шопан болып істегенін еске алып оны Қазақ ССР Жоғарғы Советі Құрмет Грамотасымен наградтады. Жайлауда жыл сайын шопан күнін өткізіп тұру бізде дәстүрге айналды.

Дегенмен малшылардың тұрмыс жағдайын жақсартуда, әсіресе оларды еңбекке ынталандыруда әлі де ойланарлық, ақылдасып кеңесерлік бірқатар мәселелер бар. Мысалы, қиыр мал жайылымындағы шопандар күн ұзаққа мал бағады. Демалыс күндерін пайдаланбайды. Солай бола тұрса да совхоздарда жалақы қорын белгілі норма бойынша бөле келгенде шопандардың алатын жалақысы айына 500 сомнан аспайды. Бұл әрине өте аз. Сондықтан да отардағы малшылар үшін жалақы мөлшерін қайта қараған абзал деп ойлаймыз.

Аудандары мал жайылымы учаскесін Түндік өзені қақ жарып өтеді. Осы өзеннің суын жазғытұрым пайдалану мәселесі облыстық су шаруашылығы басқармасының алдына ертеден бері талай рет қойылса да әлі күнге дейін шешілмей келеді. Егер бұл мәселе таяу уақытта шешілетін болса, жайылымға өзен суын жаю арқылы кең алқапта шабындық жасалар еді. Мұның өзі әрі жайылым жасауға, әрі қыста мал азығын дайындауға мүмкіндік беретіні даусыз.

Шешілмей жүрген мәселенің бірі — отардағы мал қораларының жеткіліксіздігі. Қазір совхоздарда көбінесе қазақы қой өсіріледі. Совхоздардың экономикасын нығайта түсу үшін биязы жүнді қойды да

көбейту керек. Биязы жүнді қой суыққа төзімсіз келеді. Отарда олар үшін белгілі үлгі бойынша қой қораларын салған жөн. Бұл мәселені түбегейлі шешетін уақыт жетті. Осы мақсатпен біздің ауданда тапшы болып отырған шифер, ағаш, цемент сияқты құрылыс материалдары, құрастырмалы тұрғын үй ауданға көбірек бөлінсе жақсы болар еді.

Кәзір жетіжылдықтың екінші жылында аудан еңбекшілері алдында бұрынғыдан да зор міндеттер тұр. Биыл аудан бойынша 28 мың центнер ет, 8000 центнер сүт, 3 960 центнер жүн, 160 мың жұмыртқа алынуға, ірі қара былтырғыдан 8, қой 18, шошқа 16 процент өсуге тиіс. Кәзір біз осы көтеріңкі міндеттемелерді орындау шараларын жүзеге асырып жатырмыз.

Біріншіден құнажын, дөнежін сиырдың, саулықтың, мегежіннің бәрі түгел төлдейтін болады, яғни мал өзінің төлі есебінен өсетін болады. Ол үшін совхоздардағы барлық төлдейтін мал іріктеп алынып, айрықша күтімге қойылады.

Біздің бүгінгі таңдағы негізгі міндетіміздің бірі — барлық қойды биязы жүнді қойға айналдыру. Совхоздарды мемлекетке пайда беретін тиімді шаруашылықтарға айналдырудың бір кілті міне осы. Мұны өткен жылдың тәжірибесі анық көрсетті. Мәселен, совхоздардың көпшілігі-ақ жүннен мол пайда келтірді. Ал, Қиров атындағы совхоздың малшылары жоспардан тыс ондаған тонна жүн қыркып, қосымша 1 800 мың сом табыс алды. Кәзір аудан көлеміндегі барлық қойдың 70 проценттейі биязы, биязылау жүнді қойға айналды.

Екіншіден, малды бордақылау, жайып семірту арқылы мемлекетке семіз ет тапсырамыз. Әсіресе шошқаны көбірек бордақылаймыз. Өйткені мемлекетке берілетін еттің кем дегенде 30 проценті шошқа еті болмақ. Бұл мақсатқа жету үшін етке өткізілетін ірі қараның тірідей салмағы 320, қой—50, шошқа — 90 килограмнан кем болмауға тиіс.

Мал шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойған міндетті ойдағыдай орындау бір жағынан егіншілікке байланысты екені ежелден белгілі. Сондықтан да, ең алдымен, жүгері егісінің көлемін кәзіргіден 1,5 есе ұлғайтып, бұрынғыдан мол сапалы сүрлем саламыз.

Егін шығымдылығын арттырып, малға жемді мол әзірлеудің бірден-бір өнімді жолы — тың игеру. Мұны ескеріп биыл 20 мың гектар тың көтердік. Оған түгел тары егілді. Сонымен тары егісінің жалпы көлемі 53 мың гектарға жетті. Себебі — біздің жер, ауа райы жағдайымызда тары жақсы шығады да мол өнім береді.

Қосымша тың көтеру арқасында биыл егіс көлемі былтырғыдан едәуір артты. 155 мың гектар жерге тек дәнді дақыл егілді. Көктемгі егіс бірсыдырғы тәуір өтті. Кәзір агротехникалық шараларды іске асырумен қатар пішен жинап, егін орағына қызу әзірленіп жатырмыз.

Аудан жұртшылығы өздерінің ішкі мүмкіндіктерін есептей отырып, үстіміздегі жылы әр гектар жерден орта есеппен 10 центнер астық алып, астықтың жалпы түсімін 6 миллион тоннаға жеткізуге, оның 4 миллион тоннадайын мемлекет қоймасына өткізуге уәде берді.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары бұл күндері бүкіл партиялық ұйымдастыру, бұқаралық үгіт жұмыстарды қабылданған міндеттемені абыроймен орындауға бағыттап отыр. Жана іс, озат тәжірибені үйрене, халық арасына кең тарата, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, аудан еңбекшілері социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап шығады.

# Ауыл мәдениетін көркейту жолында

Т. ИШМАҚОВ,

*Қазақстан КП Жәнібек аудандық комитетінің секретары*

Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданы Астрахань, Сталинград және Саратов облыстарымен шектесіп, ұлан-байтақ жерді алып жатыр. Ауданның елді мекендері бір-бірінен қашық орналасқан. Бұл жағдай біздің ауданға құрылыс материалдарын жеткізуге қиыншылық туғызып келді. Соғыс кезінде біздің ауданның бірсыпыра елді жерлері жау авиациясының шабуылына душар болды. Осының салдарынан соғыстан кейінгі жылдары бізде тұрғын үй жетімсіз болып келді. Бірсыпыра колхоздарда, совхоздарда клуб, аурухана, мектеп үйлері болмады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халықтың материалдық және мәдени дәрежесін көтере беру жөніндегі қамқорлығы біздің аудан еңбекшілерінің тұрмысына да игілікті әсерін тигізді. Үкімет пен партияның тұрғын үй мәселесін шешу, мәдени және тұрмыс құрылыстарының қарқынын күшейту, жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану, құрылыста озат әдістерді қолдану туралы белгілеген шараларын жүзеге асыра отырып, ауданның партия, совет және шаруашылық ұйымдары соңғы жылдары бірсыпыра жұмыстар істеді.

Біздің ауданның еңбекшілері қордайлықтардың ауыл-селоның мәдениетін көтеру, мәдени тұрмыс құрылыстарын көп салу жөніндегі бастамасын қызу қолдады. Біз бұл игілікті бастаманы жүзеге асыруда партия ұйымдарының, шаруашылық басшыларының назарын ең алдымен жергілікті құрылыс материалдарын, ішкі мүмкіндіктерді пайдалану ісін ұйымдастыруға аудардық. Біздің жағдайымызда ауылдық жерлерде құрылысты кең жүргізу үшін күйдірілмеген кірпішті және қамыс плиталарын қолдануға бай мүмкіндіктер бар. Соңғы үш жылдың ішінде ғана аудандық өнеркәсіп комбинаты 7 700 шаршы метр қамыс плиталарын жасап шығарды. Мұның өзі көптеген үй, аурухана, балалар мекемесін салуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар өнеркәсіп комбинаты жылына 1 миллиондай кірпіш күйдіретін кірпіш заводын салды. Мұның өзі біздің керегімізді толық қанағаттандырады. Комбинат стол, орындық жасайтын цех ашты.

Биыл кірпіш заводында жаңа жабдықтар орнатылады, осының нәтижесінде еңбек өнімділігі артып, кірпіштің түсер құны арзандайды, завод тәулігіне 25 мыңға дейін, жылына 2—3 миллион кірпіш шығаратын болады. Завод коллективі әрбір 1000 кірпіштің түсер құнын 250 сомға дейін арзандату мақсатын көздеп отыр. Мұның өзі колхоздар мен совхоздарға да тиімді болады.

Өзімізде құрылыс материалдарының бірсыпыра базасы жасалуы және құрылыс материалдары жөнінен мемлекеттің көмегі ауданда мәдениет-тұрмыс және тұрғын үй құрылыстарын күшейтуге және жеке үй салып алушыларға көмектесуге жақсы мүмкіндік туғызды. Колхоздар мен совхоздарға жыл сайын мемлекет көптеген құрастырмалы үйлер, шифер және басқа құрылыс материалдарын беріп отырады. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып, кәзір колхоз, совхоздар және басқа ұйымдар қоғамдық үйлерді, тұрғын үйлерді үлгі-жобамен сала бастады.

Мысалы, 1958 жылы мемлекет бізге 1 миллион сомның құрылыс материалдарын берген болса, өткен жылы аудандық тұтынушылар одағы колхоздар мен совхоздарға 2 миллион сомның құрылыс материалдарын сатты. Оның ішінде 53 стандартты ағаш үй, 2 650 текше метр ағаш, 2 530 текше метр тактай, 24 мың шифер, т. б. құрылыс материалдары бар.

Қазір көптеген колхоздар мен совхоздардың орталықтары, мал жайылым учаскелері клубы, мектебі, ауруханасы, моншасы және басқа мәдениет-тұрмыс орындары бар көрікті поселкелерге айналды.

Мәдениеттің өсуінің негізгі тірегі—шаруашылықтардың экономика жағынан нығая түскені болды. Қазір біздегі әрбір колхоз бен совхоздың жыл сайын құрылыс жұмыстарына миллион сомдап қаржы бөлуге шамасы келеді. Бұл қаржы клуб, мектеп, емхана және тұрғын үй құрылыстарын салуға жұмсалып жатыр. Ауданда мәдени-тұрмыс құрылыстарына жұмсалатын қаржы жылдан-жылға артып отыр. 1953 жылы аудандағы 13 колхоз мәдени құрылыстарды салуға 1 миллион сомға жетпейтін ғана қаржы жұмсаған болса, ал 1959 жылы ауданның 6 колхозы 4 миллион 500 мың сомның құрылыстарын салды.

Осымен бірге колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының мәдени талап-тілектері арта түсті. Қазір колхоз, совхоз шаруашылықтарында орта және жоғары білімдері бар агроном, дәрігер, инженер және басқа мамандар жұмыс істейді. Сол сияқты фермаға, бригадаға жұмыс істеуге білімді жастар келді. Олар мәдениетті жағдайда өмір сүруге ұмтылады.

Осының бәрін ескеріп, колхозшылар тарандықтар мен қордайлықтардың бастамасын қолдай отырып, бөлінбейтін қорға қаржыны көбірек бөлетін болды. Бұл қаржы клуб, мектеп пен медицина мекемелерін және тұрғын үй құрылыстарын салуға жұмсалып жатыр. Ауданның колхоздарында соңғы үш жылдың ішінде малшыларға арнап 736 тұрғын үй салынды. 12 электр станция, 4 мектеп, 6 монша, 4 клуб, 9 интернат, 4 аурухана және басқа көптеген құрылыстар пайдалануға берілді. Аудан орталығынан универмаг, электр станция, интернат, жазғы кино-театр, екі этажды қонақ үй салынды.

1958—1959 оқу жылына мектептерді және балалар мекемелерін жақсы әзірлегені үшін және 5 мектеп үйін, 3 оқу мастерскойын, 4 интернат үйін, спорт зал салу жөніндегі бастамасы үшін біздің ауданға облыстық Совет атқару комитетінің ауыспалы қызыл туы және 30 мың сом сыйлық берілді.

Ауданның колхоздары мен совхоздарында мәдени-тұрмыс құрылыстарына 1959—1961 жылдары 14 миллион 500 мың сом қаржы жұмсалады. Бұл, әрине еңбеккерлердің әл-ауқатын, мәдениетін көтере берудің маңызды кепілі болмақшы. Осы жылдары ауданымызды жаппай электрлендіруді және радиоландыруды қамтамасыз ететін 11 электр станция, 13 радио торабы салынады, аудан орталығында ұзындығы 10 километр су құбыры жүргізіледі.

Мәдени-тұрмыс құрылыстарының қарқыны әсіресе бұл іске жақсы басшылық жасалған, оны шебер ұйымдастыра білген шаруашылықтарда айтарлықтай. Мысалы, ХІХ партсъезд атындағы колхозды алайық. Артель соңғы жылдардың өзінде ғана колхозшылар үшін 80 тұрғын үй, 4 мектеп үйін, монша, электр станция, жөндеу мастерскойын, 20 мал қора, 3 шаруашылық үйін салды.

Бұл колхоз 1953 жылға дейін әлсіз шаруашылықтың бірі болатын. Ол кезде артельдің жылдық табысы 677 мың сом ғана еді. Ауданның партия, совет органдары бұл колхоздың экономикасын жолға қою үшін бірсыпыра ұйымдастыру шараларын жүргізді. Алдымен артельге кадрлар жіберілді, оларға шаруашылықтың ішкі мүмкіндіктерін пайдалануға көмектестік. Әсіресе партияның ХХ съезінен кейінгі уақыттың ішінде колхоз экономикасын ұйымдастыру жақсы жолға қойылды. Колхоздың партия ұйымы мен басқармасы қоғамдық малдың жемшөп қорын нығайтуға, колхоз кадрларын дұрыс орналастыруға, ең озат колхозшыларды, коммунистерді, комсомолецтерді, орта мектепті бітірген жастарды қой шаруашылығына жіберуге ерекше көңіл бөлді. Міне мұның бәрі мал шаруашылығынан алынатын табысты көбейтті.



1958 жылы колхоз 6,5 миллион сом, ал өткен жылы 7,3 миллион сом табыс алды. Мұның өзі кәзір артель мүшелеріне ақыны ақшалай төлеуге мүмкіндік беріп отыр. Артель 1956 жылдан бастап бөлінбейтін қорға жылдық табысының 30 процентін қалдырып келеді. Бөлінбейтін қордың көбеюі артельде тұрғын үй, мәдени-тұрмыс құрылыстарын кеңінен жүргізуге, колхоз аулының мәдениетін арттыруға қаржыны жеткілікті бөлу үшін мүмкіндік берді.

Артель басқармасының председателі У. Сахыпов жолдас өткен жылдың соңғы күндерінде болып өткен КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумының жұмысына қатынасты. Ол өзінің пленумнан алған әсерін, пленумның шешімдерін колхозшылар бұқарасының кең талқысына салды. Сөйтіп артель экономикасын өрге бастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, жетіжылдық жоспарды мал өсіру жөнінен 1963 жылы, мал шаруашылығының өнімдері жөнінен 1962 жылы орындап шығуды көздеген жаңа міндеттеме қабылдады.

Артель экономикасын өсірудің жаңа қарқыны ауыл мәдениетін де жоғары сатыға көтеруге мүмкіндік береді. Артель биылдың өзінде мәдени-құрылыс жұмыстарын жүргізуге 1,5 миллион сом қаржы бөлді. Биыл клуб, 30 тұрғын үй, дәрігерлік пункт, 3 монша, 10 стандартты мал қора салмақшы.

Колхоздың бастауыш партия ұйымы шаруашылық мәселелерімен бірге, партия жиналыстары мен бюро мәжілістерінде ауыл мәдениетін гүлдендіре берудің де келелі мәселелерін талқылап шешіп, оған колхозшылар бұқарасын жұмылдырып отырады.

Ауданымыздың Калинин атындағы колхозының басқармасы мен партия ұйымы да колхозшылардың, механизаторлардың, мал өсірушілердің материалдық және мәдени тұрмысын жақсарту беруге жақсы қамқорлық жасап келеді. Бұдан 4 жыл бұрын бұл колхоздың орталығы партия ұйымы мен артель басқармасының ұсынысы бойынша жаңа орынға көшірілген болатын. Жаңа қоныс табиғи жағынан да, шаруашылықтың мүддесі, темір жолға жақындығы жөнінен де қолайлы болды. Артельдің жаңа орталығына тұрғын және мәдениет үйлері үлгі-жоба бойынша салынды. Мұның өзі орталықтың жинақы, тұрғындар үшін қолайлы болуына жағдай жасады. Мұнда соңғы үш-төрт жылдың ішінде колхозшылар үшін көптеген үйлер, 300 орындық клуб, жетіжылдық мектеп, интернат, шаруашылық құрылыстары салынды. Клубтың салынуы колхозда халық таланттарының өсуіне сеп болып отыр.

Аудандағы жаңа ұйымдастырылған совхоздарда да құрылыс қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Мысалы, соңғы жылдары Орда және Сайхы қой совхоздарының орталықтары адам танымастай боп өзгерді. Орда совхозы темір жолдан 100 километр жерде. Мұның өзі құрылыс материалдарын жеткізуді қиындатады. Осыған қарамай, өткен жылы совхозда 27 тұрғын үй, совхоз кеңсесі, магазин, асхана, 2 монша, 2 мектеп мастерскойы, тұрмыс қажеттерін өтейтін үй, барлығы 1 миллион 660 мың сомдық құрылыс салынды.

Орда совхозының партия ұйымы биыл мал жайылым учаскелеріндегі малшыларды тегіс тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде бастама көтерді. Бұл бастаманы аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқару комитеті қолдап, ауданның барлық шаруашылықтарына кеңінен таратуды ұйғарып отыр. Кәзірдің өзінде Орда совхозының орталығынан 20-ға жуық ағаш үй тұрғызылды, ал малшыларға арналып 50-ден астам үй салынып жатыр. Мұнда совхоз орталығын көгалдандыруға, ағаш отырғызуға ерекше көңіл бөлінген, биылдың өзінде 2 гектар жерге жүзім отырғызылды. Совхоз Шәпи мал жайылым учаскесінде клуб, бірнеше үй және электр станциясын салып жатыр.

Сайхы совхозының орталығы Сейтқалы деген жерден салынып жатыр. Мұнда өткен жылы көптеген тұрғын үйлермен бірге бастауыш мектеп, дәрігерлік пункт, монша, электр станциясы салынды. Ал биыл 150 орындық клуб салына бастады.

Ауыл мәдениетін көркейте беру ісінде мәдени-ағарту мекемелерінің маңызы зор. Біздің ауданда 36 мәдени-ағарту мекемесі жұмыс істейді. Оларда орта және арнаулы білімдері бар 56 қызметкер бар. Өткен жылы мәдениет мекемелері еңбекшілерге мыңнан астам кино, 80 концерт көрсетті. Қазір колхоздар мен совхоздарда 10 би, 10 драма, 13 хор үйірмесі, 4 домбыра оркестрі ұйымдастырылған. Екі рет акындар айтысы және басқа мәдени шаралар өткізілді.

Аудан еңбекшілері арасында мәдени-көпшілік жұмысының жақсаруы олардың еңбектегі белсенділігін арттыра түсті. Біздің тандаулы шопандарымыз Е. Есімов, Г. Абдолов, А. Бөкеев, Б. Әжібаев, У. Момынов, Д. Есполов, У. Сыдықов және басқа көптеген шопандар әрбір 100 саулықтан 120—143 козы алды, әр қойдан 3,5—4,5 килограмнан жүн қырықты.

Мәдени ағарту мекемелері жұмысының жандануы халықтың мәдениетке, көркемөнерге талабын арттыра түсті. Олардың арасынан таланттардың шығуына жағдай жасады. Биыл жыл басында біздің ауданның көркемөнер коллективтері облыстың орталығында өздерінің өнерін көрсетті. Көптеген мал өсірушілер, механизаторлар, ауыл интеллигенттері өздерінің таланттарымен жарқ етті. Аудан еңбекшілері құрамында 60 адамы бар домбыра оркестрінің концертін ықыласпен тыңдады. Байқаудан біздің ауданның көптеген таланттары бәйге, диплом, грамота алып қайтты.

Колхоздар мен совхоздарда еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету, мәдени-тұрмыс құрылыстарын салу жөнінде қол жеткен кейбір табыстар ең алдымен партия, совет және қоғамдық ұйымдардың бұл іске көңіл бөле бастағанының нәтижесі. Бұл мәселе аудандық партия комитетінің бюросында, пленумында, аудандық Совет атқару комитетінің мәжілістері мен сессияларында жиі-жиі қаралып, тиісті шаралар белгіленіп тұратын болды.

Аудан еңбекшілері биыл — жетіжылдықтың екінші жылы шаруашылықты өркендетумен бірге мәдени құрылыстарын салу жөнінде де нақты міндеттемелер қабылдады. Колхоздар мен совхоздарда 5 миллион 367 мың сомның құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде 1 миллион 630 мың сом мәдени-тұрмыс орындарын салуға, 2 миллион 519 мың сом тұрғын үй құрылысына жұмсалады. Осының нәтижесінде биыл аудан орталығынан еңбекшілердің тұрмыс қажеттерін өтеу комбинаты, мектеп-интернат және колхоздар мен совхоздарда 4 сегізжылдық мектеп, 2 бастауыш мектеп, 2 спорт залы, 3 колхозшылар үйі, 4 клуб, 6 аурухана, 6 электр станциясы, үш жүздей тұрғын үй және тағы басқа құрылыстар салынады.

Мәдени тұрмыс құрылыстарын салу және еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету жөніндегі істе елеулі кемшіліктер де бар. Құрылыстар салу барлық жерде бірдей үлгі-жоба бойынша жүріп жатқан жоқ. Сол сияқты құрылыс жұмыстарының қарқыны әлі де баяу. Мұның себебі біздің құрылысшыларымызға тиісті ұйымдар мен мекемелер техникалық документтер мен жобаларды уақытында жіберіп отырмайды.

Ауданның кейбір ірі елді жерлерінде халыққа мәдени қызмет көрсету, олардың тұрмыс қажеттерін өтеу жөніндегі жұмыстар әлі де мардымсыз. Аяқ киім және киім тігетін мастерскойлар, шаштараздар жоқ. Кейбір колхоздар мен совхоздарда балалар бакшасы мен яслилері жетпейді, мектептерде ұзартылған оқу күні ұйымдастырылмаған. Міне осылардың салдарынан аналар қоғамдық еңбекке түгел қатынаспайды.

Ауылдық жерлерде құрылыс жұмыстарының сапасын жақсартып, қарқынын күшейтуде колхозаралық құрылыс ұйымдары үлкен роль атқарады. Сондықтан біз кәзір осындай ұйымдарды құру жұмысымен шұғылданып жатырмыз.

КПСС Орталық Комитетінің «Партиялық насихаттың кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында еңбекшілердің арасында саяси-тәрбие, мәдени-көпшілік жұмыстарын жақсарту берудің, олардың талап-тілектерін қанағаттандырып отырудың айқын жолдары көрсетіліп берілген. Біздің ауданның партия, совет ұйымдары партияның Орталық Комитеті белгілеген шараларды жүзеге асыра отырып, еңбекшілерге саяси тәрбие беру, ауыл мәдениетін көтере беру жөнінде аянбай қызмет етеді. Мұның өзі еңбекшілер бұқарасын коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыруға жұмылдыра түседі.

---

# Сын және библиография

## Батыс герман жалақорларының Қазақстан, Орта Азия республикалары туралы өсегі

Герман фашизмінің басқыншылық жоспарын дәлелдеу үшін айына бір рет шығарылып тұрған «Цайтшрифт фюр геополитик» журналы— Германия империалистерінің идеологиялық құралының бірі. Бұл журнал өзінің атына сәйкес геополитиканы насихаттайды. Геополитика—ғылымға ешбір жанаспайтын реакцияшыл теориясымақ. Бұл «теория» қоғам өмірінің тағдырын әлеуметтік-экономикалық қатынастар емес, географиялық орта шешеді дей отырып, герман империализмінің әсіресе герман фашизмінің басқа елдердің жерін жаулап алуы дұрыс деп дәлелдеуге бағытталған.

Журнал 1924 жылдан шыға бастады. Ол өзінің 1936 жылғы екінші санында былай деп жазған еді: «Орыс Орта Азиясы... Европа саясатының ең ортасынан орын алатын күн алыс емес». Ол уақытта батыс мемлекеттердің империалист шонжарлары да осы «тілекте» болғаны мәлім. Бірақ олар Қазақстанды, Орта Азия халықтарын отарлау саясатына, болашақта олардың тағдырын империалистердің ойыншық ету әрекетіне Ұлы Октябрьдің үзілді-кесілді тыйым салғанын есепке алғысы келмеді. Герман фашизмі өзінің арам ниетін орындай алмады да, Совет Одағы Ұлы Отан соғысында оның күлін көкке ұшырды.

Бірақ кәзіргі уақытта Батыс Германияда фашизм тағы бас көтерді, агрессияшыл фашизм идеологиясы жандана бастады. Совет еліне қастық жасау Германияның монополиялық империализмінің тағы да мемлекеттік идеологиясына айналып отыр. Батыс Германияның билеуші тобы қол астындағы батыс герман халқын Совет Одағы халықтарына айдап салу үшін, оны Совет Одағына және социалистік лагерьдегі барлық елдерге қарсы басқыншы соғысқа психология жағынан даярлау үшін қолынан келгенін аяп отырған жоқ. Совет еліне қарсы насихат таратуда «Цайтшрифт фюр геополитик» журналы ерекше орын алады. Оның бетінде Орта Азия республикалары, Қазақстан жөнінде толып жатқан өсектер мен жала жиі кездеседі.

Бұл журналдың тарихы герман фашизмінің тарихымен тығыз байланысты. Ол шыққан күннен-ақ герман фашизмінің Совет Одағын, Европа, Африка, Азия, Таяу және Орта Шығыс, Латин Америкасы елдерінің жерін жаулап алуы керек екенін уағыздады. Геополитиканы Гитлер үкіметі өзінің соғысқұмар саясатына тірек етті, ал «Цайтшрифт фюр геополитик» соның ресми органы болып алды. 1945 жылы гитлершіл Германия күйрегеннен кейін жабылып қалған осы журнал 1951 жылы тағы шыға бастады. Журналдың бұрынғы аты сақталумен бірге оның мұқабасында да, мазмұнында да гитлершілер үстем болып тұрған кездегіден ешқандай айырма жоқ.

Журналдың беттері Совет еліндегі және басқа шет жұрттағы шығыс халықтарына өшпенділікке толы. Ол: герман империалистері отар ел жаулап алмай өсіп-өркендей алмайды деп ашықтан-ашық айтып келеді. Мысалы, 1959 жылы апрельде шыққан санында журнал кәзіргі дүниеде «геополитика дүниежүзілік капитализмнің құралы ретінде... капиталистік, отаршылдық тұрғыны сақтап қалуға тырысады» деді.

Журналда аты шулы Герхард фон Менде деген біреудің «Қазақстан» атты мақаласы жарияланды. Герхард Менденің өзі кім? Ол кезінде Гитлерге адал ниетімен қызмет еткен фашист. Менде кітаптары мен мақалаларында Қазақстанның, Орта Азия халықтарының тұрмысы туралы әртүрлі жалған хабар таратып, неміс халқының санасын уландыруға, Совет еліне қарсы қастандық әрекетті өршітуге барлық күшін жұмсады. 1941 жылдан 1945 жылға дейін Герхард фон Менде Розенбергтің шығыс елдері министрлігінің бөлім бастығы болып істеді. Онда орыс емес ұлттардың, ең алдымен бүкіл советтік шығыс халықтарының мәселесімен шұғылданған еді. Соғыс біткеннен кейін де ол Батыс Германиядан баспана тауып, күні бүгінге дейін Советтік шығыс халықтарының тұрмысы туралы өтірік-өсек таратуды кәсіп етіп келеді.

Ол, әрине, Советтік Қазақстанның, Орта Азия республикаларының өмірінде болған аса зор өзгерістерді түгел бекерге шығара алмайды. Ол бұл республикаларда көптеген өнеркәсіп орындарының, жер суару жүйесінің салынғанын, тағы басқа көп жұмыстар істелгенін мойындайды. Бірақ осы тәрізді әлемге әйгілі шындықты жасыра алмайтын болған соң, ол енді осы шындықтың өңін айналдыруға ұмтылады. Ең алдымен жаңағы келелі жұмыстардың бәрі «Түркстан халқының тұрмыс халін жақсарту үшін жүргізілмеді», мұндағы халықтардың «тұрмыс халі революциядан бұрынғы дәрежесінен төмендеп кетті» деп көріне қисынсыз өтірік айтады. Мәселен, ол Қазақстанда мал өсіруші шаруалардың көшпелі немесе жартылай көшпелі қалпының жойылғандығынан, индустрияландырудың салдарынан олардың тұрмыс жағдайы нашарлады, өйткені индустрияландыру халықты пролетарландыруға, яғни кедейлендіруге апарып соғады ғой, деп көкиді. Ол «коллективтендіру де қазақтарға жат нәрсе еді» дегенді айтады.

Шындығында Октябрь революциясынан бұрынғы көшпелі халық кәзір индустрияландыру мен коллективтендіру нәтижесінде қоныстанған іргесі берік ел болғанда, күні кеше тұрпайы тәсілмен бірыңғай мал бағып келген малшылар бүгін күрделі техниканы меңгеріп, көп салалы шаруашылықты өрістетіп отырғанда, бұрын түгелдей дерлік сауатсыз халық бүгін жаппай сауатты болып отырғанда, сан мыңдаған ғалымы, инженері, агрономы, зоотехнигі, дәрігері, оқытушылары бар мәдениетті республикаға айналғанда, кешегі патшалық Россия тұсында ат-түйемен «айшылық сапар шеккен» жұрт бүгін автомобиль мен поездға отыруға, қаласа реактивті самолетпен ұшуға мүмкіншілік алып отырғанда — сол халықтың тұрмысы бұрынғыдан кәзір нашарлап кетті деп қазақ халқының тек Менде сықылды қас жаулары ғана айта алады. Дұрысында кәзір Совет елінен өзге жердегі Шығыс елдерінен, бірсыпыра «мәдениетті» деп жүрген капиталистік елдерден Қазақстан экономика, мәдениет, халықтың әл-ауқаты жағынан әлдеқайда озып кетті.

Герхард фон Менде қазақ әйелдерінің коммунизм құрылысындағы ролі мен орны жөнінде де батысгермандық оқушылардың көзін бояп отыр. Совет әйелдерінің Совет Одағының тең праволы азаматтары бола отырып, еркектермен бірдей еңбек ету, білім алу, тынығу сияқты барлық праволармен пайдаланатыны күллі дүниеге белгілі. Бірақ кешегі гитлершіл фашист мұның бәрін былай қойып, Совет елінде «барлық әйелдер міндетті еңбек етеді» деп соғады. Ол «орыс пен қазақ халқы арасында кикілжің бар» деген жалған қауесетті таратады. Сөйтіп бір кездегі гитлершілер сияқты ол да өзінің арам ойын жұртқа шындық ретінде ұсынып жүр. Бірақ өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам емес пе!

Біздің көп ұлтты мемлекетте барлық ұлттар арасында нағыз туысқандық достық берік орнады. Сол мызғымас ұлы достық арқасында еліміз социализмді ойдағыдай толық та түпкілікті орнатты, Ұлы Отан соғысында герман фашизмі талқандады, кәзір коммунизм құрылысын кең көлемде жүргізіп отыр. Осы тарихи жеңістер совет халықтары дос-

тығының жемісі екенін және сол мызғымас шын достыққа қол артқан социалистік Отанымыздың дүние жүзінде аса қуатты ұлы мемлекетке айналғанын және солай бола беретінін біз жақсы білеміз.

«Цайтшрифт фюр геополитик» журналы аты шулы буржуазияшыл ұлтшыл Баймырза Хаитты қызметке алған. Ол гитлершіл Герхард фон Мендемен бірлесіп, батыс герман кекшілдеріне қызмет етеді. Ол тіпті Совет Одағына қарсы кітап жазуға көп көмектескенін білдіріп, Мендеге алғыс айтады. Өзінің «Цайтшрифт фюр геополитик» журналында басылып шыққан «Совет Одағындағы Түркстан» деген мақаласында Хаит Қазақстан, Орта Азия республикалары халықтарының тұрмысын жамандауға бар күшін жұмсайды. Ол Коммунистік партияға, социалистік құрылысқа, халқымызға жала жабады. Өзінің «советтендіру», «орыстандыру» жөніндегі өсек-аяның айта келіп Қазақстанда, Орта Азияда ұлт тілдері тең правомен пайдаланбайды, «орыс тілі ғана мемлекет тілі болып саналады» деп босқа лағады. Бұл өсегін растауға Хаит ешбір дәлел келтіре алмайды. Ал шындығында Совет мемлекетінің Негізгі заңында былай деп жазылған: «СССР азаматтарының ұлты мен нәсілі қандай болса да, шаруашылық, мемлекет, мәдениет және қоғам-саясат тіршілігінің барлық саласында олардың тең праволы болуы—бұлжымайтын заң. Нәсілі мен ұлтына қарап азаматтардың праволарына тура я жанамалап шек қоюшылықтың, не болмаса, керісінше, оларға тура я жанамалап өзгеден ерекше артықшылық туғызудың қандайын болса да; сол сияқты нәсіл мен ұлт ерекшелігін немесе нәсіліне не ұлтына қарап жек көрушілікті және кемсітуді уағыздаудың қандайын болса да — заң жазалайды».

Совет Одағында барлық ұлттар мен халықтар шын мәнісінде тең праволы, мұнсыз олардың еркін өсіп-өркендеуі мүмкін болмас еді. Әрбір республикада жергілікті ұлт тілі жалпы мемлекеттік тіл—орыс тілімен бірге мемлекет тілі болып саналады.

Буржуазияның бұл итаршысының айла-амалы алуан түрлі. Ол тіпті біздің «кітапханаларда революциядан бұрын шыққан кітап атымен жоқ», ал халық ісмерлері жасаған заттар «көпте заманның көркемөнерінің қымбатты үлгісі ретінде музейлерден алынып, Москваға жөнелтіліп жатыр» деген өсек таратуға дейін барды. Дегенмен ол өзі ойлап шығарған қисынсыз өтірігін «дәлелдеу» үшін бірде-бір мысал келтіре алмайды. Өйткені өмірде ондай мысал жоқ.

Бұл сияқты өтірік-өсекке шет ел оқушыларының өзі де сенбейтін болды. Орта Азияда болып қайтқан адамдар халқымыздың ұлт мәдениеті мен көркемөнерінің, күллі рухани өмірінің байлығын айтып жете алмайды. Мысалы, мұнан бірнеше жыл бұрын келіп қайтқан түрік журналисі Зекерия Сертель былай деп жазады: «Мен Өзбекстан мен Қазақстанда болғанымда біздің дүниеден хабарымыз жоқтың қасы екенін ерекше айқын аңғардым. Біз өзіміз көптен бері білеміз деп жүрген өзімізге түп тегі жақын халықтар туралы түк білмейтінімізді түсіндім... Қазақстан жоғары мәдениеттің орталығы екен».

Батыс Германияның осы кездегі геополитиктері Совет Одағының халықтарын «өрісі тар» адамдар, олар «ғасырлар бойы бөлектеніп» үйренген деп жұртты сендіруге тырысады. Журнал былай деп жазады: «орыстар да, басқа халықтар да тек орыс тілінде сөйлеседі, олардың дүниедегі өзге тілдерден хабары шамалы» сондықтан «басқа халықтарды, олардың тілі мен әдебиетін түсіне алмайды». Батыс герман геополитиктерінің осы сынды жаласын совет халқының тұрмысы, өмір шындығы толық бекерге шығарып отыр. Өзге халықтан іргесін аулақ салып, томаға-тұйық болу еліміздің халықтарына мүлде жат нәрсе, қайта қай елдің болса да халқының басым көпшілігі болған еңбекшілеріне совет халқының бауырмалдығы, жақындығы ерекше көзге түседі. Совет мемлекетінің барлық халқы басқа елдер халқын, олардың мәдениетін, дәс-

түрін, тілін сияйды. Шет ел халықтарының тілін білу дүние жүзі мәдениетінің қазынасына, халықтар достығына жол ашады. Сондықтан да біздің елде шет ел тілдері мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында көптен бері оқылып келеді. Бізде шет ел тілдерін оқытатын арнаулы институттар да аз емес. Қазақстанның, Орта Азия республикаларының көптеген мәдени және ғылыми мекемесі социалистік елдердің және капиталистік елдердің ғылыми мекемелерімен үнемі қатынас жасап отырады. Ал шет ел жазушылары шығармасының бізде халық арасына өте көп тарайтыны дүние жүзіне аян.

Батыс герман геополитиктері Советтік Шығыс республикаларындағы қоғам құрылысына жала жабу үшін толып жатқан айла жасайды. Мәселен, «Цайтшрифт фюр геополитик» журналында Арслан Бодановикз деген біреудің «Москва және ислам. Қызылдар, ақтар және мұсылман халықтары жаңа экономикалық саясаттың ақырғы кезеңіне дейін» деген мақаласын жариялады. Буржуазияның бұл жалдамалы қаламгері орыс шаруалары мен өзге ұлт шаруалары арасында дін негізінде алақөздік, жанжалдар болды деп дәлелдегісі келеді. Совет өкіметінің азамат соғысы кезінде жүргізген әлеуметтік және шаруашылық шараларын, деп жазады ол, «орыс халқының көпшілігі қуана-қуана қабыл алса, мұсылман халықтары мейлінше қарсы болды, өйткені бұл өзгерістер олардың көне заманнан бері қасиеттеп келе жатқан әлеуметтік тәртібінің негізін бұзған еді». Сөйтіп ол Советтік шығыс халықтарының жаңа социалистік өмір орнату жолындағы революциялық күресінің тарихын осылайша теріс түсіндіреді, өзінің Орта Азия республикалары халықтарының бүгінгі өмірін де, тарихын да мүлде білмейтінін, ал білсе әдейі өңін айналдыратынын көрсетеді. Ол совет өкіметін орнатуға қарсы болған дәурені өткен қанаушы таптардың, буржуазияшыл ұлтшылдардың болмашы тобырын барша халыққа теңейді. Дұрысында еңбекші халық сол қанаушылардың үстемдігін құлатып, өз өкіметін орнатты.

Автор совет өкіметінің діншілдерге көзқарасы жөніндегі ап-айқын мәселені де шатастырмақ болады. Оның айтуынша, біздің мемлекет 1919 жылы ақгвардияшылар мен шет ел әскерлерінің қоршауында болғанда «әлеуметтік өзгерістерден, дінге қарсы саясат жүргізуден уақытша бас тартып, Россияның оңтүстік-шығысында тұратын Мұхамбет дініндегі халықтармен келісім жасады»-мыс, ал ақтарды талқандағаннан кейін совет өкіметі дінге қарсы саясат жүргізіп, Мұхамбет дінін қудалады-мыс, діншілдерге танк пен самолеттерден оқ жаудырды-мыс.

Мұның да шылғи өтірік екені айқын. Октябрь революциясының алғашқы күнінен бастап-ақ Коммунистік партия мен Совет үкіметі ұлт мәселесін дұрыс шешуге ерекше көңіл бөлді. Совет үкіметінің 1917 жылы 15 ноябрьде қабылдаған «Россия халықтары праволарының Декларациясында» Россия халықтарының теңдігі мен суверендігі; Россия халықтарының өз тағдырын өзі шешуге тіпті бөлініп, дербес мемлекет болуға дейін праволылығы; ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен шек қоюшылықтың қандайын болса да толық жою; Россияны мекеңдеген аз ұлттар мен этнографиялық топтардың еркін дамуға праволылығы жарияланды. Бұл принциптер тек жарияланып қана қоймай, іс жүзіне асырылды. Совет Одағында мұсылман болсын, христиан болсын, —қай діндегі адам болмасын — бәрі де Совет Одағы азаматтарының барлық правосымен бірдей пайдаланады және социалистік мемлекетіміздің патриоты болып табылады. Мұны социалистік құрылыстың барысы, герман фашизміне қарсы ұлы Отан соғысы толық растады.

Батыс герман геополитиктері Азия, Таяу және Орта Шығыс, Советтік Шығыс мәселелерімен шұғылданғанда герман империализміне Шығысқа қарай жол салуға теория жағынан көмектеседі және оның шапқыншылық әрекетін идеология жағынан ақтауға тырысады. «Цайтшрифт фюр геополитик» журналы фашистердің «өмір кеңістігі», Европа

елдерінде «жер жетіспейді», «халық көп» дегендер сияқты лақабын қайта уағыздауды көздейді. «Өмір кеңістігін» ең алдымен Совет Одағы есебінен таппақшы болады. Журнал Совет Одағы туралы былай деп жазады: «Табиғат байлығы көбінесе әлі зерттеліп болған жоқ және ол тұрпайы әдіспен өңделуде...» Осы сияқты ойдан шығарылған өтіріктерді айта келіп, Совет Одағына қарсы сескенбей-ақ соғыс ашуға болады деп герман кек алғыштарын жаңа соғысқа шақырады.

Кәзір Батыс Германиядағы жағдай Гитлердің тұсындағыдай болып отыр. Жоғарыда аталған журналдың Гитлер кезінде шыққан номерлерін карап отырсаңыз, оның неміс халқына Советтік шығысты неғұрлым тұрпайы етіп көрсетуге тырысқанын айқын көресіз. Журнал Совет Одағында шешілген ұлт мәселесінің барынша өңін айналдыруға, Советтік шығыс халықтарын құбыжық етіп көрсетуге бар күшін салып баққан Мәселен, ол кезде «Памирден Еділге, Каспий теңізінен Байкалға дейінгі көп жерді тағы мұсылмандар алып жатыр» деп жазды журнал. Фашистік Германияның Совет Одағына қарсы шабуыл жасау алдында-ақ журнал Совет Одағының барлық халықтарын, соның ішінде қазақ, өзбек халықтарын «төмен нәсіл» ретінде сипаттады, олар «жоғары нәсілге» — немістерге құл болуға тиіс деп білді.

Қанішер Розенберг қырық ұру буржуазияшыл ұлтшыл қашқындардың жағдайымен өзі шұғылданып, оларды бізге қарсы зұлымдық әрекетке әзірледі. Ол қашқындардың газет-журналын ұйымдастыруға қамқорлық жасады. Бұл газеттер ұлт республикаларында жүргізіліп жатқан социалистік құрылыс жұмыстарының өңін айналдырып, жаңа, бақытты өмір құрып жатқан халықтарға жала жабумен болды. Бұл әрекетті Геббельс өзінің адам баласына өшіккен арам ниет насихатына көмекші етті.

Гитлершілер советтік шығыс республикаларын жойып жіберуді көздеді. Мұны фашист баскесерлердің өз сөзі растайды. Фашистік Германия опасыздықпен Совет Одағына шабуыл жасасымен-ақ Розенберг былай деп жазды: «Европада совет өкіметі соғыста күйрегеннен кейін Орта Азиядағы совет өкіметін тіпті шағын күшпен де жоюға мүмкіншілік туады». Ал шығыста жапон соғысқұмарлары Совет Одағының азиялық бөлегін, соның ішінде Қазақстанды, Орта Азия республикаларын басып алуға әзірленген-ді.

Бұл арада ағылшын империалистерінің де Советтік шығысты басып алу ниетінде болғанын айта кету керек. Бұл ретте әсіресе Иден ерекше белсенділік көрсетті. Бірақ герман фашизмі де, басқа империалистер де Совет Одағының азат халықтарының мойнына құлдықтың бұғауын кигізе алмады. Даңқты Коммунистік партия мен Совет үкіметі бастаған совет халқы соғысқұмар басқыншыларға күйрете соққы берді.

Бірақ Батыс герман империалистері тарих сабағын ұмытып, социализм елдеріне қарсы тағы жорыққа шығуға ниеттеніп отыр. Аденауэр үкіметінің жанында халықты соғысқа психология жағынан даярлайтын тіпті арнайы мекеме бар. Одан қашқан, бұдан қашқан өңкей ұлтшыл жексұрындар, ақгвардияшылар тағы басқалар осы мекеменің төңірегіне топтасулы. Олар «Ауып келгендер одағы» және «Жерлестер одағы» деген ұйымдарға бірігіп, Бонн үкіметінен қаражат алып отыр. Ал геополитиктер Батыс герман империализмінің осындай шараларын қостап, қоғам пікірін басқыншы соғысқа бейімдеп, баулымақ болады.

Буржуазия идеологиясының социализмге қарсы күресінің қандай түріне болса да жол бермей, оны үнемі әшкерелеп отыру керек.



## СЫН ЖӘНЕ ӨЗАРА СЫН КЕН ӨРІСТЕТІЛСІН

№ 1 автобаза партия ұйымының жанынан құрылған партиялық бақылау комиссиясы автобазада автомашиналардың техникалық жайы төмен екенін, көптеген автомашиналар мен автоприцептердің бөлшектеніп, талан-таражға түсірілгенін және запас бөлшектердің жұмсалуына ешқандай бақылау жоқ екенін, автобазаның бұрынғы бас инженері Королевтің жүк машиналарын өзінің жеке мүддесіне пайдаланғанын және басқа кемшіліктерді ашты.

Бірақ облыстық автотрестің басшылары бұл кемшіліктерге кінәлі адамдарды жазалаудың орнына, оларды қорғап қалуға тырысты. Ал автобазаның жаңа бастығы Мочалкин жолдас кемшіліктерді ашуға қатынасқандарды төменгі жұмысқа ауыстырған.

Петропавл қалалық партия комитеті № 1 автобаза партия ұйымының жоғарыдағы шешіміне көңіл бөлмеді. Оны уақытында қарап, шара қолданбады.

Жақында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы бұл мәселені қарап, автобазаның бастығы Мочалкин жолдасқа сынға қысым жасағаны үшін сөгіс жариялады. Қалалық партия комитетінің секретарьлары Полипов және Мухамед-Рахимов жолдас-

тарға олардың партиялық бақылау комиссияларының дабылына назар аудармағанын атап көрсетті.

## ӨНДІРІСПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ЖАСАЛСЫН

Қарағанды қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде политехникалық институттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының өндіріспен байланысы туралы мәселе талқыланды.

Институт кафедраларының ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі де өндірістің бүгінгі талабына сай емес. Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түссер құнын кеміту, өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру, циклдық графика енгізу сияқты маңызды мәселелер зерттеліп шешілмеген. Ғылыми қызметкерлер өндіріс озаттарының тәжірибелерін қорытып, тарату ісіне нашар қатынасы келеді.

Қалалық партия комитетінің бюросы институт дирекциясы мен партия бюросының назарын ғылыми-зерттеу жұмыстарының өндіріспен тығыз байланыстырып отыруға аударды. Сонымен бірге Қарағанды көмір комбинаты мен Қарағанды шахта құрылыс тресінің бас инженерлеріне, техникалық бөлімдерінің бастықтарына ғылыми мекемелер ұсынған жаңалықтарды өндіріске жедел енгізіп отыруды жүктеді.

## «ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ДАБЫЛЫНАН KEЙІН

### «ПАРТИЯ НАСИХАТЫНЫҢ АЙБЫНДЫ ПРОГРАММАСЫ»

Осы тақырыппен журналымыздың 1960 жылғы екінші номерінде редакциялық мақала жарияланған еді. Онда лекциялық насихаттың жеке кемшіліктері жөнінде Гурьев облысы, Теңіз аудандық партия комитетінің атына сын айтылған еді. Аудандық комитеттің бюросы осы мақаланы талқылап, сын дұрыс деп тапты, әсіресе мал жайылым учаскелерінде лекциялар мен баяндамалардың өте аз оқылатынын атап көрсетті. Осы редакциялық мақаланы талқылау үстінде ауданның «Еңбекші», «Красный Каспий», Калинин, Киров атындағы колхоз бастауыш партия ұйымдарына, Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының аудандық бөлімшесіне лекциялық насихатты жақсартып, оның идеялық дәрежесін арттыру тапсырылғанын Қазақстан КП Теңіз аудандық комитетінің секретары М. Халелов жолдас редакцияға хабарлады.

1141249

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов,  
Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкел-  
дин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секре-  
тарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:

Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

9/VI-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—2,5 қ.—6,85 авт. т.

## 1960 ЖЫЛДЫҢ БІР МИНУТЫ

Әдетте 1 минут уақытқа онша мән беріле қоймайды. Ал шындығында елімізде минут сайын көп нәрсе істеледі. Сондықтан оның маңызын, маңызын біліп алған абзал.

\* Жетіжылдықтың екінші жылында СССР-де әрбір минут сайын 123 тонна болат балқытылады. Бұдан 88 аттың күші бар қуатты 11 трактор жасап шығаруға болады. Ал 106 тонна болат 118 «Москвич» машинасын жасауға жетеді.

1960 жылы домнашылар минутына 90 тоннадай шойын қорытады. Мұндай мөлшердегі металл еліміз 1928 жылы 15 минутта, 1932 жылы 8 минутта, 1940 жылы 3 минутта қорытып шығарған еді.

\* Биыл елімізде тек бір минут ішінде 100 мың текше метрден астам газ шығарылмақ, бұл мың адам халқы бар селоның тұрмыс қажетін бір жыл бойы өтеуге жетеді.

\* Біздің электршілер бір минутта 550 мың киловатт-сағаттан астам электр қуатын өндіреді; мұнымен жыл бойы 15 шахтаны электр қуатымен қамтамасыз етуге болады.

\* Үстіміздегі жылы кеншілер бір минутта көмірді соғыстан бұрынғы 1940 жылғыдан үш есе көп шығарады.

\* Біздің тоқыма кәсіпорындарымыз минут сайын 20 мың метрдей әртүрлі мата тоқып шығарады.

\* Аяқ киім өнеркәсібінде бір минутта 1000 пар былғары аяқ киім шығарылады. Аяқ киім фабрикаларының жұмысшылары әрбір сағат сайын 60 мың адамға аяқ киім тігіп, әзірлейді.

\* 1960 жылы елімізде әрбір екі минутта 9 пәтер салынады. Әр сағат сайын 1 100-ден астам совет адамы жаңа пәтер алады!

\* Биылғы жылғы бір минут дегеніміз — бұл 273 тонна мұнай, 41 автомобиль дөңгелегі, 33 тоннадан астам минерал тыңайтқыштары, 1 350 данадан астам трикотаж бұйымдары деген сөз! Бір минут ішінде бір жаңа автомашина жасап шығарылады.

\* Еліміздің барлық жұмысшылары мен қызметшілері жұмыс уақытының бір минуты 130 мың адам-күнне тең.

## ЖЕТІЖЫЛДЫҚТЫҢ БІР МИНУТЫ

\* Жеті жылдан кейін Совет Одағында бір минут ішінде 170—175 тонна болат балқытылады. Мұндай мөлшердегі металдан 300-ден астам токарь станогін жасауға болады.

\* 1965 жылы бір минут ішінде елімізде 96 мың киловатт-сағаттан астам электр қуаты алынады.

\* 1959—1965 жылдары Совет елінде мемлекет есебінен және мемлекеттің көмегімен халықтың есебінен жалпы көлемі 650—660 миллион шаршы метр тұрғын үй немесе 15 миллиондай пәтер салынады. Бұл жетіжылдықта минут сайын орта есеппен алғанда 4 пәтер салынады деген сөз!

\* 1965 жылы бір минут ішінде 2 мың тоннадан астам көмір шығарылады, 125—135 тонна шойын қорытылады, 2 трактор, 3 автомобиль жасап шығарылады.

\* 1913 жылы 1 сағат ішінде қанша өнеркәсіп өнімі шығарылса, 1965 жылы 4 минут ішінде сонша шығарылады.

\* Еліміздегі әрбір жұмысшы жұмыс үстінде күніне 5 минутты босқа өткізетін болса, жылына 3 күннен астам уақытты босқа өткізген болады. Ал егер жұмыс уақытының 5 минутын өнімді пайдаланса, онда еңбек өнімділігі бір процент артады.

Үгітші! Өзіңіз жұмыс істеп жүрген кәсіпорында, колхозда, совхозда 1960 жылы және жетіжылдықта бір минут уақыт не беретінін есептеп шығарыңыз! Мұны жұмысшыларға айтып беріңіз!

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН  
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**

**ЖУРНАЛЫНА 1960 ЖЫЛДЫҢ  
ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА  
ЖАЗЫЛЫП ҚАЛЫҢЫЗДАР**

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақала, лекция және консультация жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмысы жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының тәжірибесі қорытылады.

Журналда жергілікті газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолу, жаңа кітаптарға рецензия жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрағына жауап беріледі.

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

6 айға — 12 сом,

3 айға — 6 сом.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.